**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 сәуір N 176-II

Алматыда 1994 жылғы 25 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы негізгі келісім Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақтан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының арасындағы Ынтымақтастық туралы негізгі келісім

*(2001 жылғы 25 сәуірде күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)*

## Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорын (ЮНИСЕФ) Біріккен Ұлттар Ұйымы органдарының бірі ретінде 1946 жылғы 11 желтоқсандағы 57 (1) қарарға сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы құрды және осы сондай-ақ кейінгі қарарларға сәйкес оған ЮНИСЕФ ынтымақтастық жасайтын елдерде балаларға қаржылық көмекті, материалдарды, олардың кәсіби даярлықтарын және консультативтік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету арқылы балалардың төтенше, ұзақ мерзімді сондай-ақ тұрақты қажеттіліктерін қанағаттандыру және балалардың тірі қалуын, дамуын және оларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мен бағдарламаларды қажет болатын жерлерде нығайту мақсатымен дамушы елдерде ана мен баланың денсаулығын сақтау, тамақтандыру, сумен қамтамасыз ету, бастауыш білім мен әйелдер үшін қосымша қызметтер көрсету саласында қызметтер көрсету жауапкершілігі жүктелуіне байланысты, және

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ ережелер мен шарттарды айқындағысы келеді, оларға сәйкес ЮНИСЕФ Біріккен Ұлттар Ұйымының жедел тұрғыдағы қызметінің және өзінің мандатының шеңберінде Қазақстан Республикасындағы бағдарламаларға қатысты ынтымақтастықты жүзеге асыруына

байланысты,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы 1992 жылғы 5 қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Өкілдігін (ЮНИО) құру туралы келісімді жасасуына және оның 18-бабының 1 параграфы басқаларымен қатар ЮНИСЕФ пен Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да органдары мен бағдарламалары өздерінің тиісті жобаларын жүзеге асыруда Үкіметке жәрдем көрсетудің шарттарына қатысты Үкіметпен қосымша келісімдер жасасу мүмкіндігін көздейтіндігіне байланысты,

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде достастық рухында ынтымақтасып жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ осы Келісімді жасасты.

## І-БАП
## Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:

a) "Тиісті өкіметтер" осы елдің заңдарына сәйкес жұмыс істейтін орталық, жергілікті және басқа да құзыретті өкімет орындарын білдіреді;

b) "Конвенция" Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1946 жылғы 13 ақпанда қабылдаған Біріккен Ұлттардың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны білдіреді;

c) "Өкілдік туралы келісім" Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының Өкілдігін (ЮНИО) құру туралы 1992 жылғы 5 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында жасалған келісімді білдіреді;

d) "Миссияларды атқарушы сарапшылар" конвенцияның VI және VII баптары ережелерінің күші қолданылатын сарапшыларды білдіреді;

e) "Үкімет" Қазақстан Республикасының Үкіметін білдіреді;

f) "Құттықтау хаттар бөлімі" жұртшылықты ақпаратпен қамтамасыз ету, негізінен құттықтау хаттарын және басқа да тауарларды шығару және сату арқылы ЮНИСЕФ үшін қолдау мен қосымша қаражатты жұмылдыру мақсатында ЮНИСЕФ шеңберінде құрылған ұйымдық бөлімшені білдіреді;

g) "Бөлімше басшысы" ЮНИСЕФ бөлімін басқаратын лауазымды тұлғаны білдіреді ;

h) "Ел" Қазақстан Республикасын білдіреді;

i) "Тараптар" Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ-ті білдіреді;

j) "ЮНИСЕФ-ке қызмет көрсететін тұлғалар" ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруда қызмет көрсету үшін ЮНИСЕФ жалға алатын лауазымды тұлғаларды қоспағанда, жеке мердігерлерді білдіреді;

k) "Ынтымақтастық бағдарламалары" төмендегі III бапта көзделгені сияқты ЮНИСЕФ жүзеге асыруға атсалысатын осы елдегі бағдарламаларды білдіреді;

l) "ЮНИСЕФ" Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорын білдіреді;

m) "ЮНИСЕФ бөлімшесі" бағдарламалар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруға ЮНИСЕФ тартатын кез келген ұйымдық бөлімшені білдіреді; бұл анықтама осы елде құрылған жергілікті жердегі бөлімшені де білдіруі мүмкін;

n) "ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғасы" Бас Ассамблеяның 1946 жылғы 7 желтоқсандағы 76 (1) қарарында көзделгені сияқты жергілікті жерде жалға алынған және жұмыс істеген сағаттарының есебімен сыйақы алатын тұлғаларды қоспағанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметкерлері туралы ережелер мен қағидаларға сәйкес жалға алынған ЮНИСЕФ-тің барлық қызметкерлерін білдіреді.

## II-БАП
## Келісімді қолдану саласы

1. Осы Келісім негізгі ережелер мен шарттарды айқындайды, оларға сәйкес ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы бағдарламалар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасында бағдарламаларды іске асырудағы ЮНИСЕФ-тің ынтымақтастығы ЮНИСЕФ басқармасын қоса алғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының құзыретті органдарының тиісті қарарларына, шешімдеріне, қағидаларына, ережелеріне және саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

## III-БАП
## Ынтымақтастық бағдарламалары және операциялардың негізгі жоспары

1. Үкімет пен ЮНИСЕФ арасында уағдаластыққа қол жеткізілген ынтымақтастық бағдарламасы Үкімет, ЮНИСЕФ және жағдайларға байланысты басқа да қатысушы мекемелер бекітуге тиіс операцияның негізгі жоспарында баяндалады.

2. Операцияның негізгі жоспары ынтымақтастық бағдарламасының нақты элементтерін айқындайды, көзделген қызметтің мақсаттарын, Үкіметтің, ЮНИСЕФ-тің және қатысушы мекемелердің міндеттемелерін, сондай-ақ ынтымақтастық бағдарламасын жүзеге асыру үшін көзделетін қаржылық ресурстардың көлемін белгілейді.

3. Үкімет ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларына, миссияларға қатысушы сарапшыларға және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғаларға бағдарламаларды орындаудың барлық кезеңдерінде және барлық қырлары тұрғысында қадағалау мен бақылау жасауды жүзеге асыруға рұқсат береді.

4. Үкімет тараптар қажет деп санайтын операцияның негізгі жоспарын жүзеге асыруға қатысты статистикалық деректердің есебін жүргізеді және осы деректердің кез

келгенін ЮНИСЕФ-тің өтініші бойынша береді.

5. Үкімет осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын ынтымақтастық бағдарламалары туралы жұртшылықты бірдей құлақтандыру үшін тиісті құралдарды қамтамасыз етуде ЮНИСЕФ-пен бірлесіп жұмыс істейді.

## IV-БАП
## ЮНИСЕФ бөлімшесі

1. Егер тараптар қажет деп тапса, ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасында өзінің бөлімшесін ашады және ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруға жәрдем көрсету мақсатында оның қызметін қамтамасыз ете алады.

2. ЮНИСЕФ, Үкіметтің келісімімен, Қазақстан Республикасында аймақтық бөлімше ашады және осы аймақтың басқа елдеріндегі бағдарламаларға жедел тұрғыда функционалдық қызмет көрсету мақсатында оның қызметін қамтамасыз ете алады.

3. ЮНИСЕФ-тің Қазақстан Республикасында өзінің бөлімшесі болмаған жағдайда, ол Үкіметтің келісімімен, басқа елде құрылған өзінің аймақтық бөлімшесі арқылы Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы осы Келісімде көзделген ынтымақтастық бағдарламаларына жедел тұрғыда функционалдық қызмет көрсетуді қамтамасыз ете алады.

## V-БАП
## ЮНИСЕФ бөлімшесіне іссапарға жіберу

1. ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы өзінің бөлімшесіне ЮНИСЕФ-тің пікірі бойынша:

a) ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуге, қарауға, бақылауға және бағалауға;

b) ЮНИСЕФ беретін материалдарды, жабдықтарды және басқа жабдықтау заттарын жеткізуге, қабылдап алуға, бөлуге немесе пайдалануға;

c) Үкіметке ынтымақтастық бағдарламаларының жүзеге асу барысы туралы ақпарат беруге;

d) осы Келісімнің қолданылуына қатысты кез келген басқа мәселелерге байланысты ынтымақтастық бағдарламаларына жедел тұрғыда функционалдық қызмет көрсету үшін қажетті сарапшылардың миссияларын атқаратын лауазымды тұлғаларды және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғаларды жібере алады.

2. ЮНИСЕФ сарапшылардың миссияларын атқаратын ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларының және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғалардың аты-жөндерін Үкіметке мезгіл-мезгіл хабарлап отырады; ЮНИСЕФ сондай-ақ олардың мәртебесіндегі кез келген өзгерістер туралы Үкіметті хабардар етеді.

## VI-БАП
## Үкіметтің қатысуы

1. Үкімет қол жеткізілген өзара уағдаластыққа сәйкес және мүмкіндігіне қарай ЮНИСЕФ-ке:

a) ЮНИСЕФ бөлімшесінің жеке өзі пайдалануы үшін немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі ұйымдармен бірлесіп пайдалануы үшін тиісті қызметтік үй-жайлар;

b) қызмет бабындағы мақсатта пошта және телекоммуникация байланыстарын пайдалану бойынша шығыстарды жабу үшін қаражат;

c) жабдықтарды пайдалануды, қызметтік үй-жайларды пайдалану мен күтіп ұстауды қоса алғанда, жергілікті орындарда көрсетілетін қызметті сатып алу бойынша шығыстарды жабу үшін қаражат;

d) Қазақстан Республикасында өздерінің ресми функцияларын орындауы кезінде сарапшылардың миссияларын атқаратын ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларына және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғаларға көлік құралдарын береді.

2. Үкімет сондай-ақ ЮНИСЕФ-ке:

a) халықаралық негізде іріктеліп, сарапшылардың миссияларын атқаратын ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларына және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғаларға қолайлы тұрғын жайларды іздестіруде және/немесе қамтамасыз етуде;

b) сумен және энергиямен жабдықтауды, кәріз қызметін, өртке қарсы қауіпсіздікті және басқа да көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, коммуналдық жабдықтарды жеткізуге және орнатуға, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің қызметтік үй-жайларына коммуналдық қызмет жасауды қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді.

3. ЮНИСЕФ-тің Қазақстан Республикасында бөлімшесі болмаған жағдайда, Үкімет Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын ынтымақтастық бағдарламаларына жедел тұрғыда функционалдық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін ЮНИСЕФ-тің басқа жерде орналасқан аймақтық бөлімшесін күтіп ұстауға байланысты ЮНИСЕФ-тің шығыстарын, егер мұндай жағдай орын алған болса, заттай жарналарды да ескере отырып, өзара келісілген сома көлемінде аталған шығыстарды жабуға қатысуға міндеттенеді.

## VII-БАП
## ЮНИСЕФ-тің материалдары, жабдықтары және басқа да көмегінің түрлері

1. ЮНИСЕФ-тің ынтымақтастық бағдарламаларына қатысуы қаржылай және басқа да көмек түрлерін көрсету нысанында жүзеге асырылуы мүмкін. Осы Келісімге сәйкес

ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған материалдар, құрал-жабдықтар және басқа да көмек түрлері, егер операцияның негізгі жоспарында өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасына жеткізілісімен Үкіметке беріледі.

2. ЮНИСЕФ ынтымақтастық бағдарламалары үшін жеткізілетін материалдардың, жабдықтардың және басқа да жабдықтау заттарының орамаларында олардың ЮНИСЕФ-ке берілетіндігін куәландыру үшін қажет деп санаған таңбалауды пайдалана алады.

3. Осы Келісімге сәйкес Үкімет ЮНИСЕФ-ке материалдарды, жабдықтарды және басқа да жабдықтау заттарын әкелуге арналған барлық қажетті рұқсаттар мен лицензияларды береді. Үкімет мұндай материалдардың, жабдықтардың және басқа да жабдықтау заттарының оларды елге жеткізгеннен кейінгі кедендік тазартылуына, қабылданып алынуына, түсірілуіне, сақталуына, сақтандырылуына, тасымалдануына және бөлінуіне жауапты болады, сондай-ақ осыған байланысты шығыстарды өтейді.

4. Халықаралық сауда-саттық принциптерін тиісті түрде сақтай отырып, ЮНИСЕФ, мүмкіндігінше, сапасының, бағасының және жеткізілімінің шарттары бойынша ЮНИСЕФ-тің талаптарына жауап беретін материалдарды, жабдықтарды және басқа да жабдықтау заттарын жергілікті жерде сатып алуға бірінші кезекті маңыз беретін болады.

5. Үкімет ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған материалдардың, жабдықтардың және басқа да жабдықтау заттарының, сондай-ақ қаржылық және басқа да көмектің операцияның негізгі жоспарында баяндалған мақсаттарға сәйкес, жыныстық, нәсілдік, нанымдық, азаматтық немесе саяси сенімінің белгілері бойынша қандай да бір болсын кемсітушіліксіз қажетті және тиімді түрде пайдаланылуы үшін қажырлы күш-жігер жұмсайды және қажетті шаралар қолданады. Егер операцияның негізгі жоспарында ақының мөлшері арнайы көзделмеген болса, материалдарды, жабдықтарды және басқа да жабдықтау заттарын қабылдап алушылардан ешқандай ақы өндіріліп алынбайды.

6. Операцияның негізгі жоспарына сәйкес ынтымақтастық бағдарламалары үшін арналған материалдарға, жабдықтарға және басқа да жабдықтау заттарына ешқандай тікелей салықтар, қосылған құн салығы, төлемдер, алымдар немесе баж салықтары салынбайды. Ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыру үшін жергілікті жерде сатылып алынатын материалдар мен жабдықтарға қатысты Үкімет Конвенцияның VIII-бөліміне сәйкес бағаға енгізілген және төленуге жататын кез келген акциз алымдарын немесе салықтарын төлеуден немесе өтеуден босату үшін тиісті әкімшілік шаралар қолданады.

7. Үкімет ЮНИСЕФ-ке оның өтініші бойынша ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыру барысында пайдаланылмаған кез келген материалдарды, жабдықтарды және басқа да жабдықтау заттарын қайтарып береді.

8. Осы Келісімге сәйкес Үкімет қаражатқа, материалдарға, жабдықтарға және басқа да көмекке қатысты қажетті есепті, тіркеуді және құжаттаманы жүргізеді. Қажетті есеп беру құжаттарының, жазбаларының және құжаттамаларының нысаны мен мазмұны тараптардың келісімі бойынша анықталады. ЮНИСЕФ-тің уәкілетті лауазымды тұлғалары материалдарды, жабдықтарды және басқа да жабдықтау заттарын бөлуге және қаржылық қаражаттарды жұмсауға қатысты барлық тиісті есеп беру құжаттарымен, жазбаларымен және құжаттамаларымен таныса алады.

9. Үкімет барынша қысқа бірақ қалай болғанда да ЮНИСЕФ-тің кезекті қаржы жылы аяқталғаннан кейін алпыс (60) күннен аспайтын мерзімде ынтымақтастық бағдарламаларының жүзеге асу барысы туралы баяндамаларды және ұлттық ережелер мен рәсімдерге сәйкес тексеріліп расталған қаржы ведомостарын ЮНИСЕФ-ке тапсырады.

## VIII-БАП
## Интеллектуалдық меншік құқығы

1. Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыруға және Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің қолданылатын құқыққа сәйкес оларды неғұрлым ұтымды әрі тиімді қолдануды қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын бағдарламалық қызметтің нәтижесі болып табылатын кез келген жаңалықтар, өнер табыстары немесе жұмыстар туралы ақпарат алмасып тұруға келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес, бағдарламаларды ЮНИСЕФ-пен ынтымақтасып жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын кез келген жаңалықтарға, өнер табыстарына немесе жұмыстарға авторлық және интеллектуалдық меншіктің басқа да сол сияқты құқықтарын ЮНИСЕФ бағдарламаларды жүзеге асыруға қолдану мақсатында қандай да болсын лицензиялық төлемдерсіз ЮНИСЕФ-пен бірлесіп қызмет істейтін басқа да үкіметтерге бере алады.

## IX-БАП
## Конвенцияның қолданысы

Конвенцияның ережелері ЮНИСЕФ-ке, оның бөлімшелеріне, мүлкіне, қаражаттарына және активтеріне, сондай-ақ оның лауазымды тұлғаларына және елде миссиялар атқаратын сарапшыларына mutatis mutandis қолданылады.

## X-БАП
## ЮНИСЕФ бөлімшесінің құқықтық мәртебесі

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының өзі кейбір жекелеген жағдайда иммунитеттен айқын бас тартатын жағдайлардан басқа реттерде, қайда болса да және

кімнің иелігінде болса да, ЮНИСЕФ-тің, оның мүлкінің, қаражаттарының және активтерінің соттық араласудың кез келген нысанынан иммунитеті болады. Алайда, иммунитеттен қандай да болсын бас тарту сот-атқару шараларына қолданылмайды деп күтіледі.

2. а) ЮНИСЕФ бөлімшесінің үй-жайларына қол сұғылмайды. ЮНИСЕФ-тің мүлкі және активтері, олар қайда болса да және кімнің иелігінде болса да, тінтуге, меншіктен айыруға, тәркілеуге, экспроприациялауға жатпайды және атқарушы, әкімшілік, соттық немесе заңдық іс-әрекеттер арқылы араласудың қандай да болсын басқа нысандары қолданылмайды.

b) Тиісті өкімет орындары, бөлімше басшысының анық келісімі және онымен келісілген жағдайлардан басқа реттерде қандай да бір ресми функцияларды орындау мақсатында қызмет үй-жайларына ене алмайды.

3. Тиісті өкімет орындары ЮНИСЕФ бөлімшесінің қауіпсіздігі мен күзетін қамтамасыз ету үшін және ЮНИСЕФ бөлімшесіне тікелей жақын маңдағы тәртіпсіздіктердің салдарынан сырттан адамдардың немесе адамдар тобының рұқсатсыз еніп кетуі нәтижесінде жұмыстың тыныш ырғағының бұзылмауын қамтамасыз ету үшін адал ниетпен тиісті шаралар қолданады.

4. ЮНИСЕФ-тің мұрағатына және жалпы ЮНИСЕФ-ке тиесілі құжаттарға, олар қайда болса да және кімнің иелігінде болса да, қол сұғылмайды.

## XI-БАП
## ЮНИСЕФ-тің қаражаттары, активтері және басқа да мүлкі

1. Қаржылық бақылаумен, қандай да болсын түрдегі ережелермен немесе мараториймен шектелмеген ЮНИСЕФ,

а) қорларды, алтын немесе кез келген түрдегі бағалы қағаздарды иеленеді және пайдалана алады, сондай-ақ есепшоты болады және кез келген валютамен операциялар жасай алады әрі ЮНИСЕФ-тің иелігіндегі кез келген валютаны кез келген басқа валютаға айналдыра алады;

b) ЮНИСЕФ бір елден екінші елге немесе кез келген елдің шегінде Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі басқа ұйымдарға немесе мекемелерге өз қорларын, алтынын немесе валютасын аудара алады;

с) ЮНИСЕФ өзінің қаржылық қызметінде неғұрлым қолайлы, заңды негіздерде қолданылатын алмастыру бағамын пайдаланады.

2. ЮНИСЕФ, оның активтері, кірістері және басқа да меншігі:

а) барлық тікелей салықтардан, қосылған құн салығынан, төлемдерден, алымдардан немесе баж салығынан босатылады; алайда нақтылы анықтауға, көрсетуге және егжей-тегжейлі қарауға болатын қызмет көрсету көлемін негізге ала отырып, ұлттық ережелерге сәйкес белгіленген бағалар бойынша Үкімет немесе қандай да бір

корпорация көрсететін коммуналдық қызметтердің шынайы төлемін осындай салықтар салудан босатуды ЮНИСЕФ талап етпейтін болады деп күтіледі;

b) ЮНИСЕФ-тің қызмет бабында пайдаланатын заттарын әкелу және әкету кезінде олар кедендік алымдардан, импорттық және экспорттық тыйым салулардан және шектеулерден босатылады. Алайда, жалпы ережелерден ерекшеленетін сипатта әкелінетін заттар, Үкіметпен келісілген жағдайлардан өзге реттерде өздері импортталған Қазақстан Республикасында сатылмайтын болады деп күтіледі;

c) өз басылымдарын әкелуі және әкетуі кезінде кедендік алымдардан, импорттық және экспорттық тыйым салулардан және шектеулерден босатылады.

## XII-БАП
## ЮНИСЕФ-тің құттықтау хаттары және басқа да тауарлары

ЮНИСЕФ-тің немесе ЮНИСЕФ-тің құттықтау хаттары бөлімінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда оның атынан әрекет ететін тиісті сипатта ЮНИСЕФ уәкілеттілік берген ұлттық органдардың әкелетін немесе сыртқа шығаратын кез келген материалдары барлық кедендік алымдардан, тыйым салулар мен шектеулерден босатылады, бұл орайда осы материалдарды ЮНИСЕФ үшін сатуға ешқандай да ұлттық немесе жергілікті салықтар салынбайды.

## XIII-БАП
## ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғалары

1. ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғалары:

a) лауазымды тұлғалар ретінде өздерінің айтқандары немесе жазғандары үшін және өздері жасаған барлық іс-әрекеттері үшін сот жауапкершілігіне тартылмайды. Бұл иммунитет олардың ЮНИСЕФ-тегі қызмет мерзімі біткеннен кейін де күшінде қалады;

b) оларға ЮНИСЕФ төлеген жалақылар, сыйақылар және жәрдемақылар салық салудан босатылады;

c) мемлекеттік қызмет бабындағы міндеттіліктен босатылады;

d) әйелдерімен және өздерінің асырауындағы туған-туысқандарымен бірге иммиграция жөніндегі шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркеулерден босатылады;

e) валюта айырбастауға қатысты Үкімет жанында тіркелген дипломатиялық миссиялардың құрамына кіретін тиісті дәрежедегі лауазымды тұлғаларға берілетін артықшылықтарды пайдаланады;

f) олардың өздеріне, олардың әйелдеріне және олардың асырауындағы

туған-туысқандарына қатысты репатриация жөнінде халықаралық дағдарыстар кезінде дипломатиялық өкілдер пайдаланатын тап сондай қорғалу мен жеңілдіктерді пайдаланады;

g) болатын елінде қызметіне алғашқы орналасқан кезінде өзінің жиһазын, жеке мүліктерін және тұрмыстық мақсаттағы барлық заттарын баж салығынсыз әкелуіне құқығы бар.

2. ЮНИСЕФ пен Үкімет арасындағы уағдаластықтар бойынша ЮНИСЕФ бөлімшесінің басшысы және басқа да аға лауазымды тұлғалары тиісті дәрежедегі дипломатиялық миссиялардың қызметкерлеріне Үкімет беретін тап сондай артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады. Осы мақсатпен ЮНИСЕФ бөлімшесі басшысының аты-жөні дипломатиялық өкілдердің тізіміне енгізіледі.

3. Сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғалары да тиісті дәрежедегі дипломатиялық өкілдіктер қызметкерлеріне қатысты қолданылатын мынадай жеңілдіктерді пайдаланады:

a) қолданыстағы ұлттық ережелерге сәйкес жеке пайдалануға арналған белгілі бір заттарды шектеулі мөлшерде әкелген жағдайда кедендік баж салығынан және акциздік алымдардан босатылады;

b) тиісті дәрежедегі дипломатиялық миссия қызметкерлеріне қатысты қолданылатын қолданыстағы ұлттық ережелерге сәйкес қосылған құнға арналған салықты қоса алғанда, акциздік алымдарды төлемей, бір автокөліктік құралды баж салығынсыз әкелуге құқығы бар.

## XIV-БАП
## Миссияларды атқарушы сарапшылар

1. Миссияларды атқарушы сарапшылар Конвенцияның VI бабының 22 және 23-бөлімдерінде санамаланған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Миссияларды атқарушы сарапшылар тараптар арасындағы уағдаластықтар бойынша берілуі мүмкін қосымша артықшылықтарды, иммунитеттерді және жеңілдіктерді пайдаланады.

## XV-БАП
## ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғалар

1. ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғалар:

a) лауазымды адамдар ретінде өздерінің айтқандары немесе жазғандары үшін және өздері жасаған барлық іс-әрекеттері үшін сот жауапкершілігіне тартылмайды. Бұл иммунитет олардың ЮНИСЕФ-тегі қызмет мерзімі біткеннен кейін де күшінде қалады;

b) олардың өздеріне, олардың әйелдеріне және олардың асырауындағы

туған-туысқандарына қатысты репатриация жөнінде халықаралық дағдарыстар кезінде дипломатиялық өкілдер пайдаланатын тап сондай қорғалу мен жеңілдіктерді пайдаланады.

2. Өздерінің функцияларын тәуелсіз және тиімді орындауды қамтамасыз етуі үшін ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғаларға Тараптар арасындағы уағдаластықтар бойынша жоғарыдағы XIII бапта көрсетілгеніндей басқа да артықшылықтар, иммунитеттер және жеңілдіктер берілуі мүмкін.

## XVI-БАП
## Рұқсатты қамтамасыз етуге байланысты мүмкіндіктер

1. ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларының, миссияларды атқарушы сарапшылардың, ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін тұлғалардың:

a) қажетті визаларды, куәліктерді немесе рұқсаттарды кідіріссіз ресімдеуге және тегін алуына;

b) Қазақстан Республикасына кедергісіз келуіне немесе одан кетуіне және ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру үшін қажет деп табылатын деңгейде елдің шегіндегі барлық ынтымақтастық объектілеріне кіруіне құқығы бар.

## XVII-БАП
## Жергілікті жерде жалданған және жұмыс жасаған сағаттары есебімен сыйақы алатын қызметкерлер

Жергілікті жерден алынған және жұмыс жасаған сағаттары есебімен сыйақы алатын адамдар үшін жалдау шарттары Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті қарарларының ережелеріне, ЮНИСЕФ-ті қоса алғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының құзыретті органдарының шешімдеріне, ережелеріне, қағидаларына және саясатына жауап беруі тиіс. Өздеріне ЮНИСЕФ атынан жүктелген функцияларды тәуелсіз орындауы үшін жергілікті жерден алынған қызметкерлерге қажетті барлық жеңілдіктер беріледі.

## XVIII-БАП
## Байланыс құралдарына қатысты артықшылықтар

1. ЮНИСЕФ өзінің ресми байланыс құралдарын орнатуға және пайдалануға, басымдықтарға, пошталық жөнелтілімдер мен жеделхаттарға арналған тарифтер мен ставкаларға қатысты, сондай-ақ телепринтерлік, факстік, телефондық байланысқа және басқа да байланыс құралдарына, сондай-ақ баспасөз бен радио үшін ақпарат беру кезінде баспасөзге арналып белгіленген тарифтерге қатысты Үкіметтің кез келген дипломатиялық өкілдікке беретін артықшылықтарымен салыстырғанда одан бір де кем емес қолайлы жағдайларды пайдаланады.

2. ЮНИСЕФ-тің ресми хат-хабарлары немесе басқа да хабарлары цензураланбайды. Бұл иммунитет фото және электрондық құралдардың көмегімен берілген баспасөз материалдарына, хабарларға, сондай-ақ тараптар арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде пайдаланылуы мүмкін басқа да байланыс түрлеріне қолданылады. ЮНИСЕФ-тің шифр қолдануға және қол сұғылмайтын сондай-ақ цензураға жатпайтын хат-хабарларды курьерлер немесе дипломатиялық пошта арқылы жіберуге және алуға құқығы бар.

3. ЮНИСЕФ-тің радиожабдықтарды және басқа да байланыс құралдарын Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркелген диапазондағы жиілікте және Қазақстан Республикасы мен одан тысқары жерлердегі ЮНИСЕФ-тің бөлімшелері, оның ішінде Нью Йорктағы ЮНИСЕФ-тің штаб-пәтері арасындағы байланысты қолдау үшін Үкімет берген байланыс құралдарын пайдалануға құқығы бар.

4. ЮНИСЕФ-тің өзінің ресми байланыс құралдарын орнату және пайдалану кезінде Электр байланысы жөніндегі халықаралық конвенцияның ережелеріне (Найроби, 1982 жыл), сондай-ақ оның қосымшасында баяндалатын ережелерге сәйкес артықшылықтарды пайдалануға құқығы бар.

## XIX-БАП
## Көлік құралдарына қатысты артықшылықтар

Үкімет ЮНИСЕФ-ке қажетті рұқсатты немесе лицензияны береді және осы Келісімге сәйкес бағдарламалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық ұшақтар мен басқа да құралдарды ЮНИСЕФ-тің сатып алуына немесе пайдалануына қатысты негізсіз шектеулерге жол бермейді.

## XX-БАП
## Артықшылықтар мен иммунитеттерден босату

Осы Келісімге сәйкес қолданылатын артықшылықтар мен иммунитеттер жекелеген адамдардың бас пайдасына емес, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүдделеріне қызмет істейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы XIII, XIV және XV баптарда аталған кез келген адамға берілетін иммунитеттерден оның ойынша иммунитет сот әділдігін орнатуға кедергі болатын және одан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНИСЕФ-тің мүдделері үшін зиян келтірмей бас тартуға болатын жағдайларда бас тартуға құқылы әрі міндетті.

## XXI-БАП
## ЮНИСЕФ-ке қойылатын талаптар

1. Осы Келісімге сәйкес бағдарламалар бойынша ЮНИСЕФ ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халқының игілігі үшін жүзеге асырады, сондықтан осы Келісімге сәйкес операцияларды жүзеге асыруға байланысты барлық жауапкершілікті Үкімет өзіне алады.

2. Осы Келісімде көзделген немесе оған тікелей қатысты қызметке байланысты туындайтын немесе ЮНИСЕФ-ке, ЮНИСЕФ-тің лауазымды тұлғаларына, миссияларды атқарушы сарапшыларға және ЮНИСЕФ үшін қызмет көрсететін адамдарға үшінші тараптар қоятын барлық талаптар "Өкілдік туралы келісімнің" XIX бабындағы ережелерінің қолданысына жатады.

## XXII-БАП
## Дауларды шешу

Осы Келісімді түсіндіруге және оның қолданысына қатысты келіссөздер негізінде немесе басқа келісілген реттеу рәсімдері арқылы реттелмеген Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы кез келген дау "Өкілдік туралы келісімнің" XX бабында баяндалатын ережелерге сәйкес шешіледі.

## XXIII-БАП
## Күшіне енуі

1. Осы Келісім оны бекіту немесе Үкіметтің тануы туралы куәландыратын құжатты және ЮНИСЕФ тарапынан оны ресми растау туралы актіні куәландыратын құжатты тараптар арасында алмасқаннан кейінгі келесі күні қол қойылғаннан соң күшіне енеді және осындай бекітуге дейін тараптардың келісімімен алдын ала күшіне енеді.

2. Осы Келісім "Өкілдік туралы келісімнің" құрамдас бөлігі және оның қосымшасы болып табылады. Осылайша, егер де осы Келісімнің қандай да болсын ережесі және " Өкілдік туралы келісімнің" қандай да бір болсын ережесі бір мәселеге қатысты болса, бұл ережелердің екеуі де бір-бірін екі ереже де қолданылатын болып табылатындай сипатта толықтырады және мүмкіндігінше бір-бірінің - қызмет ету салаларын шектемейді.

## XXIV-БАП
## Түзетулер

Осы Келісімге өзгерістер мен түзетулер Келісім тараптары арасындағы жазбаша уағдаластықтар негізінде ғана енгізілуі мүмкін.

**XXV-БАП**
**Қолданысын тоқтату**

Осы Келісім кез келген Тарап екінші Тарапты келісімнің қолданысын тоқтату туралы өзінің шешімін жазбаша нысанда хабарлағаннан кейін алты ай өткеннен соң өзінің қолданысын тоқтатады. Алайда, осы Келісім ЮНИСЕФ-тің тиісті қызметін тоқтату және Тараптар арасындағы кез келген дауды реттеу үшін талап етілетін қосымша уақыт кезең ішінде бұрынғысынша қолданылатын болады.

Осыны куәландыру үшін тиісті нысанда тағайындалған төмендегі қол қоюшылар, Үкіметтің өкілетті өкілі және ЮНИСЕФ-тің өкілі ағылшын және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей осы Келісімге тараптар атынан қол қойды.

Алматы қаласында бір мың тоғыз жүз тоқсан төртінші жылы 25 қарашада жасалды.

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры 2000-2004 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы**

**I Бөлім**

**Ақпан, 2000 жыл**

**НЕГІЗГІ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖОСПАРЫ**

**Кіріспе**

Бұдан әрі Үкімет деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұдан әрі ЮНИСЕФ деп аталатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры

ҚАЗІРГІ әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалау кезеңінде Қазақстанда балалар мен әйелдердің әл-ауқатын жақсарту саласында серіктес қатынастарын одан әрі дамыту мақсатында ынтымақтастық туралы өзінің өзара келісімін сақтауға ниеттене отырып;

ҚИЫН және жедел өзгерістер кезеңіндегі әйелдер мен балалардың мұқтаждары мен проблемаларының басым мағынасын сақтауда Үкіметке көмек көрсету бойынша ЮНИСЕФ-тің насихаттаушылық қызметінің дәлелденген тиімділігіне;

жинақталған тәжірибеге және жақсартылған, анағұрлым тиімді, әсіресе денсаулық сақтау және әлеуметтік жұмылдыру арқылы оларды қолдану саласында технологиялар енгізу бойынша қолдау көрсетумен қатар материалдарды нысаналы жеткізудің оңды

ықпалын көрсеткен ЮНИСЕФ пен Үкімет арасындағы 1995-1999 жылдардағы ынтымақтастық кезеңінің жетістіктеріне; және

кәсіби дайындық жүргізу, экономикалық тиімділікті арттыру және балалар мен әйелдердің мүдделеріндегі бағдарламалық қызметті нығайту тұрғысында жалпы аймақтық мағынасы бар стратегиялық принциптер ретінде болатын жобаларды орындауда тәжірибені құжаттау сияқты іс-шаралар шеңберінде орнықты ынтымақтастыққа негізделе отырып;

ТЕХНИКАЛЫҚ тәжірибе алмасудың пайдалы арналарын ретке келтіруді қолдай отырып және Үкіметтің және балалар мен әйелдердің жағдайын жақсартумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың жинақталған тәжірибесінің белсенділігін арттыра отырып;

ӘЛЕУМЕТТІК секторда іс-шараларды жоспарлау мен өткізуді жақсарта отырып, Пекин конференциясында қабылданған міндеттерді орындаумен қатар 20.11.89 қабылдаған Бала құқықтары жөніндегі конвенцияға, және 18.12.79 қабылдаған Әйелдерді кемсітудің барлық нысандарын жою бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясына қол қою мен бекітуден туындайтын Үкіметтің жетістіктері мен ұлттық міндеттеріне негізделе отырып;

2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2004 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімді қамтитын осы Негізгі Операциялар Жоспарында әзірленген өзара міндеттердің детальдарын белгілей отырып, және осымен бұл көзқарастар мен өзара міндеттер достық ынтымақтастық ахуалда жүзеге асырылатындығын жариялай отырып, оның өзіндік ерекшелігін ескеріп, аймақтық деңгей мен еліміздің деңгейіндегі көзқарасты ұштастыратын ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне аяқ баса отырып; және

төмендегі туралы уағдаласты:

**1 - бап**

**Өзара іс-әрекет жасасудың негіздері**

Қазақстан Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы 1994 жылғы 25-қарашада қол қойылған негізгі келісім Үкімет пен ЮНИСЕФ арасындағы іс-әрекет жасасудың негізін құрайды. Бұл Негізгі Операциялар Жоспары Негізгі келісім тұрғысында қаралып жүзеге асырылады.

Бұл Негізгі Операциялар Жоспары екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі, Негізгі Операциялар Жоспары, жалпы саяси аспекттер, басым бағыттар, мақсаттар мен міндеттер, стратегия, елдің бағдарламасын басқару жөніндегі тараптардың жауапкершілігі, сондай-ақ Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің міндеттемелері баяндалған он бір баптан тұрады. Екінші бөлімі өміршеңдік, даму және ана мен баланы қорғау; баланы жан-жақты дамыту; жастардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі Бағдарламаны білдіретін Бағдарламалық Операциялар Жоспарынан тұрады. Осы Бағдарламалық Операциялар Жоспарында "өмір сүруге, күтімге, өсіп-дамуға, денсаулығын қорғауға, тамақтануға, білім алуға тиісті санитариялық жағдайлар мен сумен қамтамасыз етуге,

өмір сүруге, отбасында тәрбиелеуге, қатынасқа, өз ерекшелігін сақтауға, өз пікірін білдіруге, ақпаратқа қол жеткізуге және қорғалуға әр баланың құқығын дәйекті түрде іске асыруда Үкіметке көмек көрсетуге" бағытталған Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің бірлескен күшімен әзірленген бағдарламалар мен жобалар баяндалады. Сонымен, Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің Ынтымақтастық бағдарламасы жоғарыда айтылған екі бөлімнен тұрады. Бұл 2000-2004 жылдарды қамтитын бағдарламаға есептелген Негізгі Операциялар Жоспары бұрынғы Қазақстан Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасында 1996 жылғы 24 ақпанда қол қойылған бағдарламаны алмастырады.

1995-1999 жылдардағы ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру кезеңінде жинақталған тәжірибе, сондай-ақ қазіргі жағдайды талдау негізінде Қазақстан Үкіметі мен ЮНИСЕФ бірқатар мәселелерді шешуге күш салу қажет деп айтуға болады. Бала құқықтары жөніндегі конвенцияның ережелерін іске асыру 2000-2004 жылдардың бағдарламалық циклы кезеңіндегі ынтымақтастық негізі болуға тиіс.

## II-бап

## Қазақстандағы балалар мен әйелдердің жағдайы

Өтпелі кезең Қазақстандағы балалар мен әйелдердің өмірлік жағдайларына әсер ететін жедел өзгерістер әкеліп отыр. Кейбір өзгерістерді оң құбылыстарға жатқызуға болады, мәселен, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер аясы кеңейді, ақпаратқа қол жеткізу жеңілдеді және экономикалық тиімді әдістер пайдалануға болады. Алайда, денсаулық сақтау мен білім беру секторларын реформалау кезінде қол жеткен үдеріске қарамастан, Қазақстанда әлі де болса әйелдер мен балаларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтер сапасының деңгейін бірқалыпты ұстау тәсілі белгіленбеген. Ресурстардың жетіспеушілігі, инфляция мен жұмыссыздық өмір сүрудің төмен деңгейінің негізгі себептері болып табылады. Әлеуметтік көмектер мен әлеуметтік қызметтер қаражаттарының үнемі қысқаруы жеке алған отбасының өмір сүру мүмкіндігіне көп әсерін тигізіп отыр.

Сәбилердің шетінеу көрсеткіші (СШК) көптеген жылдар бойы тұрақты түрде төмендеп келе жатса да, 1989 жылы оның өсуі байқала бастады. 1993 жылы әрбір тірі туған 1000 балаға шетінеген 28 жағдай тіркеліп, өз биіктігіне жеткеннен кейін СШК қазіргі сәтте 21.2% көрсетіп тұр. Алайда, тыныс алу жолдарының асқыну инфекциялары себебімен балалардың шетінеу жағдайлары әлі де байқалуда. Сәбилердің шетінеуінің негізгі себебі перинаталдық ауытқулар мен туу кезіндегі күтім проблемалары болып табылады. Диарейлік сырқаттар сәбилер арасындағы науқастанушылық пен шетінеудің негізгі себебі болып отыр.

Соған қарамастан, 1995 жылдан бастап сәбилерді вакцинациялау саласында айтарлықтай прогресс байқалды. 1998 жылы вакцинациямен қамту 95 пайыздан асатын деңгейге жетті. Соңғы бірнеше жылдар аралығында дифтерия эпидемиясын тоқтатуға қол жеткізілді, қызылшамен ауыру және оның себебімен шетінеу деңгейі анағұрлым қысқарған, ал полиомелитпен науқастану 1997 жылы жоққа шығарылған.

Алайда, аналардың қайтыс болу көрсеткішінде оң өзгерістер әлі де байқалмайды. 1998 жылы ол 100,000 тірі туған жағдайға қайтыс болған 77,5-ды құраған, яғни 1989 жылдағы деңгейде қалған. Осы уақытқа дейін көп те көп әйелдер қан кету, инфекциялар мен улану нәтижесінде қайтыс болады. Жалпы әйелдердің, атап айтқанда жас әйелдердің өсімпаздық денсаулық мәселелерін жеткілікті білмегендігінен түсік - отбасын жоспарлаудың негізгі тәсілі болуда. Акушерлік күтім сапасының төмендеуі аналардың қайтыс болу деңгейіне айтарлықтай үлесін енгізеді. Өтпелі кезең жылдарында ана мен баланың дұрыс және жеткілікті тамақтанбауы күрделі проблема болды. Жас балалардың 10% астамының тамақтануы қатты бұзылған. Қазақстанның Тамақтану институты жуырда өткізген зерттеуі Қазақстан халқының 70% калорияның теңбе-тең түспеуімен сырқаттанады, ал диетада белоктың жетіспеуі халықтың 50% байқалады. Железо жетіспеушіліктен қаны аздық ана мен баланың денсаулығына келтірілетін тағы бір нұқсан болып табылады. Шамамен жүкті әйелдердің 60%-нің қаны аз, бұл жүктіліктің ойдағыдай аяқталуына әкеліп соқпайды. Есеп бойынша, 15-49 жас аралығындағы әйелдердің 50% аздауында әртүрлі ауырлықтағы қан аздық байқалады.

Білім беру және денсаулық сақтау секторларына бөлінетін бюджеттік қаражаттар жалпы мемлекеттік деңгейінде болып жатқан білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің құрылымын қайта қараудың нәтижесі ретінде әлі де болса жеткіліксіз болып отыр. Қазақстан білікті оқытушылар құрамының жетіспеушілігі проблемасының алдында тұр. Бастауыш мектепке арналған мектеп оқулықтары мен оқыту құралдарын шығаруға бөлінетін қаражаттардың және қағаздың жетіспеушілігі байқалады. Көптеген мектептер ғимараттарының жай-күйі қолайлы деңгейден де төмендеп кеткен. Оқытушылардың біліктілігін көтеру курстарын жүйелі түрде өткізіп отырудың тоқтатылуымен қатар олардың уәждемесінің төмендеуі, сондай-ақ мектепті тастап кеткен оқушыларды оқудан шығарудың өсіп келе жатқан деңгейі жағдайды қиындатады. Мектепке дейін тәрбиелеу мекемелерінің саны қысқарып жатыр, ал балаларды үйінде және қоғамдық бастамаларда күтудің балама жүйесін пайдалану тек сирек жағдайларда кездеседі.

Заң шығару шараларын дайындауға және баланың құқықтарын барынша толық іске асырудың ұзақ мерзімді саясатын басшылыққа ала отырып, азаматтық қауымдастықтың жаңадан пайда болып жатқан топтары ерекше қорғалу шараларын қажет ететін балалар мен жасөспірімдердің көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Соңғы жылдары, әсіресе 1992 жылы көбейіп кеткен, жастар жасайтын құқық бұзушылықтар санының өсуі байқалады, бұдан кейін жастар жасайтын қылмыстардың тұрақты түрде төмендеп келе жатқаны байқала бастады. Әділ соттың қазіргі жүйесі жаңа реалияларға бейімделмеген. Кәмелетке толмаған заң бұзушылардың істерін қарау бойынша дербес сот жүйесі жоқ, ал оларды қамауда ұстау жағдайлары, мәліметтерге сәйкес, жетілдірілмеген. Жас заң бұзушыларды ақтау емес, түзеу жұмыстарына жазалау басым

болып отыр. Денсаулық пен салауатты өмір салты - жастарға төнетін қауіптің негізгі объектілері. Есірткі пайдалану, ішімдік ішу және шылым шегу барлық жерге тарамаған құбылыс болып табылмаса да, көрсеткіштер қалаларда, мәселен, Алматы және Қарағанды қалаларында олардың проблемалылығының өсуін көрсетеді. Соның салдары жыныс жолымен таратылатын аурулардың және СПИД/ВИЧ-тің таратылуы болып табылады. Өткізіліп отырған зерттеулер 1990 жылдан 1996 жылға дейінгі мерзімде 100,000 халықтан 1.4-тен 231.2 жағдайға дейін мерез ауруының өсуін көрсетеді. Сонымен қатар, Қарағанды облысында есірткі пайдаланғаны салдарынан СПИД/ВИЧ ауруларының өсуі байқалған.

Өтпелі кезең кезінде әйелдерді зорлау негізінен құжатталмаған факт болып отыр, ПРООН мен Феминисткалар Лигасы (1997 жыл) өткізетін дәлелдер мен зерттеулер тұрмыстық деңгейде де, отбасынан тыс та әйелдерге зорлық жасау жағдайларының кең тарауын көрсетеді.

**III-бап**

## Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Жаңа Бағдарламаның негізі 2000-2030 жылдарға арналған қызметтің ұлттық басым бағыттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы ынтымақтастық болып табылады. Ол ОАҚР-нің барлық бес еліне дайындалған жалпы стратегияның контекстінде жоспарланған. Бағдарлама балалардың денсаулығын қорғауға, оларды дамытуға, қолдауға және жауапкершілікті, білім деңгейі мен бастамашылығын көтеру арқылы тілектестік білдіруге мейлінше белсенді және тиімді тарту мақсатымен отбасылары мен қауымдардың мүмкіндіктерін нығайтуға да бағытталған. Соған қоса ол қазіргі кезде Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік секторды реформалау барысында Бала құқықтары жөніндегі конвенция мен Әйелдерді кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенцияның контекстінде қабылдаған Үкіметтің міндеттерінің назарға алыну кепілін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы Бағдарлама өмір циклын негізге алатын көзқарасқа негізделген, бұл бала біткен күннен бастап он сегізге толып ер жетуімен аяқтап оның кез келген өмір циклының кезеңінде балалардың өсіп-өнуі, дамуы, қорғалуы мен өмір сүруге құқығы соған байланысты болатын секторaралық мәселелерді табиғи дербестендіруге мүмкіндік береді. Бірінші бағдарлама 0-ден 5-ке дейінгі, екіншісі - 7-ден 12-ге дейінгі балалардың проблемаларын дербестендіретін, ал соңғысының шеңберінде 13-тен 18-ге дейінгі жасөспірімдер мен жастардың проблемалары дербестендірілетін болады. Мұндай көзқарас олардың дамуының сын кезеңінде халықтың әлсіз топтарының балаларын қорғауда секторaралық бағдарламалық стратегияларды белгілеуге ықпал етеді. Бұл көзқарас қоғамдық қызмет көрсету маңыздылығын ескере отырып, отбасы мен қауымның жауапкершілігіне назар аударып, баланың құқықтарын сақтау жөніндегі нақты жауапкершілікті айқындайды. Оның мақсаты - оларға тілектестік білдірудің мүмкіндігіне және жаңаларын құруға қол жеткізуге қажетті дағдыланумен және білім

алуда индивидиумға көмектесу. Бағдарлама халықтың осал топтарын тікелей қолдау мақсатында әзірленген ("Арал теңізі: Аймақтық және экологиялық көмек жобасы") АСПЕРА Жобасын қоса отырып, орталықсыздандыру бойынша қайта құру кезінде жинақталған тәжірибеге негізделеді.

Өмір циклын талдауға негізделе отырып, төрт негізгі бағдарлама ұсынылады:

1. Ана мен баланың өміршеңдігі, дамуы мен қорғалуы жөніндегі бағдарлама: аналарды және неонаталдық күтім; жас балалардың өміршеңдігі; жас балаларды күту мен дамыту; және саясатты әзірлеу, өзара қатынастар және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі төрт дербес жобадан тұрады.

2. Баланы жан-жақты дамыту жөніндегі бағдарлама: оқыту ортасын жақсарту; ерекше қорғау шараларына мұқтаж балаларға және саясатты әзірлеу, өзара қатынастар және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі үш жобадан тұрады.

3. Жастардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі бағдарлама: жасөспірімдердің тұрмыс салты; ювенальдық әділ сотты және балаларды қорғауды реформалау; және саясатты әзірлеу, өзара қатынастар және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі үш жобадан тұрады.

4. Секторааралық мәселелерді шешуге шыққан шығыстар.

Жалпы мақсаттар

Осы Бағдарламаның жалпы мақсаттары мыналарда:

- 5-ке толмаған балалардың кейін оқуы мен ер жетуі жылдарына дайындықтағы өзінің ең жоғары потенциялына жету үшін халықтың осал топтары балаларының өмір сүру, өсу және даму құқықтары кепілін қамтамасыз ету;

- әлеуметтік саладағы сапалы қызмет көрсетуге қол жеткізуді қоса отырып, қауіпсіз түрде ана болу ортасын құру жолымен аналарды жалпы сауықтыру мен тамақтануын жақсарту және тұрмыстық дағдылар тұрғысында білім деңгейін көтеру;

- арнайы қажеттілігі бар балаларға баса назар аудара отырып, бар назарды балаға аударатын оқу ортасына қол жеткізу құқығын арттыру;

- ер жетуге және табысты ата-ана болуға қауіпсіз өту туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тиісті ақпарат пен қызметтерге қол жеткізуге жастардың құқықтар кепілін қамтамасыз ету;

- жасөспірімдердің денсаулығын қорғауға, білім алуына және қорғалуына қатысты барлық мәселелер бойынша өз көзқарастары мен пікірлерін білдірудегі жастардың құқығы кепілін қамтамасыз ету.

Ана мен баланың өсуі, дамуы мен қорғалуы жөніндегі бағдарлама бірінші өмір циклы - баланың туар алдындағы кезінен бастап 5-ке толғанға дейінгі жасын қамтиды. Көптеген серіктестермен ынтымақтастықта ЮНИСЕФ өз қызметін өмір циклының ең төмен сатысында балалардың дене жағынан, психика-әлеуметтік және интеллектуалдық даму қажеттіліктеріне, сондай-ақ аналардың табиғи мұқтаждарына байланысты проблемаларды шешуге бағыттайтын болады. Бұл бағдарлама аналар мен

балалардың қайтыс болуын төмендетуге; сондай-ақ баланың алғашқы дамуындағы железо жетіспеушіліктен қаны аздық және йод жетіспеушілік салдарының кері ықпалын төмендетуге бағытталған. Бұл бағдарлама қауіпсіз иммунитеттеу қызметтеріне жалпы бәрінің қол жеткізуін қамтамасыз ету, бала емізуді қолдау мен қолдап дем беру, сондай-ақ неонаталдық күтім жөніндегі мамандардың біліктілігін көтеру курстарын өткізу арқылы жаңа туған балалар мен әйелдердің өсуі мен қорғалуына жәрдем болады. ЮНИСЕФ сәбилердің кең тараған аурулармен сырқаттануын және ұзақтығын төмендетуге бағытталған Сәбилердің ауруын біріктірілген түрде жүргізу (САБЖ) жөніндегі жобаны кең тарату бойынша қолдау көрсетеді. Мемлекеттің күтіміндегі мекемелердегі балалардың санын азайту және балаларды мұндай мекемелерде ұстау жағдайларын жақсарту жөніндегі күш-жігермен қатар ата-аналық дағдыларға үйрету және бәрінің қолы жетерлік мектепке дейінгі мекемелердің жүйелерін дамыту жөніндегі қызметке тарту мақсатында отбасылар мен қауымды жұмылдыру арқылы жаңа туған балаларды күтуді жақсарту мен оларды дамыту бойынша амалдар әзірленетін болады. ВОЗ-бен және Дүниежүзілік Банкпен ынтымақтаса отырып, Сәбилердің ауруын біріктірілген түрде жүргізу жөніндегі жоба жөніндегі қызмет нығайтылатын кезде, ЮНИСЕФ жас балаларды күтуді жақсарту мен дамыту жөніндегі қызметке ерекше назар аударуы керек. Аналар мен отбасына бағытталған әлеуметтік сипаттағы ақпаратты таратуға үлкен маңыз берілетін болады. ЮНИСЕФ бес жылдық мерзім ішінде негізгі резервтен 1 млн. 444 мың АҚШ долларын, қосымша қордан (донорлар іздеу жөніндегі қызмет нәтижелі болған жағдайда) шамамен 3 млн. 300 мың АҚШ долларын пайдаланады.

Бұл бағдарлама өз алдына мынадай міндеттер қояды:

1. Жекелеген аудандарда 1999 жылдың деңгейінен 10%-ға аналардың қайтыс болуын қысқарту*;
2. Жекелеген аудандарда 1999 жылдың деңгейінен 10 %-ға сәбилер мен балалардың шетінеуін қысқарту;
3. Аналар мен сәбилердің қайтыс болуын анықтаудың халықаралық стандарттарын бейімдеу бойынша Үкіметтің күш-жігерлерін қолдау;
4. Микронутриенттік тамақтанудың бұзылуымен науқастану деңгейін қысқарту;
5. Емізу практикасын қолдау мен қолдап дем беру;
6. Қаржыландыру, сатып алу мен жеткізуді қоса отырып, 2004 жылға дейін вакциналармен өзін-өзі қаржыландырушылық жетістігінде Үкіметке көмек көрсету;
7. 2000 жылға дейін полиомелитті жоюды сертификаттауға қол жеткізу, сондай-ақ басқаруға келетін инфекциялармен науқастану деңгейін төмендету;
8. Жас балалардың науқастанудан қайтыс болуы, сырқаттануының жиілігі мен ауырлығы және мүгедектенуі деңгейін төмендету, және баланың өсуі мен дамуын жақсартуға үлес енгізу;
9. Жас балалардың өсу мен даму процесінде туындайтын қажеттіліктерге ықпал ету

мәселелері бойынша отбасы мен қоғамның потенциалын және білім деңгейін көтеру;

10. Балаларды арнайы мемлекеттік мекемелерге орналастыруға жол бермейтін және ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялауға жәрдем ететін, оларды қорғау жүйесін дамытуды қолдап дем беру;

11. Отбасыларына және патронаттық тәрбиешілерге беру арқылы жекелеген аудандарда мемлекеттің асырауындағы мекемелердегі балалардың санын азайту;

12. Мемлекеттің асырауындағы мекемелерде болуға мәжбүр балаларды психологиялық және әлеуметтік күту сапасын көтеру;

13. Бала құқықтары жөніндегі конвенцияның принциптеріне сәйкес келтіру мақсатында саясатты талқылау мен тұжырымдауға үлес.

Баланы жан-жақты дамыту жөніндегі бағдарлама 6-дан 12-ге дейінгі балалардың өсуі мен даму қажеттіліктеріне жауап беретін болады және мектепті тастап жатқан балалардың санының өсуін азайтуға және білім беру сапасын жақсартуға бағытталатын болады. Бұл бағдарлама шеңберінде денсаулық пен дұрыс тамақтану, гигиена мен санитария, толеранттылық пен бейбітшілік сүюшілік саласында тұрмыс дағдыларын оқытуды енгізу жоспарланады. Сондай-ақ бұл Бағдарлама өтпелі кезеңнің теріс салдарынан туындаған әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде көбірек зардап шеккен балалардың арнайы қажеттіліктері мен проблемаларына жауап беретін болады. Осы мақсаттарды іске асыру үшін ЮНИСЕФ

Бес жыл мерзім аралығында негізгі ресурстардан 1 млн. 171 мың АҚШ долларын және осындай мерзім ішінде қосымша қордан (донорларды іздеу жөніндегі қызмет нәтижелі болған жағдайда) шамамен 1 млн. 950 мың долларын пайдаланады.

________________________________

* Бұл аудандарды іріктеуге критерийлер отбасының орташа кірісі, жергілікті жұмыссыздық деңгейі, жасөспірімдердің қауіп топтарының болуы, сондай-ақ қызметке әлеуетті серіктестерді (әсіресе НПО-ға) және ынтымақтастық жөніндегі халықаралық агенттерді тарту сияқты факторларды назарға ала отырып, серіктестермен бірге әзірленетін болады.

Бұл бағдарлама өз алдына мынадай міндеттер қояды:

1. Негізінен балаға икемделген оқыту ортасын құру;

2. Барлық балалардың құқықтарын қолдайтын және олардың қол жеткізу құқығын қамтамасыз ететін білім беру саясатын талқылау мен қалыптастыруға үлес;

3. Сабақ беру және мектептік басқару тәсілдерін, Қазақстанда тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайды дайындау, бейімдеу мен тарату бойынша қолдау көрсету;

4. Мектепке бару деңгейін сақтау кепілін қамтамасыз ету және орта мектепті тастап кетіп жүрген балаларды оқудан шығару деңгейін қысқарту;

5. Әлемдік білім беру стандарттарын мектепте оқыту бағдарламасына интеграциялау;

6. Білім сапасы мен оқытудағы жетістіктер мониторингінің ұлттық мүмкіндіктерін

құру мен күшейтуде Үкіметке жәрдемдесу;

7. Жергілікті жерлердегі мектептерде білім беру сапасын жақсартуда қоғамдыққа көмек көрсету;

8. Отбасы кірісі деңгейінің қысқаруынан, жұмыссыздықтан және әлеуметтік қауіпсіздік жүйесі дезинтеграциясынан қаттырақ зардап шеккен отбасы мен балаларға әлеуметтік көмекті шоғырландыру механизмін әзірлеуде Үкіметке көмек көрсету;

9. Балаларды арнайы мемлекеттік мекемелерге орналастыруға жол бермейтін және ерекше қорғау шараларын, қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялауға ықпал ететін балаларды қорғау жүйесін дамытуды қолдап дем беру;

10. Мемлекеттің асырауындағы мекемелерде болуға мәжбүр балаларды психологиялық және әлеуметтік күту сапасын көтеру.

Жастардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі бағдарлама жасөспірімдердің денсаулығын қорғау саласында ықпал ету мен дамытуға, жастарды жан-жақты дамытуға және ересек өмірге дайындық және 13-тен 18-ге дейінгі жастағы балаларда жауапты азаматтылық сезімін тәрбиелеу барысында тұрмыстық дағдылар дамытуға бағытталған. Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ұлттық бағдарлама шеңберінде ЮНИСЕФ жастарға сапалы медициналық қызмет көрсетуді, жастарды жан-жақты дамытуды және оның тұрмыстық дағдыларын дамытуды қамтитын жасөспірімдердің тұрмыс салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қолдап дем беретін болады. ЮНИСЕФ жасөспірімдердің өз дамуының мәселелерін шешуге қатысу механизмін құруды қолдайтын болады. Сонымен қатар, бұл бағдарлама салауатты өмір салты туралы ақпарат таратуға және жасөспірімдер топтары мен әлеуметтік қызмет көрсету саласының мамандары, бұқаралық ақпарат құралдары және НПО арасында байланыс жасауға бағытталады. Мұндай мақсатта ЮНИСЕФ бес жыл мерзім аралығында негізгі ресурстардан 985 мың АҚШ долларын және осындай мерзім ішінде қосымша қордан (донорларды іздеу жөніндегі қызмет нәтижелі болған жағдайда ) шамамен 2 млн. 250 мың долларын пайдаланады.

Бұл бағдарлама өз алдына мынадай міндеттер қояды:

1. Заңмен жанжалда жүрген және бас бостандығынан айырылған балаларға қатысты заңдарға қажетті өзгерістер енгізуді қолдап дем бере отырып, ювенальдық әділ соттың формалды жүйесі арқылы өтетін жастардың санын азайту;

2. Балаларды арнайы мекемелерге орналастыруға жол бермейтін және ерекше қорғалу шараларын қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялауды қолдайтын балаларды қорғау жүйесін дамытуды қолдап дем беру;

3. Жастарды жалпы сауықтандыру және жастарға білім беру, олардың қатынас жасауы мен ықылас білдіру сапасын арттыру тұрғысында жастарды көтермелеу жөніндегі Үкіметтің, ҮЕҰ-ның, жергілікті өкімет пен азаматтық қауымдастықтың күш-жігерлерін қолдау;

4. Жастардың салауатты өмір салты және СПИД/ВИЧ/жыныс жолдарымен

таратылатын аурулардың, сондай-ақ күре тамырдың ішіне есірткі құралдарын салудың қауіптілігі мәселелерінде хабардар болу деңгейін көтеру;

5. Жастардың әлеуметтік мәдени, спорт және азаматтық қызметке қатысуын қолдау, бұл оның моралдық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін толыққанды дамытуға әкеп соғады және жастарда азаматтық жауаптылық сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Сектораралық мәселелерді шешуге арналған шығындар

Бұл шығындар бабына бағдарламалық қызметті іске асыруға арналған операциялық шығындар және персоналдың ел деңгейіндегі қызмет көрсету құны кіреді. Сонымен қатар, бұл бапқа ел сектораралық мәселелерді шешуге бөлетін қаражаттар үлесі және Орталық Азия аймағы деңгейінде персоналдың қызметті іске асыру үшін қызмет көрсету құны кіреді. Бұл шығындарды жабу үшін ЮНИСЕФ бес жылдық мерзім аралығында негізгі ресурстардан 900 мың АҚШ долларын пайдаланады.

## IV-бап

## Бағдарламаның елдік стратегиясы

Төмендегі анықтамаға сәйкес баланың құқықтарын анағұрлым толық іске асыру принципіне негізделген бағдарламалық қызмет ЮНИСЕФ-тің бағдарламалық қызметінің балалар мен әйелдердің әлеуметтік-экономикалық мұқтаждарын дербестендірумен қатар балалар мен әйелдердің негізгі әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу құқықтарын құрметтеу, қорғау мен іске асыруға ықпал етуін талап етеді. Төменде көрсетілгендей, Қазақстанда балалардың құқықтарын мейлінше толық іске асыру принципіне негізделген көзқарас мынадай шаралардың қажеттілігі туралы мәселе қояды:

- Негізгі әлеуметтік қызметтерге ставка жасайтын көзқарас шеңберіндегі қолда бар ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- Жауапкершілікті арттыру және іске асыру, мониторинг, бағалау қызметі мен есеп берушілік сапасын арттыру арқылы есеп берушілік жүйесін күшейту;
- Бала құқықтары жөніндегі конвенция мен Әйелдерді қандай да бір кемсіту нысандарын жою жөніндегі конвенцияның мақсаттарына сәйкес келетін дамудың көрінісін қабылдау. Барлық құқықтар өзара байланысты болғандықтан өмір цикліне құрылған көпсекторлы, орталықсыздандырылған көзқарас қолдану қажет;
- Құқықтарды іске асыруға тілектестік білдіру арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан тілектестік білдіру негізгі стратегия болады.

Стратегияның негізгі түрлері

Қызмет көрсету: бұл салада қолдау материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру арқылы және сатып алулар жөніндегі қызметтердің көмегімен денсаулық қорғау, тамақтану, білім беру, сумен қамтамасыз ету, санитария мен ақпаратты басқару инфрақұрылымдарын күшейту арқылы көрсетілетін болады.

Потенциал құру: Жергілікті ҮЕҰ-мен қатар ұлттық және жергілікті өкіметке дербес техникалық мүмкіндіктердің, сондай-ақ халықтың мұқтаждары мен сұраныстарын

қанағаттандыру үшін адамдар мен қаржы ресурстарының болуы кепілдігін қамтамасыз ету шарасы ретінде пайдаланылатын болады.

Мақсатты топтардың ролін күшейту: өз проблемаларын шешу кезінде дербестік қалыптастыру үшін халықтың өзін жеткілікті хабардар етіп отыру, уәждемелеу және жұмылдыру кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ресурстарға, дағдылар мен қызметтерге сұраныс құру мақсатында өткізілетін болады.

Насихаттық қызмет: құндылықтар жүйесіне, балалардың құқықтарын мейлінше толық түсіну мен іске асыруды қамтамасыз ету үшін Үкімет пен түгел азаматтық қауымдастықтың көзқарасы мен бағытына әсер ету мақсатында өткізілетін болады.

Жоғарыда көрсетілген төрт стратегия түрі, атап айтқанда: мақсатты топтардың ролін күшейту, потенциал құру, қызмет көрсету және насихаттық қызмет әрбір жеке баланың да, балалар топтарының да құқықтары кепілдігін қамтамасыз етуге өз үлесін енгізуі үшін жеке-жеке қолданылатын болмайды, олар бір-бірін толықтыратын құрамдас бөліктер болады.

## V - б а п
## Географиялық қамту және көмек алушылар

Қазақстанда барлығын алғанда бес миллионнан аса бала, ал тиіп тұрған Орталық Азия елдерінде - тағы да 20 миллион бала тұрады, олардың барлығын ортақ проблемалар біріктіреді. Бұл халық тобы бала туатын жастағы 3.9 миллион әйелмен бірге қызметінің негізгі принциптеріне және Бала құқықтары жөніндегі конвенция мен Әйелдерді қандай да бір кемсіту түрлерін жою жөніндегі конвенцияның ережелеріне сәйкес ЮНИСЕФ үшін ерекше қызығушылықтың мән-мағынасы болып табылады. Олардың проблемаларын дербестендіру шұғыл назар аударуды талап етеді. Сонымен, әйелдер мен балалар осы стратегияның негізгі көмек алушылары болып табылады. Мұндай көзқарас реформалау кезінде қоғамның ең осал топтарын қорғауға бағытталған . Жалпы алғанда, балалар, атап айтқанда жасөспірім қыздар теңдікті қамтамасыз ету үшін әйелдермен және аналармен қатар бағдарламаның назар аудару орталығында болады. Олардың проблемалары экономикалық әлеуметтік, географиялық факторлармен немесе жыныстық кемсітумен тереңдетілетін жағдайларда бұл проблемаларды дербестендіру халықтың осы топтарының құқықтарына және олардың қажеттіліктері өзектілігінің деңгейіне сәйкес болатын болады. Осы Негізгі Операциялар Жоспары елдің деңгейінде балалар мен әйелдердің ортақ және жеке проблемаларға көзқарасы шеңберінде жасалған.

Бұл стратегияның халықаралық сипатына қарамастан, Негізгі Операциялар Жоспарында қамтылған мәселелер тек Қазақстан аумағында қолдану салаларына қатысты, Тиісінше, Үкімет пен ЮНИСЕФ ұлттық және қосалқы ұлттық қажеттіліктерге дұрыс жауап беруі үшін оның қызмет ету аясы мен бағыттылығын әрі қарай дамыту мен белгілеу бойынша күш-жігер салуға тиіс. Қажет болған жағдайда бағдарламаның белгілі бір элементтері елдегі кейбір белгіленген аудандарға орталықтандырылады.

Жыл сайынғы Бағдарламалық Іс-әрекеттер Жоспарларын әзірлеген кезде дербестелетін проблемалардың сипаты мен көлемі, іс-шаралардың техникалық және шұғыл параметрлері, нақты салада ұлттық немесе халықаралық көмектің болуы немесе жоқтығы және біріктірілген сектораралық және көпқилы қызмет түрін дамыту қажеттілігі сияқты факторлар ескерілетін болады.

Арал теңізінің экологиялық дағдарысының тереңдеуіне және оның балалар мен әйелдерге негативті әсер етуі дәлелдемелерінің көбеюіне байланысты әлеуметтік проблемаларға ұзақ мерзімді түрде бар назарды аударуды қамтамасыз етуге бағытталған АСПЕРА (Арал теңізі: экологиялық және аймақтық көмек жобасы) деп аталатын, халықтың осы тобына назар аудара отырып, қосалқы ұлттық жоба әзірленген . АСПЕРА жобасы Арал теңізінің дағдарысынан негізінен зардап шеккен үш ел Қазақстанда Қызылорда облысы, Түркменстанда Дашховуз велаяты және Өзбекстанда Қарақалпақстан Автономды Республикасы аудандарын қамтыған. Жаңа бағдарлама шеңберінде аналарды және неонаталдық күту; сәбилерді күту мен дамыту; оқыту ортасын жақсарту; сумен қамтамасыз ету, экология және санитария бойынша сондай-ақ Арал теңізі аймағында арнайы жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жалғастырылады.

1997 жылғы желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясы 52 Сессиясының қарарына сәйкес, ЮНИСЕФ 1949 жылдан 1989 жылға дейінгі мерзімде бұрынғы КСРО шамамен 470 ядролық қару сынақтарын жүргізген Семей аумағының балалары мен әйелдерін тікелей қолдайтын болады. Бұл сынақтар экология мен денсаулық қорғау салаларындағы баламасы жоқ мониторингпен және қорғаумен ұқсастырылады. ЮНИСЕФ-тің қызметі процесс пен қоғамдыққа бағытталған біріктірілген, икемді және ұзақ мерзімді іс-шараларға бағытталатын болады. ЮНИСЕФ железо жетіспеушіліктен қаны аздық, сәбилердің ауруын біріктірілген түрде жүргізу (САБЖ), сумен қамтамасыз ету экология және санитария не болмаса гигиена мен санитарлық сауаттылыққа назар аудара отырып, аналарды және неонаталдық күту сияқты өзіндік ерекше салаларда күш-жігерін біріктіреді.

Каспий теңізінің жанындағы облыстарда, - әсіресе Маңғыстау облысында - Қазақстандағы сәбилердің шетінеуінің ең жоғарғы көрсеткіштері үнемі байқалып отырады (1997 жылы Маңғыстау облысында тірі туған 1000 балаға 41,4 шетінеген). Оған қоса Каспий теңізіндегі жақында болған су деңгейінің көтерілуі бірқатар негативті экологиялық салдарға әкеп соқты. Санитарлық жағдайлар толқындардың жоғарылауы үшін су басып кетуге ұшырайтын облыстарда өте төмен деуге болады. Бұның көптеген себептері бар, дегенмен ең маңыздысы, теңіз зиян келтіретін аудандарда орналасқан селоларға елдің қоныстауы болып табылады. Қосымша қаражаттар тарту мақсатында донорлар іздестіру жөніндегі нәтижелі қызметтің барлық жағдайларында ЮНИСЕФ осы аймаққа көмек көрсетуге ұмтылатын болады, ал іс-шаралар аналарды және неонаталдық күту санитариялық-гигиеналық сауаттылық,

сумен қамтамасыз ету, экологиялық және санитария сияқты қызметтерге бағытталады.

Және қорыта келіп, Жастардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі Бағдарламаның шеңберінде жастар жоғары қауіп топтары болып табылатын аймақтардың, мәселен, ірі қалалардың жасөспірімдеріне қолдау көрсетеді.

**Ескерту. Қазақстанның картасын қағаздағы нұсқадан қараңыз.**

**V I - б а п**

**Мониторинг, бағалау және қолданбалы зерттеулер**

Мониторинг, бағалау және қолданбалы зерттеулер Қазақстанда бағдарламалар мен жобаларды іске асыру кезінде қолданылатын стратегияның негізгі және бір-бірімен байланысты элементтері болып табылады.

Бағдарламалық қызмет нәтижелілігінің өлшемі

Көрсеткіштердің детальдік тізімі II бөлімге (Бағдарламалық Операциялар Жоспары) қосылған, бірақ, осымен қатар, осы бағдарламаны іске асырудың бірінші жылдары ішінде ЮНИСЕФ пен Үкіметтің бірлескен күшімен жүзеге асырылатын нәтижелілік көрсеткіштерін одан әрі әзірлеу жалғастырылады. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның ортақ мақсаттарына қатысты қол жеткізілген прогресті бағалау мақсатында пайдаланылатын болады. Бағдарламаның нәтижелілігін бағалау бағдарламалық қызметтің жалпы нәтижелілігін бағалаудың негізгі құралы болады, ал ұлттық және аймақтық шолулар ағымдағы жағдайды талдауды дамытуға өз үлесін енгізеді.

Мониторинг және бағдарламаларды іске асырудағы жетістіктерді бағалау

ЮНИСЕФ-тің де, Үкіметтің де тарапынан көрсетілгендей, алдыңғы бағдарламаны іске асырудағы тараптардың осал жерлерінің бірі жоспарланған салымдарға қатысты нақты жобалық салымдар мониторингін жүзеге асыру үшін; бағдарламамен/жобалармен белгіленген мақсаттарға жету прогресін бағалаумен қатар, Жобалық іс-әрекеттер Жоспарларында жоспарланған қызметті мейлінше толық іске асыру мониторингі үшін қажетті жобалық міндеттерді орындау бойынша анық мағлұматтардың болмауы болып табылады. Оны іске асырудың бүкіл мерзімі аралығында бағдарламалық қызметтің сәйкестігі мен тиімділігі кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында мыналарды қамтитын мониторинг пен бағалаудың бірқатар құралдары пайдаланылатын болады:

- Үкіметтің/ЮНИСЕФ-тің бірлескен күшімен өткізілетін бағдарламалық/жобалық қызметтің тоқсан сайынғы шолулары: әрбір жобаны шолу Жобалық Іс-әрекеттер Жоспарындағы қызметтің әр түріне көзделген салымдарды (жеткізілім мен қолма-қол қаражаттар түрінде) бағалау арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл сатыда жоспарланған жобалық салымдарды жүзеге асырған кезде кездескен кедергілер айқындалады, сондай-ақ кейбір анықталған кедергілерді жоюға іс-әрекеттер жасалады.
- Бағдарламалық/жобалық қызметті жыл сайын шолу, Әр жылдың аяғында жобаны жүзеге асыруға көмектесіп жүрген серіктестерге Жобалық Іс-әрекеттер Жоспарымен белгіленген жобалық міндеттерді орындау бойынша Үкіметке және ЮНИСЕФ-тің

Штаб-пәтеріне детальдік есеп беру өтінішімен сұрау салынатын болады. ЮНИСЕФ пен оның серіктестерінің бірлескен күштерімен бір жылдың ішінде анықталған кедергілермен қатар нәтижелі қызметке қол жеткізілгенді көрсететін толық бағалау есебі әзірленді, содан кейін жобаны орындау жөніндегі барлық серіктестермен жағдайды түзетуге қажетті шаралар талқыланатын болады.

- Орташа шолу 2002 жылы өткізілетін болады, оның ішінде ЮНИСЕФ пен оның серіктестерінің бірлескен күштерімен соңғы екі жарым жыл ішінде анықталған кедергілерді көрсете және жағдайды түзеу бойынша шараларды талқылай отырып, нәтижелі қызметтің жетістіктерін көрсететін толық бағалау есебін дайындайды. Бұл шолу үшінші бағдарламалық циклге қызметті жоспарлау мәселелерін талқылау бойынша негізгі нүкте болады.

- Бағдарламалық циклдың соңындағы шолу 2004 жылы ел деңгейінде екінші бағдарламалық циклды іске асыру жөніндегі ортақ жетістіктерді бағалау мақсатында өткізіледі Үшінші елдік бағдарламалық циклды жобалауды жақсарту ниетімен бағдарламалық қызметтің нәтижелілігі бағаланатын болады.

- Қызметті іске асыру жерлерінде мониторингті жүзеге асыру: ЮНИСЕФ-тің орталық деңгейдегі серіктестерімен бірігіп жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру мақсатында жобалық қызметті іске асыру жерлеріне көптеген жол жүрулерді жүзеге асырады. Осы сапарлар кезінде жиналған мағлұматтар тоқсан сайынғы шолу іс-шаралар мен жиналыстарда пайдалану мақсатында талданатын болады.

## VII-бап

## БҰҰ жүйесінің басқа да ұйымдарымен және өзге де мекемелермен қарым-қатынас жасау

Осы Операциялар Жоспарында көрсетілген бағдарлама халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың бағдарламалары сияқты, БҰҰ-ның басқа да халықаралық және екіжақты бағдарламаларымен қатар толықтырылатын және орындалатын болады. Үкімет пен ЮНИСЕФ барлық жоғарыда аталған ұйымдардың Бағдарлама мен Негізгі Операциялар, Жоспарын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етті. Тиісінше, ЮНИСЕФ те, Үкіметтің өкілеттіктері шеңберіндегі және ЮНИСЕФ-тің айтарлықтай тәжірибесі бар салалар шегіндегі облыстарда басқа мекемелер мен ұйымдардың бағдарламалары мен жобаларын жоспарлауға үлес қосты Мүмкіндігінше, қарым-қатынас іздеу, ЮНФПА, ПРООН, УВКБ БҰҰ және ВОЗ күштерінің біріккен бағдарламалық циклын үйлестіруді қоса отырып, осы елге тән қызмет түрлері саласындағы БҰҰ ұйымдарымен және өзге де мекемелермен өтетін болады. Халықаралық және жергілікті ҮЕҰ-мен қарым-қатынас жасаудың бастамасы құрылады . Сондай-ақ ЮНИСЕФ негізгі екі жақты донорлармен бірге денсаулық сақтау және білім беру секторларында Дүниежүзілік Банкпен және Азиялық Даму Банкімен тығыз қарым-қатынаста болады. Іс-әрекеттерді қайталаудан және адамдар мен қаржы ресурстарын дәлелсіз жұмсаудан қашуға мүмкіндік беретін, кемінде бір мекеменің

мекеме аралық деңгейде қатысуын көздейтін немесе оның қызметіне қатысты бағдарламаларды бақылау және мониторингі кепілін қамтамасыз ету үшін қазіргі жағдайға үнемі шолу жасалып отыратын болады.

**VIII-бап**

**Тараптардың жауапкершілігі**

3 және 4-баптарда көрсетілгендей, бұл Бағдарлама Қазақстанда Бала құқықтары жөніндегі конвенция мен Әйелдерді кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенцияға негізделген және тікелей көмек көрсету түрлері, мекемелердің мүмкіндіктерін күшейту және халықтың потенциалын құру арасындағы балансқа назар аударатын стратегия арқылы, сондай-ақ насихаттық қызметпен орындалады. Балалар мен әйелдердің әлеуметтік қорғалуы мен дамуы үшін жауап беретін үкіметтік мекемелермен қатар, Денсаулық қорғау жөніндегі агенттікті қоса отырып, тиісті министрліктер бағдарлама мен жобалар жөніндегі іс-шараларды басқаруда негізгі серіктестер болады. Жалпы алғанда, бағдарламалар жөніндегі қызметті Қазақстан Үкіметі тарапынан үйлестіру Вице Премьер-Министр және Сыртқы істер министрлігі деңгейінде жүзеге асырылатын болады. Елдің бағдарламасын және жобалар жөніндегі қызметті басқару жөніндегі нақты міндеттер осы Негізгі Операциялар Жоспарында және Жобалық Операциялар Жоспарында көрсетілген немесе тиісті жыл сайынғы Жобалық іс-әрекеттер Жоспарларында белгіленетін болады.

ОАҚР-ның елдерінің жұмысын үйлестіретін және ОАҚР-ның әрбір жеке алынған елінде тіркелген Өкіл болып табылатын ОАҚР-дағы Өкілмен басқарылатын Алматыдағы ЮНИСЕФ ОАҚР Өкілдігі алға қойылған бағдарламаны жүзеге асыру үшін, әсіресе техникалық және материалдық-техникалық қолдау көрсету үшін, сондай-ақ жалпы жоспарлау мен басқару үшін ортақ жауап беретін болады. Жалпы ресурстар бюджетінің шамамен 25%, ОАҚР Өкілдігі көрсететін қызметтерге ақы төлеуді қоса отырып, бес жылдық мерзім аралығында бағдарламалар мен операциялар жөніндегі секторaралық көмекші қызметке пайдаланылады.

Стратегия мен осы Негізгі Операциялар Жоспарын Қазақстанда орналасқан Орталық Азия-Өкілдігі басқаратын және үйлестіретін болады. Үкіметпен жасалған келісімдерге сәйкес ЮНИСЕФ, шолу іс-шаралары мен үйлестіру жағынан қолдауды қоса отырып, жалпы қадағалауды және қызметті іске асыру бойынша қолдауды жүзеге асыратын болады. Орталық Азия Өкілдігінде жұмыс істейтін персонал, сондай-ақ бағдарламалар жөніндегі Аға маман және ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ-тің Өкілі қажеттілігіне қарай бағдарламаларды іске асыру кезінде қажетті көмек көрсетеді. Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдігі әкімшілік шаралар мен Үкіметпен байланысты жүзеге асыру үшін жауап беретін болады.

ЮНИСЕФ-тің Штаб-пәтерінен, сондай-ақ Женевадағы ЮНИСЕФ-тің Аймақтық Өкілдігінен тәжірибелі персонал, ОАҚР Өкілдігі қызметкерлерінің көмегімен шешуге келмейтін мәселелерді шешуге шақырылатын болады. Сырттан халықаралық

консультанттар шақырту насихаттық қызметті саяси деңгейде жүзеге асыру бойынша арнайы тәжірибе мен қолдау алу қажеттілігіне негізделетін болады.

## IX-бап

## ЮНИСЕФ міндеттемелері

ЮНИСЕФ-тің Атқару Кеңесі Негізгі Ресурстар қаражатынан 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2004 жылдың 31 желтоқсанына дейін қаражаттардың болуы шартымен осы Негізгі Операциялар Жоспарында аталған бағдарламалар шеңберінде іс-шараларды қолдауға 4 миллион 500 мың АҚШ доллары көлемінде жалпы сома бөлуді мақұлдады.

Осыған қоса, Атқару Кеңесі ЮНИСЕФ-ті осы Негізгі Операциялар Жоспарында белгіленген бағдарламалық қызметті іске асыру бойынша қолдау көрсету мақсатында қосымша қорлардың шамамен 7 миллион 500 мың АҚШ долларын жұмылдыру бойынша қызмет атқаруға өкілдік берді. Бұл қаражаттардың болуы донорлардың хабардарлығы мен олардың ұсынылып отырған жобаларға қызығушылық білдіруіне байланысты болады.

Осы Негізгі Операциялар Жобасында көзделген қызметті дамыту мен іске асыру бойынша ЮНИСЕФ тарапынан көрсетілетін көмекке материалдар мен құралдар жеткізу, оларды тасымалдау, насихаттық қызметті жүзеге асыру үшін техникалық персоналдың қызмет көрсетуі, қорлар беру, зерттеулер жүргізу, кеңесшілердің қызмет көрсетуі, бағдарламаны дамытуға, мониторингіне және бағалануына қаражаттар беру, халықты ақпараттандыру жөніндегі іс-шаралар және бағдарламалар шеңберінде коммуникациялық кампаниялар, кәсіби дайындық өткізу жөніндегі қызмет, сондай-ақ мекемелердің персоналына көмек көрсету кіреді.

Үлестірудің өзіндік ерекше детальдары және осы бағдарламаны қолдаудағы ЮНИСЕФ-тің тарапынан жыл сайынғы көмекті кезең-кезең жоспарлау әрбір Бағдарламалық Операциялар Жоспарының шеңберінде жасалады. Жыл сайынғы Жобалық Іс-әрекеттер Жоспарын дайындау арқылы кейіннен қаражаттарды мейлінше детальді түрде үлестірумен бюджеттің бөлінуіне жыл сайынғы шолулар жасалып отыратын болады. Төменде келтірілген кесте 2000 жылдың қаңтарынан бастап 2004 жылдың желтоқсанына дейінгі мерзімге бағдарламалар мен жылдар бойынша қорлардың жалпы бөлінуін көрсетеді.

ЮНИСЕФ-тің шектеулі қаржы ресурстары балалардың өмір сүруіне, дамуы мен қорғалуына барынша әсер етуге қол жеткізуге болатын облыстарға шоғырланатын болады, сондай-ақ ұлттық саясатты және құқықтарды қорғау мен балалар мен әйелдерге жақсы өмір сүру жағдайларын жасау саласындағы тұрақты жетістіктер процестерін күшейтуге жұмсалады.

ЮНИСЕФ бұл елдер Үкіметтерінің бірде-бір өкіліне қаржылық көмек көрсетпейтін болады. Өз қолындағы қаражаттар мен Үкіметтің қазіргі саясатына негізделе отырып, ЮНИСЕФ бұл салада қызмет етпеуді ұйғарды. Алайда, министрліктердің және

Үкіметтің басқа да органдарының рұқсатымен ЮНИСЕФ арнайы зерттеу қызметін өткізу немесе консультациялық қызмет көрсету не болмаса олардың күнделікті міндеттері шеңберінен тыс кәсіби дайындық өткізу бойынша осы елдердің үкімет аппаратының кейбір қызметкерлеріне немесе басқа да мамандарына қысқа мерзімді келісім шарттар ұсынуы мүмкін. Мұндай көмек түрі экономикалық тиімді және ұлттық мүмкіндіктер мен еларалық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді деп танылады.

ЮНИСЕФ осы Операциялар Жоспарында көрсетілген қызмет түрлеріне сәйкес шетелден тасымалдауды қоса отырып, құралдар мен материалдар түрінде көмек көрсету жөніндегі шығындарды қолдайды. Жергілікті рынокта қызметті жүзеге асыруға қажетті қызметтерді сатып алуға тек олардың экономикалық тиімділігі жағдайында немесе төтенше жағдайлар кезінде мүмкін болады. Әдетте Үкімет ел ішінде көлік беру үшін жауап береді. Соған қарамастан, қажет болған жағдайда немесе егер мемлекеттік көлік құралдарының жетіспеушілігі жобаның орындалуына қауіп төндірсе, ЮНИСЕФ бұл мәселеде көмегін тигізеді.

Ойламаған мән-жайларға байланысты тығыз қажеттілік бойынша жасалған шығыстарды қоспағанда, ЮНИСЕФ-тің тарапынан барлық жұмсалымдар оларды уақытында жеткізу мен пайдалануды қамтамасыз ету үшін тиісті министрліктермен бірігіп алдын ала жоспарланады. Үкімет қызметкерлері жеткізілім туралы алдын ала хабардар болуы және вакциналарды және, кідіртпей қабылдау мен арнайы күтіп ұстауды талап ететін дәрі-дәрмектерді сақтауға аса назар аудара отырып, келген жүкті қабылдап, тиісті түрде қоймаға қоюы үшін тапсырыс берілген құралдар мен материалдардың жеткізілімін ЮНИСЕФ-тің офисі бақылап отыратын болады.

Шығындар сметасы

(мың АҚШ долларында)

| | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі Ресурстар | | | | | | |
| Ана мен баланың өмір сүруі мен қорғалуы | 329 | 329 | 262 | 262 | 262 | 1444 |
| Баланы жан-жақты дамыту | 193 | 193 | 261 | 261 | 263 | 1171 |
| Жастардың әл-ауқатын жақсарту | 197 | 197 | 197 | 197 | 197 | 985 |
| Сектораралық шығындар | 180 | 180 | 180 | 180 | 180 | 900 |
| Негізгі Ресурстар бойынша барлығы: | 899 | 899 | 900 | 900 | 902 | 4500 |
| Қосымша Қорлар | | | | | | |
| Ана мен баланың өмір сүруі мен қорғалуы | 750 | 750 | 600 | 600 | 600 | 3300 |
| Баланы жан-жақты дамыту | 300 | 300 | 450 | 450 | 450 | 1950 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жастардың әл-ауқатын жақсарту | 450 | 450 | 450 | 450 | 450 | 2250 |
| Қосымша Ресурстар бойынша барлығы: | 1500 | 1500 | 1500 | 1500 | 1500 | 7500 |
| Барлығы: | 2399 | 2399 | 2933 | 2400 | 2402 | 12000 |

Егер бір бағдарламаны іске асыру деңгейі жыл сайынғы есептерден айтарлықтай төмен болатын болса, іске асырудың анағұрлым жоғары деңгейі байқалатын басқа бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған қаражаттарды қайта үлестіруге болады.

Жобалық іс-шараларды жүзеге асырған мерзім кезінде ЮНИСЕФ қолма-қол қаражаттар мен материалдар беру түрінде көрсетілетін көмекті оңтайлы сәйкес келтіру кепілін қамтамасыз етуге бар мүмкіндіктерді пайдаланады.

ЮНИСЕФ уақытылы тапсырыстарды және материалдар мен құралдарды жеткізуге, сондай-ақ жәрдем беруге қатысты министрліктермен, ҮЕҰ және басқа да іске қосылған ұйымдармен кеңесетін болады. ЮНИСЕФ тиімді және уақытында кедендік тазартуды, қоймаларға қоюды және бөлуді қамтамасыз ету үшін материалдар мен құралдардың жіберілу/келуі туралы мүдделі ресми адамдарды уақытында хабардар ететін болады.

ЮНИСЕФ Бағдарламалық Операциялар Жоспары мен жыл сайынғы Іс-әрекеттер Жоспарларында көрсетілген мақсаттарға пайдаланылмаған кез келген берілген құралдар мен материалдарды қайтаруды талап ету құқығын сақтайды.

**X - бап**

**Үкіметтің міндеттері**

Үкімет ЮНИСЕФ немесе/және БҰҰ-ның басқа да мекемесі немесе халықаралық ұйым қамтамасыз еткен жағдайларды қоспағанда бұл ел қатысатын бағдарламаны елде орындау үшін және еларалық іс-шаралар үшін қажетті, қайтаруға жататын да, жатпайтын да техникалық көмек пен қорларды қоса отырып, қызметкерлермен, үй-жайлармен, құралдармен қамтамасыз етеді. Үкіметтің қатысуының толық шарттары елдің бағдарламалары мен жобаларының тиісті секцияларында жазылған, сондай-ақ Жыл сайынғы Іс-әрекеттер Жоспарында анық белгіленетін болады.

Осы Негізгі Операциялар Жоспары бұл бағдарламалар соларға арналған халықтың немесе үкіметтік емес мекемелердің қатысу нысандарының детальді түрде сипаттамасын бермейді. Мүмкіндігінше бұл жағдайлар толығымен Жыл сайынғы Іс-әрекеттер Жоспарларында жазылатын болады.

Осы Негізгі Операциялар Жоспары мен тиісті Жобалық Іс-әрекеттер Жоспарларында көрсетілгендей Үкімет материалдар мен құралдарды ел ішінде тасымалдау, сақтау мен тиімді түрде үлестіру үшін жауап беретін болады. Егер жеткізілім келіп түскен портта белгіленген уақытта кедендік тазартудан өткізілмесе, бұл жауапкершілікке кедендік тазарту мен кез келген тұрып қалу жөніндегі шығындар кіреді.

ЮНИСЕФ-тің ережелері мен нормаларына сәйкес Үкімет қызметтің осы түрлері

аяқталысымен Операциялар Жоспары шеңберінде берілген қолма-қол қаражаттар түріндегі жәрдемақылар туралы, әдетте, жәрдемақылар берілгеннен кейін алты айдан кешіктірмей есептік құжаттар тапсырады.

Үкімет елдің бағдарламалары бойынша жыл сайынғы және орташа мерзімді шолулар дайындау жөніндегі қызметке белсенді қатысатын болады. Үкімет ЮНИСЕФ-пен бірігіп немесе осы үшін тағайындалған ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік аппараттың жекелеген қызметкерлері Операциялар Жоспарында белгіленгендей қоғамдық деңгейде көмек алушыларға олардың әсерін белгілеу мақсатында тұрақты уақыт мерзімдері аралығында елдің бағдарламалары мен жобаларын бағалауды жүзеге асыратын болады.

Үкімет қандай да бір үшінші тараптың ЮНИСЕФ-ке, оның кеңесшілеріне, агенттеріне немесе қызметкерлеріне қоятын кез келген наразылықтарын қарау бойынша жауап береді. Наразылықтардың осы кеңесшілер, агенттер немесе қызметкерлер тарапынан өрескел бұзушылық немесе тиісті назар аудармаушылық нәтижесінде пайда болғандығы туралы Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің өзара келісімі болған жағдайларды қоспағанда, ЮНИСЕФ, оның кеңесшілері, агенттері немесе қызметкерлері осы келісім жөніндегі қызметтің нәтижесінде пайда болатын қандай да бір жауапкершілікке тартылуы мүмкін емес.

Үкімет келісілген Бағдарламаның қаржылық мұқтаждарын қанағаттандыруға қажетті қосымша қорлар тарту бойынша ЮНИСЕФ-тің күш салуын қолдайтын болады және мынадай түрде ЮНИСЕФ-пен қарым-қатынас жасайтын болады:

а) ЮНИСЕФ мақұлдаған экстремалдық жағдайда көмек сұрауға қатысты құжаттарды дайындаумен қатар қосымша қаржыландыруға негізделген Ел Бағдарламасының компоненттерін орындауға қажетті қаражаттарды ЮНИСЕФ-ке беруді қалайтын потенциалды донор-үкіметтерді көтермелеу;

б) Бағдарламаны орындау үшін халықаралық та, Қазақстан ішіндегі де жеке сектордан қаражаттар тарту жөніндегі ЮНИСЕФ-тің күш салуын қолдау;

в) балаларды қорғаудағы осы Бағдарламаны қолдау мақсатында Қазақстандағы жеке адамдар, корпорациялар мен қорлар жасайтын, салық салынбайтын қайырмалдықтар мен жарналарға рұқсат беру.

## XI-бап

## Түпкілікті шарттар

Бірінші және Екінші Томдардан тұратын осы Негізгі Операциялар Жоспары елдің бірегей бағдарламасын білдіретіндей етіп жасалған. Осы жұмыс құрылымының жалпы шарттары Екінші Томда аталған кез келген жеке алынған құрамдарға қолданылады.

Осы Негізгі Операциялар Жоспары тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, бірақ оның қызмет етуі 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2004 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімді қамтиды деп ұйғарылады.

Негізгі Операциялар Жоспары Үкімет пен ЮНИСЕФ-тің өзара келісімі бойынша

өзгертілуі мүмкін.

Осы Негізгі Операциялар Жоспарында ештеңе Қазақстан Республикасының Үкіметі қол қойған Біріккен Ұлттар Ұйымының Артықшылықтар мен Иммунитеттер жөніндегі конвенциясының мазмұны мен мәні шеңберінде ЮНИСЕФ құқықтарының қорғалуын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

Мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде - екі данада жасалған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін ____________________________

Қызметі Сыртқы Істер Министрі

БҰҰ-ның Балалар қоры үшін __________________________________________

Қызметі ЮНИСЕФ-тің өкілі

2000 жылының ақпанның 11 жұлдызы

Қол қойылған жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры 2000-2004 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы**

**II Бөлім**

**Ақпан, 2000 жыл**

**Ана мен баланың өміршеңдігі, дамуы мен қорғалуы жөніндегі бағдарлама**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Аналық және шетінеушілік жөніндегі күтім жоба | Баланың өміршеңдігі жөніндегі жоба | Баланың ерте дамуы жөніндегі жоба | Саясат пен мониторингті әзірлеу жөніндегі жоба |
| Аналардың қауіпсіздігі | Қауіпсіз иммунизациялау | Ата-аналарды машықтарға үйрету | Саясат пен мониторингті әзірлеу және төтенше жағдайларға дайындау жөніндегі шағын жоба |
| Шағын нутриентті жолсыздықтар | Бала жасындағы аурулардың біріктірілген жүргізілуі | Қоғамдағы мектеп жасына дейінгі тәрбие | |
| Емшектегі баланы тамақтандыру | | Мекемелерде ұстауға баламалы көзқарастар | Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба |

## Қысқаша шолу

Ана мен баланың өміршеңдігі, дамуы мен қорғалуы жөніндегі бағдарлама бала дамуындағы алғашқы өмірлік кезеңді - баланың бойға бітуі сәтінен бастап 6 жасқа толғанға дейінгі кезеңін қамтиды. ЮНИСЕФ әртүрлі серіктестіктермен ынтымақтастықта өзінің қызметін ана мен баланың оның бастапқы даму кезеңдерінде денелік, психо-эмоциональдық қажеттіліктеріне байланысты проблемаларды шешуге жұмылдыратын болады. Бағдарлама ана мен нәрестелік шетінеуді қысқартуға, сондай-ақ теміржетіспеушілік ауытқуларға және йод жетіспеушілігінен болатын бұзылушылықтарға байланысты салдарларды азайтуға бағытталған. Бұл бағдарлама уақытылы да қауіпсіз иммундандыруды жүргізу емшектегі баланы тамақтандыру және медициналық қызметкерлерді күтім жасаудың аз шығынды жаңа әдістеріне үйрету жолымен балалардың өміршеңдігі мен қорғалуы жөніндегі іс-шараларды ынталандыратын болады. ЮНИСЕФ бала жасында анағұрлым кең таралған ауруларды азайтуға бағытталған бала жасындағы ауруларды интеграциялап жүргізу (БЖАИЖ) жөніндегі бағдарламаны кең ауқымда тарату жөнінде басталған жұмысты жалғастыратын болады. Тұрғындар мен отбасылар арасында олардың машықтарын жақсарту және мектеп жасына дейінгі тәрбиенің азшығынды әдістерін дамыту жөніндегі жұмысты жүргізу жолымен балалардың ерте жастағы күтімі мен дамуына жаңа көзқарастарды әзірлейтін болады. Сонымен бірге мекемелерде мемлекеттік ұстауда жүрген балалардың санын азайту, және оларды осындай мекемелерде ұстаудың жағдайларын жақсарту жөнінде белгілі бір жұмыстар жүргізілетін болады. ДДСҚҰ және Дүниежүзілік Банкпен ынтымақтастықта бала жасындағы ауруларды интеграциялап жүргізу жобасы бойынша жұмыс істей отырып, ауытқушылыққа қарсы күрес және бақылау жөніндегі қызмет жалғастырылатын болады, ЮНИСЕФ баланың ерте өсуі мен дамуы жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларға айрықша назар аударады. Аналар мен отбасыларға бағытталған әлеуметтік сипаттағы ақпаратты таратуға айрықша маңыз беріледі. Осы мақсаттар үшін ЮНИСЕФ негізгі ресурстардан бесжылдық кезеңде 1 млн. 444 мың АҚШ долларына жуық, және донорларды іздестіру жөніндегі қызметтің сәттілігі жағдайында қосымша қорлардан 3 млн. 300 мың АҚШ долларына жуық қаржыны пайдаланады.

## Жағдайды талдау және негіздеу

Демографиялық жағдай Қазақстан тұрғындарының саны 1992 жылғы 16,5 миллионнан 1998 жылы (алдын ала есептерге сәйкес) 15,7 миллионға азайды. Бұған көптеген факторлар ықпал жасады. Солардың бірі ретінде туу деңгейінің 21,7% 1997 жылы 14,7% айтарлықтай төмендеуін атап өтуге болады. Тұрғындар санының азаюына ықпал еткен факторлардың бірі өлу деңгейінің 10,4% белгісіне дейін ұлғаюы болды.

Алайда соңғы уақытта өлудің жалпы деңгейінің төмендеу тенденциясы байқалады. Соңғы ондаған жылдар бойы Қазақстанда сәбилердің өлу деңгейі біртіндеп төмен түсуде.

## Т а м а қ т а н у

Тамақтану машықтары мен ананың жағдайы жүктіліктің сәтті аяқталуына айтарлықтай ықпал етеді. Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан тамақтану институты өткізген, 1996-97 жылдардың 3-4 айына созылған зерттеулер тұрғындардың 70% (70.8%) астамының калорияның біркелкі келмеуінен зардап шегетінін көрсетті. Бұл көрсеткіш тұратын жеріне байланысты құбылып отырады және тұрғындардың әртүрлі топтарының тамақтану салтындағы айырмашылықтарды көрсетпейді. Селолық жерлерде тұратындар қала тұрғындарына қарағанда калорияларды орта есеппен көбірек тұтынады. Зерттеулер сондай-ақ респонденттердің жасы мен этникалық өзгешеліктеріне байланысты калориялардың жетімсіз келуінің құбылып тұратынын көрсетті. Әйелдер ерлерге қарағанда көбірек зардап шегеді. Жасы егде тартқан адамдардың бәрінде дерлік (95,5%) тамақтануында калориялар жетіспеушілігінің байқалғанын елестетудің өзі қиын.

Жүктілік нәтижесіне кері ықпал ететін жағдайдың бірі қан аздығы болып табылады. 1995 жылғы Қазақ медико-демографиялық зерттеулерінің (ҚМДЗ-95) деректеріне сәйкес әйелдердің 31,7% қан аздығының жеңіл, 10,6% орта және 1,1% ауыр түрлерінің бар екенін көрсетті. ВМС пайдаланатын әйелдердің арасында қан аздығы көп болды, ал қан аздығының жүкті емес және емізбейтін әйелдерге қарағанда жүкті әйелдердің арасында үш есе жиірек кездесті.

## Денсаулық сақтаудың инфрақұрылымы

Бірнеше деңгейге бөлінген денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымы кеңінен қол жетерліктей, және жағдайдың нашарлауына қарамастан соңғы жылдарда тұрғындардың 100% қол жетерліктей шектерде медициналық көмекке қол жеткізуде деп есептелуде. Осыған қарамастан бүкіл ел бойынша 700-ден аса фельдшерлік-акушерлік пункттер (ФАП) жабылды, және 1200-ден аса елді мекендер медициналық көмекпен қамтылмай қалды. Кей кездері аяқ астынан акушерлік көмек алу үшін ауруларға 100 км. аса жол жүруге тура келеді. Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттік ФАП-тарды қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруда және 1998 жылы 60 пункт қайтадан ашылған болатын.

Республикада медицина мекемелерінің жүйесі ауқымды, бірақ 1996 жылдан бастап оның қысқартылуы жүргізіліп келеді. Елімізде медициналық мекемелердің саны 1992 жылғы 1 253-тен 1997 жылы 963-ке дейін азайды. Кереуеттер санының азайтылуы салдарынан "күндізгі стационарлар" деп аталатындар кеңінен енгізілуде. Медициналық мекемелерді жекешелендіру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Бір бөлігі қазірдің өзінде жекешелендірілді. 1996 жылы тіркелгеніндей, пациенттердің жалпы санының 10% жуығы не жеке медициналық мекемелерге барып қаралған, не медициналық

сақтандыру бойынша емделген. Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттіктің ақпаратына сәйкес медициналық мекемелердің 5% жуығы жекешелендірілген.

### Медициналық кадрлар

Қазақстанда әртүрлі мамандықтары бар медициналық қызметкерлердің саны көп. 1992 жылы елімізде 66 301 дәрігер, немесе шамамен 259 адамға 1 дәрігер болған еді. Содан бері медициналық қызметкерлердің саны көшуге байланысты үнемі азайып келеді, және тұрғындар санының азайғанына қарамастан мед. қызметкерлердің саны мейлінше төмен деңгейде қалып отыр. Мәселен, 1997 жылы мед. қызметкерлердің саны 10,000 дейін азайды. Соған қарамастан бір мед. қызметкердің тұрғындар санына арақатынасы 19 адамға, яғни 278-ге 1 болып көбейді. 1992 жылы 14 жастан асқан 1,467 әйелдерге бір акушер-гинекологтан келген болатын және бес жыл өткеннен кейін 13% төмен түскеніне қарамастан арақатынас 1,488 әйелдерге біреу болып қалып отыр. Балалар медқызметкерлері мен қосалқы мамандық иелерінің саны (дәрігерлер секілді, орта медициналық қызметкерлер де) айтарлықтай азайды, бұл сөз жоқ балаларға көмек көрсетудің сапасына өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

### Медициналық қызметкерлерді пайдалану

Республиканың тұрғындары медициналық қызметкерлерді кеңінен пайдаланады. 14 жасқа дейінгі балалар арасында 1993 жылы 4 миллионға жуығының алғашқы келгені тіркелді. 1997 жылы тұрғындар санының кемуінің нәтижесінде бұл сан 3,7 миллионға дейін азайды. Алғашқы (75%) және одан кейінгі келулердің осындай жоғары деңгейіне қарамастан профилактикалық іс-шаралардың деңгейі пайда болған қаржы қиындықтарына байланысты төмендеп кетті.

Елімізде госпитальдік көмек кеңінен пайдаланылады. Көбіне-көп ауруханалық кереуетте болу созылып кетеді, бірақ ауруханалық кереуеттерге орналасу деңгейі төмендейді. Елімізде денсаулық сақтауды реформалау барысында не бүкіл емдеу мекемесін жабуға байланысты, не бөлімшедегі кереуеттер санын азайтудың нәтижесінде кереуеттердің саны азая түсті. Мұның өзі кереуеттерге орналасу көрсеткішінің жақсаруына әкеліп соқты, бұл 1997 жылы 83%, ал тууға көмектесу мекемелерінде - 78% құрады.

### Медициналық көмектің сапасы

### Жаңа туған нәрестелерге көмек

Жатырдың ішінде дамуының бұзылғандығын көрсететін тууы кезінде тым жеңіл салмақпен туатын нәрестелердің саны жылдан жылға өзгеріп келеді. Медицина қызметкерлерімен сұхбаттасу нәтижесінде алынған деректерге сәйкес 2500 грамнан төмен салмақпен туған нәрестелердің саны 1989 жылғы 4,9% 1998 жылы 7,43% дейін көбейді. Осының бәрінде ананың жүкті болу кезінде тұрмыс жағдайлары мен тамақтануының нашарлауымен байланыс байқалады.

### Шараналық шетінеу

Бір жасқа дейінгі балалар арасындағы, негізінен сәбидің алғашқы 7 күндегі өлімінің 30% жатыр ішіндегі дамуға байланысты шараналық жағдайға; туу кезінде және одан кейін іле пайда болатын проблемаларға байланысты туындайды. Тұрғындар саны мен туу деңгейінің төмендеуіне байланысты 1990 жылғы деректермен салыстырғанда балалардың ерте шетінеушілігінің абсолюттік саны 40% төмендеді. Ерте шетінеушіліктің негізгі себептерінің бірі - сәбилердің күні жетпей тууы, және бала өлімінің 60% құрайды. Жаңа туған нәрестелердің өліміне алып келетін басқа жағдайлар мыналар (маңыздылық тәртібімен): асфиксия, жарақаттар мен жатыр ішіндегі инфекциялар. Балалардың өлі туу деңгейі жоғары, 10% деңгейінде қалып отыр, міне осылайша, шараналық шетінеудің жалпы көрсеткіші 1997 жылы 18% құрады.

### Сәбилер өлімі

Сәбилер өлімінің (СӨ) деңгейі кеңес уақытында әрқашан төмендеп отырғанына қарамастан, 1989 жылы пайда болған саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты бұл бағыт ұнамсыз сипат алды. 1995 жылы 28% деңгейінде шарықтау шегіне жеткеннен кейін, қазір СӨ 21,2% құрайды. 1995 жылға дейін жалғасып келген қиындықтарға қарамастан мұның өзі денсаулық сақтау жүйесіндегі айтарлықтай жетістіктерге айғақ бола алады. Алайда орташаландырылған ұлттық көрсеткіш аймақтардағы айырмашылықтарды жасырады. Мәселен, СӨ ең төменгі деңгейі 1997 жылы Алматы облысында (19,5%), ал ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (41%) байқалды.

Сәбилер өлімінің себептері соңғы бес жылда өзгерген жоқ. Тыныс органдары ауруларының салдарынан өлу 30% құрайды және өлу себептерінің арасында екінші орында болып келеді. Диареяны қоса алғанда, инфекциялық-паразиттік аурулар СӨ себептерінің маңыздылығы жөнінен үшінші орында болып табылады, Туа біткен аурулар - төртінші орында.

### Аналардың өлімі

90-шы жылдардың өн бойында аналар өлімінің деңгейі мейлінше жоғары және қауіп тудыратындай жағдайда қалып отыр. 1997 жылы 100 мың тірі туған нәрестелерге шаққанда 76,9 құрады, шын мәнісінде 1989 жылдан бері өзгерген жоқ. Аналар өлімінің абсолюттік саны тек туу санының азаюының нәтижесінде ғана төмендеді.

Аборттар аналар өлімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары елімізде аборттарды қалаусыз жүкті болудың алдын алудың басқа да әдістерімен алмастыруда айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді, алайда аборттар қауіпсіздігі проблемасына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Қанның тоқтамауы әлі күнге дейін аналар өлімінің жалпы санының төрттен бірін құрай отырып, жетекші себептерінің бірі болып қалуда.

### Антенатальдық көмек

1995 жылы бала туулардың 96,4% медициналық мекемелерде өтті, туулардың

78,4% акушер-гинеколог дәрігерлермен қабылданды. Нақ сол жылы баланы іштен жарып алу операцияларының деңгейі 4,6% құрады. 1995 жылы жүкті әйелдердің 92,7% және әйелдердің 68,1% жүктілігінің үшайлық мерзімі келіп жеткенге дейін антенатальдық көмек алды. Алайда соңғы уақытта антенатальдық жүгінулер көрсеткішінің тұрақтылығы байқалады.

### Емізіп тамақтандыру

1992 жылы Денсаулық сақтау министрлігі өз баласын 1 жасқа толғанға дейін емізіп тамақтандыруды тоқтатқан әйелдер санының 1989 жылғы 55% 1991 жылы 73% дейін ұлғайғаны туралы хабарлаған болатын. КМДИ - 95 деректері бойынша емізіп тамақтандыруды ынталандыру ісінде белгілі бір ілгерілеушілікке қол жеткізілді. Бірақ нақ сол зерттеулердің деректері бойынша тек қана емізіп тамақтандырудың деңгейі бар болғаны 12,3% құрады, балалардың жартысынан астамы 3 айға толар-толмастан-ақ қосымша тамақтандырыла бастайды.

Емізіп тамақтандыруды қолдау және ынталандыру жөніндегі ұлттық бағдарламаны ойдағыдай іске асырудың арқасында Қазақстанның жеті тууға көмектесуші мекемелеріне "Балаға достық қатынас ауруханасы" атағы берілді.

### Бала ауруы

Қазақстанда инфекциялардан болатын аурулардың айтарлықтай азаю тенденциясы байқалады. Алайда, гепатитпен, БППП және тамақтанудың микро-нутриенттік бұзылушылықтарымен аурудың өсу деңгейі қауіп тудырады.

### Мектеп жасына дейінгі білім берудің жағдайы

Қазақстанда мектеп жасына дейінгі мекемелерге бару 1990 жылғы Орта Азиядағы ең тәуір көрсеткіштен (жалпы санның 53.5 процентінен) 1998 жылы ең төменгі белгіге дейін (10,6 процентке) құлдырап кетті. Селолық жерлерде мектеп жасына дейінгі балалардың 2,6 проценті ғана мектеп жасына дейінгі мекемелерге бара алады. Мектеп жасына дейінгі білім үшін төлем бару деңгейінің төмендеп кетуінің негізгі себебі болып саналады. Оқыту үшін төлемнің деңгейі кең көлемдерде ауытқып тұрады, бірақ тұрғындар тығыздығының төмендігінің салдары секілді, қызмет құнының жоғарылығынан да селолық тұрғындар бұған қол жеткізе алмайды. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі мекемелерде тамақтандыру бағдарламаларының болмауы кішкентай балалардың тамақ тұтынуына кері ықпал етті.

1999 жылғы 7 маусымда Президент қол қойған Білім туралы жаңа заңның 23-бабы мектепке барғанға дейін бір жыл бұрын 5-6 жасар барлық балаларды біржылдық тегін мектепке дейінгі міндетті оқытуға шақырады. Үкіметтің мақсаты 1999/2000 оқу жылында балалар бақшаларында алты/жеті жасар балалардың санын ұлғайту болып табылады. Егер мектеп жасына дейінгі білім беруге экономикалық тиімді көзқарастар әзірленбейтін және/немесе қосымша ресурстар бөлінбейтін болса, мұндай міндетті орындау оңай болмайды. Күрделілік жалақысы еліміздегі ең төменгі болып саналатын өздерінің жұмыс орындарына мектеп жасына дейінгі мекемелердің оқытушыларын

тартуда болып отыр.

Мекемелерде тәрбиеленетін балалар санының көбейіп кетуі елеулі алаңдаушылық тудырады. Бұл барлық аймақтарда тіркелген. Қазақстанда проблеманың жекелеген сәттерін анықтау жөнінде қосымша зерттеулер мен талдау жүргізу қажет етіледі. Үкімет ұзақ қамсыздандыруда тұрған балалардың бұл жағдайын назар аудару жөн болатын негізгі проблема ретінде қарайды.

1995-1999 жылдары ана мен баланың өміршеңдігі, дамуы мен қорғалуы бағдарламасы жөніндегі ынтымақтастық

Өткен бағдарламалық кезеңде ЮНИСЕФ ана мен баланың қорғалуына бағытталған мынадай екі бағдарламаны іске асыруға көмек көрсетті:

- Ана мен баланы қорғау, және
- Ана мен баланың тамақтануы.

2000-2004 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы бұған дейінгі жетістіктерге және 1992 жылғы бағдарламаны іске асырудан алынған сабақтарға негізделеді және қолда бар жобалардың негізгі элементтерін өзіне қосып алады.

Ана мен баланы қорғаудың 1995-1999 жылдардағы бағдарламасы мынадай үш негізгі жобадан тұрады: Иммундандырудың кеңейтілген бағдарламасы (ИКБ), Диареялық аурулармен (ДАК) және өткір тыныс инфекциялары (ӨТИ) ауруларымен күрес. ИКБ негізгі элементтері вакциналармен өзін-өзі қамту механизміне қол жеткізуге, халықаралық сатып алуларда сапаны бақылауға және дербестікке сүйене отырып иммундандыру қауіпсіздігі жөнінде жаңа әзірленген жобада өз көрінісін тапты. Келесі бағдарламалық кезеңінде ЮНИСЕФ басталған жұмысты жалғастыруды жоспарлайды. ДАК пен ИКБ проблемалары бала жасындағы ауруларды интеграциялап жүргізу (БЖАИЖ) жөніндегі бағдарламаны іске асыру туралы шағын бағдарламаға жолданатын болады.

Аналар мен шарана шетінеуін азайту жөнінде жоба әзірленген болатын және барған сайын асқынып келе жатқан проблемаға жауап ретінде өз жұмысын бастады. ДДС ананы қорғау жөніндегі стратегиясы негізге алынды, жобаның стратегиясы мульти-тәртіптілік пен отбасына бағдарды өзіне қосып алады. Жаңа бағдарламалық кезеңде бұл ана қауіпсіздігі жөніндегі шағын бағдарламаны дамыту үшін тұғырнама қызметін атқаратын болады.

1997 жылғы сәуірде аймақтың бес елдері арасындағы ынтымақтастықты жақсартуға бағытталған, Орта Азия елдері мен Қазақстанның тұрақты жұмыс істейтін "Ана мен баланың денсаулығын қорғау" Форумы (ОАҚР А мен БДҚ Форумы) ұйымдастырылған болатын. Форум барлық елдердің денсаулық сақтау саласында қолданылып жүрген саясаттарына шолу жасайды және оларды жетілдіру жөнінде іс-шараларды ұсынады. Форум баланың құқығын іске асыруды көздей отырып, балалардың мүдделерін барлық деңгейлерде қорғаудың құралы ретінде қызмет ететін болады.

Ана мен баланың тамақтану бағдарламасы мынадай үш негізгі жобалардан тұрған

болатын: емізіп тамақтандыруды (ЕТ) қолдау және ынталандыру, йод-жетіспеушілігінің бұзылу (ЙЖБ) жағдайларын жою, және теміржетіспеушілік қаназдығына қарсы күрес (ТЖҚ) пен оның алдын алу. Бұл бағыттар бойынша жұмыс емізіп тамақтандыру және шағыннутриенттік бұзылушылықтарды жою.

Н е г і з д е м е

Қазақстан балалар мен аналардың өмір сүруі және оларды күту ісінде белгілі бір ілгерілеушілікке жетті, Балаларға иммунитеттеу жүргізуде айтарлықтай жетістіктер бар - көптеген аймақтарда вакцинациямен 95 % қамтылған. Республика 2000 жылы полиомиелитті жоюды сертификаттауға нық келе жатыр. Алайда, кейбір денсаулық сақтау проблемалары шешілмей қалып отыр. Осы уақытқа дейін аналар қаны тоқтамаудан, токсемия мен инфекциялардан қайтыс болып жатыр, кезінде олардың алдын алуға болушы еді. Қазақстан балалардың сырқаттарын емдеуге арналған негізгі тізімнен генерикалық дәрі-дәрмек құралдарын сатып алу бойынша нақты саясаттың әзірленуін қажет етеді. Соған қоса, ерте жастағы балаларды күту мен дамыту мәселелерінде ата-аналар мен азаматтық қоғамның білімдерін көтеру қажеттілігі бар. Мектепке дейінгі мекемелерге міндетті түрде бару туралы үкімет қабылдаған шешім шығын аз шығатын көзқарас енгізу қажеттілігін білдіреді. Елде ЮНИСЕФ-тің болуы ана мен баланың өмір сүру сапасын әрі қарай жақсартуға қажет.

Балалардың мекемелерде ұзақ болуына байланысты проблема әсіресе жаңадан дамып келе жатқан кезде назар аударуды талап етеді. Өмірдің кейінгі кезеңдерінде бұл проблеманың негативтік әсеріне жол бермеу мақсатында кішкене балалардың дамуына қатысу қажеттілігін тану керек.

Б а ғ д а р л а м а н ы ң  м а қ с а т т а р ы

Ана мен баланың өмір сүруі, дамуы мен қорғалуы жөніндегі бағдарламаның мақсаты қалыптасу мен ересек өмірге жету кезеңінде өткен кезде өзінің ең жоғары потенциалына жете алуы үшін 5-ке дейінгі балалардың өміршеңдігі, өсуі мен дамуына құқығын қамтамасыз ету; сондай қызметтерге қол жеткізуді қоса отырып, қауіпсіз түрде ана болу практикасын дамыту арқылы аналардың денсаулығы мен тамақтануын жақсарту және олардың өмір дағдыларын жақсарту болып табылады.

Б а ғ д а р л а м а н ы ң  м і н д е т т е р і

1. Республиканың жекелеген облыстарында* 1999 жылдың деңгейіне қарағанда аналардың қайтыс болу деңгейін 10%-ке төмендету.

2. Бес жылдық мерзім ішінде Республиканың жекелеген облыстарында* 1999 жылдың деңгейіне қарағанда сәбилер мен балалардың шетінеу деңгейін 10%-ке т ө м е н д е т у .

3. Балалар мен аналардың қайтыс болуын белгілеудің халықаралық стандарттарын қ а б ы л д а у .

4. Кіші нутриенттік тамақтанудың бұзылуымен сырқаттану деңгейін төмендету.

5. Емізу практикасын қолдау мен қолдап дем беру.

6. Үкіметке 2004 жылға дейін вакциналармен өзін-өзі қамтамасыз етуіне, оларды сатып алу, жеткізу мен бөлуге қол жеткізуінде көмек көрсету.

7. 2000 жылға дейін полиомиелитті жоюды сертификаттау және негізгі вакцинамен емдеуге келетін инфекциялармен ауыру деңгейін төмендету.

8. Шетінеушілік, баланың өсуі мен дамуына әсер ететін сырқаттардың жиілігі мен ауырлығы және балалардың сырқаттарынан мүгедек болып қалу деңгейін төмендету.

9. Жас балалардың өсуі мен дамуы процесінде туындайтын қажеттіліктерге ықпал ету мәселелері бойынша отбасы мен қоғамның білімін көтеру.

10. Балаларды арнайы мекемелерге орналастырудан қорғау және ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялау жүйесін дамытуды қолдау.

11. Отбасы мен отбасылық үйлерге орналастыру жолымен арнайы мекемелердегі балалардың санын азайту.

12. Арнайы мекемелерде болуға мәжбүр балаларды психологиялық және әлеуметтік күту сапасын жақсарту.

13. КПР принциптеріне сәйкес саясатты тұжырымдау мен талқылауда көмек көрсету.

__________________________

* Облыстар отбасының орташа кірісі, жұмыссыздық деңгейі, қауіп топтарының болуы, серіктестер мен донорларды тарту сияқты факторларды назарға ала отырып, арнайы критерийлер бойынша іріктеледі.

Бағдарламаның стратегиялары

Өзіндік ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ тұзды иодтау және ұнда железо препараттарын көбейту жөніндегі іс-шараларды қоса отырып, мейлінше көптеген халықтың қол жеткізуіне бағытталған техникалық интервенцияларға; сәбилердің ауруларын біріктірілген түрде жүргізу (САБЖ) және иммунизациялауға; босанатын әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін мекемелер арқылы емшекпен емізуді қолдау мен қолдап дем беруге және сәбилердің дамуы мен күтіміне баламалық көзқарасты, сондай-ақ институционалдауда қолдау көрсетеді.

Денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктерін жақсарту

ЮНИСЕФ медициналық және білім беру мамандықтарының қызметкерлерін, үкіметтің саясаты мен бағдарламаларын құрастырушыларды, сондай-ақ жергілікті және мемлекеттік көлемдегі қоғамдық және жеке секторлардың деңгейлеріндегі, халықаралық ұйымдар мен НПО басшыларын оқытуды ұйымдастыру мен олардың мүмкіндіктерін жақсартудың басқа да әдістерін және олардың жұмыс істеу мен бағалауға қатысуын қолдайды.

Мақсаттық көмек топтарының ролін күшейту

ЮНИСЕФ мақсаттық топтармен жұмыс істейтін серіктестермен және әртүрлі жергілікті, ұлттық және халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасаймын деп сенеді. Халықтың ерекше әлеуметтік қызметті жоспарлау мен көрсетуге қатысуын қолдап дем беру - стратегияның маңызды элементі. Балалардың денсаулығы мен дамуына қатысты отбасыларында қалыптасқан практиканы жақсартуға бағытталған әлеуметтік жұмылдыру бойынша іс-шаралар қолданылатын болады. Сонымен қатар, ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды отбасында тәрбиелей отырып, оларды әлеуметтік интеграциялау жөніндегі іс-шаралар көтермеленетін болады.

Балалардың мүдделерін насихаттау

ЮНИСЕФ ұлттық деңгейде балалардың мүдделерін қорғауды насихаттауды жалғастырады. Бұл іс-шара жалпы тұзды иодтау мен ұнда железо препараттарын көбейту бойынша заң актілерін қабылдауға, иммунизациямен қамтылудың жоғары деңгейлеріне жетуге, емізу практикасын көтермелеуге және аналар мен балалардың қайтыс болуын анықтаудың халықаралық стандарттарын қабылдауға; балаларды мемлекеттік арнайы мекемелерге орналастырудың алдын алуына және балаларға арналған сәбилердің даму кезеңінде көзқарастарын бейімдеуге бағытталатын болады. Ақпараттануды жақсарту жөніндегі іс-шараларға ақпараттық және білім берушілік материалдарды әзірлеу, парламентарийлермен, үкіметтік деңгейдегі қызметкерлермен және НПО өкілдерімен кездесулер мен конференциялар ұйымдастыру кіретін болады.

Бағдарламаның ауқымы және көмек алушылар (мақсатты топтар)

Негізінен барлық бағдарламалық іс-шаралар ұлттық деңгейде өткізілетін болады және аналар мен балалар бағдарламаның мақсаттық топтары болып табылады. Сонымен қатар, бағдарлама халықтың жағдайы төмен топтары және арнайы мемлекеттік мекемелердегі немесе сондай мекемелерге орналастыру қаупі бар балаларды қамтитын болады. Пилоттық облыстарды іріктеу отбасының орташа кірісі, жұмыссыздық деңгейі, қауіп топтарының болуы, потенциалды серіктестер (әсіресе НПО) және халықаралық агенттіктер тарту сияқты факторларды назарға ала отырып өткізілетін болады. Ерекше қолдау Арал теңізі, Семей ядролық полигоны, Каспий теңізі жағалауында тұратын, қорғалмаған халық топтарына бағытталатын болады.

Аналарды және неонаталдық күту жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері:

1. Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенцияның ережелерінде, басқа халықаралық құқық қорғау актілерінде және Қазақстанның Конституциясында белгіленген әйелдер құқықтарының бірі аналықтың қауіпсіздігін түсінушілікті көтеру.

2. Пилоттық облыстарда әйелдердің негізгі акушерлік-гинекологиялық көмекке 100% қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша жергілікті өкіметпен жұмыс жасау.

3. Аналардың және неонаталдық қайтыс болуы мен ауыруына әсер ететін

кішінутриенттік дефициттер деңгейін төмендету мақсатында қыздардың, жасөспірім қыздардың және әйелдердің тамақтануын жақсарту бойынша іс-шараларды қолдау.

4. Асқынып кеткен жағдайларда негізгі акушерлік және неонаталдық көмекті қоса отырып, перенаталдық, туу және постнаталдық көмектің сапасы мен ауқымын жақсартуды қолдау.

5. Әйелдер мен отбасын алдағы бала босануға дайындауға бағытталған іс-шараларды көтермелеу халықтың бала тудырып алудың жақсы практикасы және босану кезінде оқыған персоналдың қатысу қажеттілігі мәселелеріндегі хабардарлығын жақсарту, жақсы күтімге кедергілерді жою, қоғамның кеш үйлену мен балалы болуды қолдауы.

6. Білікті персоналды негізгі акушерлік көмек дағдыларына үйретуді көтермелеу.

7. Репродуктивтік жастағы әйелдер мен 3-ке дейінгі балалар арасындағы железо жетіспеушіліктен қаны аздықтың таратылушылығы деңгейін 30%-тен төмен түсіру.

8. Жалпы тұзды иодтау бойынша іс-шараларды қолдау.

9. Үкіметтің халықаралық аналар мен балалардың қайтыс болуын анықтау стандарттарын бейімдеу жөніндегі күш салуларын қолдау.

10. Іс-шараларын бағалау мен мониторингі жөніндегі бірлескен қызметті жақсарту.

11. Емізу жөніндегі ұлттық комитеттің 50 % балалардың ауруханаларда туылуына бағытталған мақсатқа қол жеткізудегі іс-шараларын, балаға жылы көзбен қарауды қолдау.

12. Емізу жөніндегі ұлттық комитеттің 6 айға дейінгі 50% сәбилердің тек емізу арқылы тамақтануына бағытталған мақсатқа қол жеткізуіндегі іс-шараларын қолдау.

13. Емшек сүтін алмастырушылардың маркетингі және оны орындау мониторингі бойынша халықаралық кодекс қабылдау.

Жобаның стратегиясы

Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ босанатын әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін мекемелер жедел көмек көрсету кезінде акушерлік және неонаталдық көмек үшін негізгі медикаменттер мен құралдар жеткізуді қолдайды. Кіші нутриенттік бұзылулар жөніндегі шағын жоба үшін жеткізілімдерге тұзды иодтау және ұнда железо препараттарын көбейтуге құралдар мен байытушылар кіретін болады; бұл құрал мен байытушылар республиканың белгілі бір облыстарын азық-түлікпен байыту процесін тудыру үшін жеткізілетін болады. Үкімет кейіннен осы қызметті іске асыруды өз қолына алады деп күтілуде, железоның дәріленген препараттары железоның организмге түсуі азық-түлікті байыту арқылы қамтамасыз етілгенше болатын болады.

Денсаулық қорғау жүйесінің мүмкіндіктерін жақсарту

ЮНИСЕФ қауіпсіз ана болу, қаны аздықтың профилактикасы мен оған қарсы күрес және емізу мәселелерінде медицина қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыруды қолдайды. ЮНИСЕФ жобаны басқаруды, мониторингі және әкімшілік етуді жақсарту

мәселелері және тұзды иодтау және ұнда железо препараттарын көбейту жөніндегі жаңа және қолданылып жүрген заң актілерін күшіне енгізу бойынша мемлекеттік құрылымдармен жұмыс істейтін болады.

### Мақсаттық көмек топтарының ролін күшейту

Медициналық қызметкерлердің, денсаулық сақтау органдары басшылары мен пайдаланушыларының барлық әйелдер мен жаңа туған балалардың білікті медициналық көмекке қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған ролі мен білімдерін күшейту бойынша іс-шаралар жүргізетін болады. Сонымен қатар, жоба әйелдердің өз денсаулығы мен балаларының денсаулығына құқықтарын қорғаудағы ролін күшейту бойынша іс-шараларды көздейді.

### Балалардың мүдделерін насихаттау

Қауіпсіз ана болу, тамақтану және емізудің маңыздылығы туралы ақпараттың таратылуы көтермеленетін болады. ЮНИСЕФ жалпы тұзды иодтау туралы заңның қолданылуын насихаттайтын болады.

### Серіктестер

Осы жобаны іске асырудағы ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жөніндегі агенттігі, оның құрылымдары мен институттар, сондай-ақ Қазақстан республикасы Президентінің жанындағы отбасы мен әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия болады. Қауіпсіз ана болу жөніндегі шағын жобаға байланысты іс-шараларды үйлестіру ВОЗ-бен, БҰҰ (ЮНФПА) халықтың қоныстауы жөніндегі қормен және Дүниежүзілік Банкпен жүзеге асырылатын болады. Халықтың ақпараттануын жақсарту жөніндегі іс-шараларды өткізген кезде Қызыл крест және Қызыл Жарты ай федерациясы, НПО, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасалатын болады. Емізу және кішінутриенттік бұзылулар жөніндегі шағын жобаларды іске асыру Қазақстандық Тамақтану институтымен және Республикалық Ана мен баланы қорғау орталығымен тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады.

### Жобаны басқару

Жобаны іске асыру үшін ЮНИСЕФ-пен бірге жұмыс жасайтын ұлттық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар жауапты болады. Жобаны жоспарлауды, мониторингі мен бағалауды жүзеге асыруға тиіс жобаны үйлестіру бойынша топ қалыптастырылады. Бұл топ мемлекеттік органдар, ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ-тің Өкілдігі, Астана қаласындағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, мүдделі сарапшылар мен БҰҰ агенттерінен тұратын болады.

### Көрсеткіштер

#### Жобаның ықпал ету көрсеткіштері

- Тірі туудың халықаралық стандарттарын қабылдау
- Сәбилердің шетінеу деңгейі
- Аналардың қайтыс болу көрсеткіші
- Қайтыс болу себептері бойынша аналардың қайтыс болуын бөлу

- Перинаталдық қайтыс болушылық деңгейі
- ЙДЗ мониторингі бағдарламасының қолданылуы
- Негізгі акушерлік көмекке қолы жететін әйелдер проценті
- Балаға жақсы ықыласпен қарау ауруханаларында болған босанулардың проценті
- Тек емізу арқылы тамақтандыру деңгейі
- Қаны аздықтың таратылушылығы
- Зоб ауруының таратылушылығы
- Иодталған тұзды пайдаланатын үй шаруашылықтарының проценті
- Емшек сүтін ауыстырушылар маркетингі бойынша Халықаралық кодекс қабылдау.

Жобаны орындау нәтижелілігінің көрсеткіштері

Қауіпсіз ана болу жөніндегі шағын жоба

- Оқытушы материалдар әзірленген
- Өткізілген семинарлардың және үйренген дағдыларды іс жүзінде қолданатын оқыған персоналдың саны.

Кішінутриенттік бұзылушылықтар жөніндегі шағын жоба

- Қаны аздықтың алдын алу және оған қарсы күресуге оқытылған және үйренген дағдыларды іс жүзінде қолданатын медицина қызметкерлерінің саны
- Әлеуметтік жұмылдыру бойынша кампания басталды.

Емшекпен емізу жөніндегі шағын жоба

- Сүт шығу мен емізу мәселелерін оқыған және үйренген дағдыларды іс жүзінде қолданатын медицина қызметкерлерінің саны
- Босанатын - әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін мекемелерді сертификаттауға пакет дайындалған
- Емшекпен емізу комитеті мониторинг кестесін әзірледі
- Балаға жақсы ықыласпен қарау ауруханаларының мәртебесін сақтау
- Емшекпен емізу аптасы кезінде ақпараттық кампаниялар өткізу.

Бағалау және мониторинг механизмі

Мониторинг және бағалау механизмі негізгі серіктестермен бірге әзірленетін болады . Мониторинг оны іске асыру жерлеріне бару және мұндай кездесулерді негізгі серіктестермен үйлестіру арқылы өткізілетін болады.

Қауіпсіз түрде ана болу жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Тірі туғандықты халықаралық анықтауды бейімдеу мәселелері бойынша оқытушы семинарларды қолдау.
2. Үкіметпен бірге қауіпсіз түрде ана болу бойынша оқытушы пакет дайындау.
3. Отбасын, отбасы дәрігерлерін және медбикелерді республиканың жекелеген

облыстарында қауіпсіз ана болу мәселелеріне оқыту.

4. Жекелеген медициналық мекемелерде босанарға дейін, босанатын кезде және босанғаннан кейін жаңа көзқарастарды іске асыруды қолдау.

5. Аналарды және неонаталдық күту жөніндегі жобаны іске асыру мониторингі мен бағалауды қолдау.

6. Аналар мен неонаталдық қайтыс болу мен ауыру деңгейін төмендету үшін қажетті жеткізілімдер мен оқытуды уақытында көздеу мен жақсарту үшін жобаны басқаруды, мониторингі мен қадағалауды жақсарту.

7. Алдыңғы бағдарламаның пилоттық облыстарындағы босанатын әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін мекемелерінде жеткізілімдердің әсер етуіне бағалау жүргізу.

Кішінутриенттік бұзылушылықтар жөніндегі шағын жоба

І с - ш а р а л а р

1. Жалпы тұзды иодтау және ұнда железо препараттарын көбейту жөнінде қажетті заң актілерін қабылдауды және оларды одан әрі іске асыруды насихаттау мен қолдау.

2. Иодталған тұзды шығару мен пайдалану мониторингін өткізу.

3. ЙДЗ жою жөніндегі ұлттық бағдарламаның лабораториялық мониторингін бастау
.

4. Қаны аздықтың алдын алу үшін железосы бар препараттардың жеткізілімін қолдау.

5. Ұнда железо препараттарын көбейтудің жоғары деңгейін бастау мен қолдау.

6. Тамақтану дағдыларын өзгерту мәселелерінде халықты әлеуметтік жұмылдыру бойынша кампания өткізуді бастау.

7. Қаны аздықтың алдын алу және оған қарсы күрес бойынша медицина қызметкерлерін оқытуды өткізу.

8. Жергілікті денсаулық сақтау органдарын жобаны басқару мен мониторингі дағдыларын жақсарту мәселелерінде қолдау.

Емшекпен емізу жөніндегі шағын жоба

І с - ш а р а л а р

1. Емшек сүтін алмастырушылар маркетингі бойынша Халықаралық кодексінің ережелеріне сәйкес келетін республикалық заң актілерін дайындауда көмек көрсету.

2. Қабылданғаннан кейін Емшек сүтін алмастырушылар маркетингі бойынша Халықаралық кодексінің мониторингін өткізу.

3. Жас балалардың тамақтану негіздерін Тамақтану жөніндегі ұлттық саясатқа қосуды қолдау.

4. БДОР-ды сертификаттауға дайындалып жатқан босанатын әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін мекемелеріне көмек белгілеу және беру.

5. Медицина қызметкерлерін сүт шығу мен емшекпен емізуді басқару негіздеріне

үйрету.

6. Дүниежүзілік ЕЕ аптасы кезінде өткізілетін іс-шараларды қолдау жолымен емшекпен емізу мәселелерінде халықтың хабардарлылығын жақсарту.

Жас балалардың өміршеңдігі жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері

1. Барлық облыстарда 90% (қызылша вакцинасы үшін 95%) деңгейінде иммунизациямен қамту деңгейін ұстап тұру жолымен вакцина арқылы емделетін инфекциялардың деңгейін төмендету.

2. 2000 жылы полиомелитті жоюды сертификаттауға жету.

3. 2004 жылы иммунизациядан кейін теріс нәтижелеріне жауаптың стандарттық хаттамаларын бейімдеуді қоса отырып, вакциналар мен иммунизация сапасын бақылауда ВОЗ стандарттарына жету.

4. 2004 жылы әдеттегі вакциналарды тәуелсіз сатып алуда халықаралық стандарттарға жету.

5. Жаңа вакциналарды иммунизация кестесіне енгізуді көтермелеу.

6. Балалық жастағы негізгі аурулардың жағдайларын жүргізу мен медицина қызметкерлерінің әңгімелесу дағдыларын жақсарту.

Жобаның стратегиялары

Арнайы ерекшелігі бар әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ вакциналарды үлестіру мониторингінің ұлттық жүйесі үшін РПИ вакциналарын, РПИ бағдарламасының құралдарын және компьютерлерді, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің Жеткізілім бөлімі арқылы негізгі медикаменттерді Мемлекеттік сатып алуды қоса отырып, Вакциналық тәуелсіздік туралы келісім шеңберінде қысқа мерзімді жеткізілімдерді қолдайды. Мұндай сатып алуларда ЮНИСЕФ-тің қызметтерін пайдалану мерзімдері үкіметке РПИ шеңберінде вакциналар мен құралдарды дербес сатып алу мен қаржыландыру мүмкіндіктерін беру үшін ұзартылады.

Денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктерін жақсарту

ЮНИСЕФ Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттікке иммунизация қауіпсіздігі, вакциналармен және тоңазыту шынжырын пайдалану мәселелері бойынша каскад түрінде оқыту жүргізуде көмектеседі. Теріс нәтиже мониторингін қоса отырып, вакциналар партияларын шығару, оларды пайдалану мониторингі үшін қажетті бақылау функцияларын жүзеге асыруда Вакциналар жөніндегі ұлттық бақылау комитетінің мүмкіндіктерін күшейту бойынша жұмыс жасалатын болады. Қазақстандық мамандар халықаралық кәсіби байланыстар жасау үшін халықаралық кездесулерге қатысатын болады.

ЮНИСЕФ оқытушы материалдар беру жолымен САБЖ бағдарламасы шеңберінде балалардың негізгі аурулары жағдайларын жүргізу сапасын жақсартуға көмектеседі. ЮНИСЕф САБЖ бағдарламасы бойынша мастер тренерлерді дайындауда көмек көрсетуді жалғастырады, ал олар өз кезегінде медицина қызметкерлерін жергілікті

жерлерде оқытатын болады. ЮНИСЕФ облыстық және аудандық деңгейлерде семинарлар өткізуде көмек көрсетеді. ЮНИСЕФ өз қызметін ВОЗ-бен үйлестіретін болады. ЮНИСЕФ орыс және қазақ тілдерінде САБЖ бойынша материалдарды көбейтуге жәрдемдеседі.

Мақсаттық көмек топтарының ролін күшейту

Қажетті шешімдер қабылдау үшін балалардың денсаулығы мен дамуы мәселелерінде қоғам мен отбасының ролін күшейту бойынша іс-шаралар өткізілетін болады.

Балалардың мүдделерін насихаттау

ЮНИСЕФ бағдарламаны іске асыруға қажетті ақпаратты аударуды, көбейту мен таратуды қолдайтын болады. Халықтың санитарлық оқытылуы жөніндегі іс-шаралар денсаулық пен дұрыс тамақтану туралы білімдерін жақсартуға бағытталады.

Серіктестер

ЮНИСЕФ және Денсаулық сақтау істері жөніндегі ұлттық агенттік вакциналарды жеткізуде өз-өзін қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін 1995 жылы құрылған Вакциналық тәуелсіздік туралы бастаманы әзірлеуді жалғастырады. Мониторинг және жобаны шолулық зерттеу, сондай-ақ оқыту бағдарламалары ВОЗ-бен, БҰҰ басқа агенттіктерімен және донорлармен бірге өткізілетін болады. БҰҰ агенттіктерінен басқа жоба Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігімен (ЮСАИД), Ауруларды бақылау жөніндегі АҚШ орталығымен және басқа да ұйымдармен ана мен баланың өміршеңдігі, қорғалуы мен дамуы мәселелеріне қатысты жобалармен жұмыста қарым-қатынас жасаймын деген ойда. Халықаралық НПО-лармен де (Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай Қоғамы), Ұлттық НПО-лармен де, бұқаралық ақпарат құралдарымен де қарым-қатынас жасайтын болады. САБЖ шағын жобасы бойынша ЮНИСЕФ әсіресе мамандарды оқытуды және бағалауды өткізу саласында ВОЗ-бен қарым-қатынас жасайтын болады.

Жобаны басқару

Жобаны іске асыруға ЮНИСЕФ-пен бірге жұмыс істейтін ұлттық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар жауапты болады. Жобаны жоспарлауды, мониторингі және бағалауды жүзеге асыруға тиіс жобаны үйлестіру жөнінде топ құрылады. Бұл топ мемлекеттік органдар, ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігі, Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, мүдделі сарапшылар мен БҰҰ агенттіктерінен, ұлттық бақылау комитеті мен САБЖ/ОРИ/БДБ жөніндегі республикалық орталықтан тұрады.

Көрсеткіштер

Жобаның ықпал ету көрсеткіштері

- Иммунизация ауқымының деңгейі
- Полиомелитті жоюды сертификаттауға қол жеткізу

- Иммунизациядан кейінгі кері әсер етудің жиілігі
- Сәбилердің шетінеуішілігі деңгейі
- ОРИ және диареямен ауыру деңгейі.

Жобаны орындау нәтижелілігінің көрсеткіштері

Қауіпсіз және тұрақты иммунизация жөніндегі шағын жоба

- Вакциналарды сатып алудың тұрақты жүйесі қызмет етеді
- Б гепатитіне қарсы вакцина сатып алынады және қолданылады
- Ұлттық бақылау комитеті қызмет етеді
- Иммунизацияның қауіпсіз практикасының инструменттері толық іске асырылған
- Тоңазыту шынжыры тұрақты қызмет етеді
- РПИ вакциналарын дербес сатып алу жоспары мен механизмі әзірленген
- Жаңа вакциналар енгізуге экономикалық тиімділік анализі әзірленген
- Барлық РПИ вакциналары жеткізіледі.

Сәбилердің ауруын біріктірілген түрде жүргізу(САБЖ) жөніндегі шағын жоба

- САБЖ бойынша стандарттық басшылықтар бейімделуі аяқталды
- Стандартты дәрі-дәрмек препараттары жеткізіледі
- Оқыту семинарлары өткізіледі және оқыған қызметкерлер үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады
- Ұлттық іске асыру жоспары әзірленген.

Бағалау және мониторинг механизмі

Бағалау және мониторинг механизмі негізгі серіктестермен бірге әзірленеді. Жобаның мониторингі оны іске асыру жерлеріне бару және мұндай баруларды негізгі серіктестермен үйлестіру жолымен өткізіледі.

Қауіпсіз және тұрақты иммунизация жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Халықаралық вакциналар тендері бойынша семинар ұйымдастыруда қолдау көрсету және вакциналарға бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін Ұлттық бақылау комитетін (ҰБК) ұйымдастыруда көмектесу.

2. ВОЗ-дың Ғылыми Білім беру Жүйесі арқылы ҰБК ролін күшейту үшін қауіпсіз иммунизация практикасы (ҚИП) бойынша оқыту жүргізуде көмек көрсету.

3. Медицина қызметкерлеріне жұмыс орындарында ҚИП бойынша сабақ жүргізуде көмектесу.

4. Медициналық оқу орындарында ҚИП-ын оқыту бағдарламасын енгізуге көмектесу.

5. Халықаралық рынокта вакциналарды сатып алу бойынша мемлекеттің мүмкіндіктерін шолу мен талдау жөніндегі үкіметтің, ЮНИСЕФ-тің және ВОЗ-дың бірлескен миссиясына қатысу және қолданылып жүрген сатып алу жүйесін әлемдік стандарттар деңгейіне дейін көтеруге іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу.

6. ВОЗ ұсынған вакциналар сапасын бақылауды қамтамасыз етуге тиіс ҰБК толық

мөлшерде қызмет еткенше РПИ үшін вакциналар мен құралдарды мемлекеттік сатып алу бойынша үкіметке қызмет көрсетуді жалғастыру және мемлекетке халықаралық рыногында вакциналарды төмен бағамен сатып алу мүмкіндігін беру.

7. Жаңа вакциналар енгізу кезінде экономикалық тиімділіктің талдануын көтермелеу .

Сәбилердің ауруын біріктірілген түрде жүргізу (САБЖ)

1. Пилоттық облыстарда медициналық персоналды оқытуды қолдау.

2. Медициналық оқу орындарына ұсыныстар әзірлеуде көмектесу.

3. Негізгі генерикалық парақтан препараттарды пайдалануды қолдап дем беру.

4. Мемлекеттік сатып алулар бойынша қызмет көрсету жолымен, сондай-ақ екі және көпжақты жобалар арқылы дәрі-дәрмек препараттарын жеткізуді қолдап дем беру.

5. САБЖ іске асыру жөніндегі Ұлттық орталықпен бірге САБЖ ақпараттық жүйесін жақсарту бойынша жұмысты жүзеге асыру.

6. Пилоттық облыстарда медициналық персоналдың пациенттермен әңгімелесу дағдыларын жақсарту бойынша материалдар әзірлеуде қолдау көрсету.

Ерте жастағы күтім және даму жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері

1. Жекелеген облыстарда ата-аналардың дағдыларын жақсартуға бағытталған жаңа отбасылық көзқарастар әзірлеу.

2. Баланың мектепке барар алдында бір жыл бұрын мектепке дейінгі мекемеге міндетті түрде баруы туралы күш салуында үкіметке көмектесу.

3. Баланың мұндай білім алуға назар аудару орталығында болуы үшін мектепке дейін білім берудің экономикалық тиімді көзқарастарына зерттеу жүргізу.

4. Селолық жерлерде ерте жастағы балаларды күту мен дамытуға бағытталған тұрақты қызметтерді дамытуды қолдау.

5. Мектепке дейінгі балалардың жалпы санынан 25% отбасылық мектепке дейінгі мекемелерге баруын көбейту.

6. Отбасылар мен уақытша отбасылық үйлерге бала/қыз етіп асырап алу санын көбейту.

7. Отбасылық үлгідегі үйлерге ауыстыру жолымен арнайы мемлекеттік мекемелердегі балалардың санын азайтуға бағытталған үкімет пен НПО-ның күш салуын қолдау.

8. Балалардың мүдделерін қорғау саласында жұмыс істеп жүрген НПО-ның үкіметпен, жергілікті өкіметтермен және ұлттық министрліктермен байланысын күшейту.

9. Тасталған балалардың санын азайту үшін балалар мен отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету санын жақсарту.

10. Мүгедек балалар мен олардың отбасылары арасында сенсорлық-моторлық стимуляция мәселелерінде қызметкерлерді оқытуда көмектесу.

11. Қызметкерлердің мүмкіндіктерін және ерте жастағы балаларды дамыту мен денсаулығын қорғау үшін күтім стандарттарын жақсарту.

Жобаның стратегиясы

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ мектепке дейінгі мекемелерде пилоттық жобалар ашуда, сондай-ақ балаларды дамытуды жақсартуға бағытталған материалдар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Мүмкіндіктерді жақсарту

ЮНИСЕФ бар назарды тек балаға аударатын, селолық және қалалық жерлердегі төмен қамтамасыз етілген топтарға бағытталған экономикалық тиімді және нәтижелі көмек көрсете алуы үшін ерте жастағы балаларға білім беру саласындағы қызметкерлердің мүмкіндіктерін жақсартуға көмектеседі.

Мақсаттық топтардың ролін күшейту

Ерте жастағы балалармен айналысатын қызметкерлердің және отбасының балаларды жан-жақты дамыту мәселелеріндегі ролі мен білімдерін күшейту бойынша іс-шаралар өткізілетін болады. Мектепке дейін тәрбиелеу жөніндегі шағын жобаның шеңберінде отбасының ролін қамтамасыз ету мен оның қажетті шешімдер қабылдауға қатысуы үшін азаматтық қауымдастықпен байланыстар жасалатын болады.

Балалардың мүдделерін насихаттау

Халықаралық тәжірибе туралы ақпарат алмасу және пікірталас форумын құру жолымен ЮНИСЕФ ерте жастағы балаларды күту мен дамытуға әдеттегідей емес көзқарас және баланы мемлекеттік мекемеде ұстауға отбасылық балама, сондай-ақ мұндай ұстауды жақсартуды тануды насихаттайтын болады. Мұндай ЮНИСЕФ іс-шараларын демеушілік түрде бірлесіп қолдау дегеніміз - мұқтаж балаларды күтуге жаңа және баламалық көзқарас туралы ақпаратты тарату тәсілінің бірі.

Серіктестер

ЮНИСЕФ пилоттық зерттеу кезінде және жобаны тарату фазасында Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментімен, сондай-ақ облыстық білім беру департаменттерімен тығыз байланыс жасайтын болады. Министрліктен басқа, тығыз байланыс Отбасы мен әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссиямен жүзеге асырылатын болады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу туралы шағын жоба шеңберінде жаңа тәсілдерді пилоттық тестілеуге үйлестіру жүзеге асырылады.

Жобаны басқару

ЮНИСЕФ-пен бірге жұмыс жасайтын ұлттық та, жергілікті де деңгейдегі мемлекеттік органдар жобаны іске асыруға жауапты болады. Жобаны жоспарлауға, мониторингі және бағалауды жүзеге асыруға тиіс жобаны іске асыру бойынша топ құрылады. Бұл топ мемлекеттік органдар, ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ-тің Өкілдігі, Астана қаласындағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, мүдделі сарапшылар мен агенттіктерден тұратын болады.

Көрсеткіштер

Жобаның ықпал ету көрсеткіштері

- Мемлекеттік мекемелердегі 5-ке дейінгі балалардың деңгейі
- 0-ден 5-ке дейін бір жылда тасталған балалардың саны
- Пилоттық облыстарда бір жылдың ішінде уақытша приюттерге орналастырылған балалардың саны
- Бір жылда өздерінің биологиялық отбасыларына қосылған балалардың саны
- Бір жылда бала/қыз етіп асырап алынған балалардың саны
- Жеке, қоғамдық және отбасылық мекемелерді қоса отырып, мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалардың саны
- Бұрын қандай да бір мектепке дейінгі тәрбиелеу мекемесіне барған, бірінші сыныпқа қабылданып жатқан балалардың проценті
- Үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданып жүрген мектепке дейінгі тәрбиелеудің оқытылған оқытушыларының саны.

Жобаны орындау нәтижелілігінің көрсеткіштері

- Қолданылып жүрген заңдарға шолу жасалды
- Халықтың хабардарлығын жақсарту бойынша кампания өткізілді
- Өткізілген семинар мен кеңестердің саны
- Алған дағдыларын іс жүзінде қолданатын, оқытылған персоналдың саны
- Пилоттық облыстарда - ата-аналардың, мектепке дейінгі білімді басқару жөніндегі комитетке тартылған қоғамдық өкілдерінің саны.

Бағалау және мониторинг механизмі

Бағалау және мониторинг механизмі негізгі серіктестермен бірігіп әзірленетін болады. Жобаның мониторингі оны іске асыру жерлеріне бару және мұндай баруларды негізгі серіктестермен үйлестіру жолымен өткізілетін болады. Мекемелерде ұстауға баламалық көзқарастар жөніндегі шағын жобаны іске асырудың алғашқы кезеңінде мағлұматтар жинау бойынша үкіметпен жасалатын жұмысқа назар аударылатын болады. Жұмыс тобы отбасы түріндегі ортада мектепке дейінгі тәрбиелеу жөніндегі шағын жобада мониторинг жоспарын әзірлейді. Пилоттық жобалардың жұмысы қажет болған жағдайда қажетті корректировкалар жасау үшін бір жылдан кейін бағаланатын болады. Пилоттық жобалар жұмысын ең соңғы бағалау жобаның қызметін, оның нысаны мен мазмұнын кеңейту туралы мәселені шешу үшін олар басталғаннан кейін екі жылдан соң жасалады.

Ата-аналық дағдыларды жақсарту жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Ерте жастағы балаларды дамыту жөніндегі консультативтік топты құру.
2. Моторлық дағдыларына, мінез-құлықты дамытуға, тілдік және білімдік дағдыларына ортақтандырылған, ерте жастағы балаларды дамыту жөнінде материалдар әзірлеу.
3. Ата-аналардың үйде білім беру жұмыстарын қолдап дем беру.

4. Отбасында екі жыныстың да тең қатысуын тәрбиелеу мақсатымен қолданылып жүрген бағдарламаға ер адамдардың қатысуын қолдап дем беру.

Отбасы ортасында мектепке дейінгі тәрбиелеу жөніндегі шағын жоба

І с - ш а р а л а р

1. Селолық жерлерде отбасы ортасында мектепке дейінгі тәрбиелеудің экономикалық тиімді әдістерін белгілейтін пилоттық зерттеулер құру бойынша үкіметпен жасалатын жұмыс.

2. Қоғамды оқыту мен шоғырландыру, балаларға тамақ қосындыларын жеткізу, медициналық көмек көрсету және т.с.с. жөніндегі іс-шаралар кіретін пилоттық жобаларды іске асыруды қолдау.

3. Пилоттық жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу.

4. Басталғаннан кейін екі жылдан соң пилоттық жобалар жұмысына бағалау жүргізу, жетістіктер факторын белгілеу.

5. Шағын жобаны одан әрі іске асыру жүргізілетін төмен қамтылған топтарды белгілеу.

6. Үкіметпен бірігіп шағын жобаны кеңейту жоспарын әзірлеу.

7. Мақсаттық облыстарда жобаны іске асыруды қолдау.

Мекемелерде ұсталуға баламалық көзқарастар жөніндегі шағын жоба

Бұл шағын жоба барлық ынтымақтастықтың үш жобасында да болады және балалардың жастарына қарамастан арнайы мемлекеттік мекемелерге орналастырылатындығы фактісін көрсетеді. Шағын жоба жағдайды және әртүрлі жастағы балалардың қажеттілігін назарға ала отырып, барлық бағдарламадағы жалғыз бағдарлама ретінде қаралатын болатын.

І с - ш а р а л а р

1. Жағдайға талдау және базалық зерттеулер жүргізу.

2. Арнайы мекемелерге балама болатын және баланың отбасында болуын сақтауға бағытталатын және оның институционалдануына жол бермейтін әлеуметтік көмек жүйесін құруды қолдау.

3. Үкіметтің балаларды бейинституционалдау және интернаттар мен балалар үйлерінде балалардың санын азайту жөніндегі күш салуын қолдау.

4. Осы салада саясат әзірлеп жатқан қызметкерлерге семинарлар өткізу, мамандардың саясатты өзгерту мен арнайы қызметтер құру бойынша осы сияқты тәжірибесі бар елдерге баруын қолдау.

5. Бала асырап алу механизмін өзгерту мен бала/қыз асырап алу бойынша ұлттық орган құру жөнінде заң актілерін қабылдау үшін тиісті қолдау көрсету.

6. Отбасылық ортаға орналастыру жолымен арнайы мекемелердегі балалардың санын қысқарту жөніндегі үкіметтің ниетін қолдау.

7. Балаларды пайдаланудың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау

мәселелері бойынша кәсіпқойлар, еріктілер мен мемлекеттік қызметшілерге семинарлар өткізу.

8. Балаларды дамыту және дағдыларды ынталандыру мәселелерінде балалар үйлерінің қызметкерлерін оқытуды қоса отырып, 0-ден 3-ке дейінгі ерте жастағы балаларды психологиялық-әлеуметтік дамытуды жақсарту үшін шаралар мен қызметтер енгізуді қолдау.

9. Әлеуметтік қызметкерлерге семинарлар өткізу және уақытша приюттар мен отбасылармен қайта интеграциялау стратегияларын талқылау.

10. Мүгедек балалар мен олардың отбасы арасында сенсорлық-мотор стимуляциясы мәселелерінде қызметкерлерді оқыту.

Саясат әзірлеу, өзара байланыс жасау және төтенше жағдайларға дайындалу жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері

1. Жағдайларға талдау және базалық зерттеулер жүргізу.

2. Мониторингтік механизмді және халықаралық келісімдер мен конвенциялар жөніндегі есеп берушілік міндеттерін реттеу кезінде техникалық көмек көрсету.

3. Тиісті стратегиялар әзірлеу және ана мен баланың денсаулығын қорғау мен ерте жастағы балаларды дамыту саласында басым іс-шаралар белгілеу.

4. Ана мен баланың құқықтарын ескере отырып, төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі бастамаларды қолдау.

Жобаның стратегиясы

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі қолдау

Төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда ЮНИСЕФ зардап шеккен аудандағы балаларға медициналық көмек көрсетеді.

Мүмкіндіктерді жақсарту

Әлеуметтік сектор кәсіпқойларының мүмкіндіктері мен білімдерін жақсарту ұлттық және аймақтық байланыстарды дамыту, халықаралық тәжірибе алмасу жолымен жүргізілетін болады.

Балалардың мүдделерін насихаттау

Ана мен бала денсаулығын сақтау жөніндегі Орталық Азия мен Қазақстан елдерінің форумы (ОАҚР БмАДС форумы) халықаралық тәжірибе туралы ақпараттар алмасуды, барлық елдердегі денсаулық сақтау саласындағы қолданылып жүрген саясатты жалғастырады және оларды жетілдіру бойынша шаралар ұсынады. Осы және басқа да тәсілдерді пайдалана отырып, ЮНИСЕФ алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жария ету бойынша насихат пен ақпарат алмасуды және жасөспірім балалардың дамуы бойынша бағдарламаларды басшылар, медицина қызметкерлері, тұрғындар арасында күшейтетін болады. Бұдан басқа, ЮНИСЕФ арнайы мекемелерде ұсталатын балалардың санын азайту бағытындағы әртүрлі тәсілдерді бірінші кезекке қоя отырып,

отбасыларын қолдау, тастанды және қалдырынды балалар деңгейін төмендету, бала асырап алу процентін жақсарту шараларын және уақытша қамқорлықтарды дамытуды насихаттайтын болады. Сонда да болса арнайы мекемелерде ұсталатын балалар үшін ЮНИСЕФ, олардың жани-сезім жағынан дамуын жақсартуды насихаттайтын болады.

С е р і к т е с т е р

ЮНИСЕФ денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттікпен, Білім және ғылым министрлігімен, сондай-ақ Отбасылар және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссиямен тығыз ынтымақтастықта болады. Тиісінше ғылыми-зерттеу институттары , БҰҰ-ның донорлары мен агенттіктері, сондай-ақ COHRED жүйесі, жобаны іске асыруға белсенді түрде қосылатын болады.

Жобаны басқару

БмАДС ОАҚР форумының Атқару комитеті ЮНИСЕФ-пен бірге ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы жобаның жүзеге асырылуына жауапты болады. БмАДС ОАҚР форумының атқару комитеті, Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттіктің жоғары қызметтегі қызметкерлерінен және ЮНИСЕФ-тің ОАҚР-дағы Өкілдігінен құралатын болады.

Көрсеткіштер

Жобаны орындау нәтижесінің көрсеткіштері

- Денсаулық сақтау саласында Негізгі ұлттық зерттеулердің (ДНҰЗ) механизмі т а л д а н ғ а н .
- ОАҚР форумы мен ДНҰЗ-дың наградалары тағайындалған.
- ОАҚР форумының Жұмысшы топтарының (Иммунизацияның қауіпсіз практикасы, Кішінутриенттер, Ана сүтімен емізу, Гигиена, Ананы және неонаталдық күтімі, ДНҰЗ, СПИД/ВИЧ) кездесулері өткізіледі.
- Қатынас материалдары әзірленген және шығарылған.
- Қажеттілігіне қарай жобаның әсер ету талдауы бойынша зерттеулер жүргізілген.
- Ана мен бала мүдделерін ескеретін, төтенше жағдайларға дайындық жобасы әзірленген.

Бағалау және мониторинг механизмі

Бағалау мен мониторинг механизмі негізгі серіктестермен бірлесе талданатын болады. Жобаны бағалау мен мониторингтің негізгі серіктестермен үйлестірілетін болады.

Саясатты, мониторингті әзірлеу және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Балаларды қорғау мәселелері бойынша қажетті ахуал талдауы мен зерттеулер ө т к і з у .
2. БмАДС ОАҚР форумына қолдау жұмыстарын жүргізуді жалғастыру, осы арқылы тәжірибе алмасуды, саясатты талдау мен әзірлеу жөніндегі жұмысты өткізуді

жалғастыру.

3. Қажеттілігіне қарай бағдарлама саясатын талдау мен зерттеуді қолдау.

4. Ортақ жобадағы байланыс шараларын қолдау.

5. Елдегі жағдайға сәйкес төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі аналар мен балаларға бағытталған қажетті бастамаларды қолдау.

Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба

Осы шағын жоба барлық үш ынтымақтастық бағдарламаларында болады және оның негізгі мақсаты ЮНИСЕФ қызметкерлеріне жалақы төлеуде, іскерлік іссапарлар ұйымдастыруда және бағдарламаны іске асыруға байланысты басқа да шығыстарды қаржыландыруда.

Іс-шаралар

1. ЮНИСЕФ қызметкерлерінің посттары.

2. ОАҚР арасындағы іскерлік жолсапарлар.

3. Шетелге жолсапарлар.

4. Оқыту.

5. Операциялық шығындар.

Бағдарламаның бюджеті

Мың АҚШ долларында

| Жоба | | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Аналарды және неонаталдық күту | НР | 105.0 | 95.0 | 70.0 | 70.0 | 70.0 | 410.0 |
| | ҚР | 300.0 | 300.0 | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 1200.0 |
| Баланың өміршеңдігі | НР | 62.0 | 69.0 | 53.0 | 53.0 | 53.0 | 290.0 |
| | ҚР | 300.0 | 300.0 | 220.0 | 220.0 | 220.0 | 1260.0 |
| Баланың ерте өсуі мен дамуы | НР | 52.0 | 55.0 | 39.0 | 39.0 | 39.0 | 224.0 |
| | ҚР | 100.0 | 100.0 | 80.0 | 80.0 | 80.0 | 440.0 |
| Саясатты әзірлеу, мониторинг және төтенше жағдайларға дайындық | НР | 110.0 | 110.0 | 100.0 | 100.0 | 100.0 | 520.0 |
| | ҚР | 50.0 | 50.0 | 100.0 | 100.0 | 100.0 | 400.0 |
| Барлығы | НР | 329.0 | 329.0 | 262.0 | 262.0 | 262.0 | 1444.0 |
| | ҚР | 750.0 | 750.0 | 600.0 | 600.0 | 600.0 | 3300.0 |

НР - Негізгі ресурстар

ҚР - Қосымша ресурстар

Қазақстан Үкіметінің және басқа да ұйымдардың үлесі

Ана мен баланың денсаулығын қорғау мәселелері Үкімет жұмысында басым болып есептеледі. Үкімет бұл мәселелерді іске асыруға үлкен ресурстар бөліп береді. Қазақстанның Үкіметі Ұлттық вакциналық қор құра отырып, вакциналық тәуелсіздік жөніндегі келісімге қол қойды және 2000 жылдан бастап халықаралық рыноктан вакциналар сатып ала алады.

"Халықтың денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы - Республика Президенті ұсынған " Қазақстан - 2030 " ұлттық стратегияның ережелеріне негізделген стратегиялық құжат.

Қазақстанның Үкіметі диареямен және ОРИ-мен күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыруда өзіне жауапкершілік алды және ЮНИСЕФ-тің қолдауымен САБЖ, емшекпен емізу, қаны аздықпен күрес және бақылау жөніндегі бағдарламаны іске асыруды бастады және осы бағыттарда жұмысты жалғастыра береді. Үкімет медициналық көмек көрсету, ата-аналарын тарта отырып, үйде емдеу сапасын көтеруге мүдделі. Үкімет осы жоспарда көрсетілген бағдарламаны жақсартуға ұсынылып отырған оқыту мен қорларды да қолдайды. ЮНИСЕФ негізгі дәрі-дәрмек құралдарын тәуелсіз түрде жеткізу туралы бағдарламаны бастауға дайындығы туралы Қазақстанның Үкіметіне хабарлаған. Персоналдың жалақысына, медикаменттерді тасымалдауға, бақылау мен мониторингке байланысты барлық шығындар Үкіметтің жауапкершілігі болып табылады.

Ойдағыдай іске асыру үшін бағдарламаға көпжақты және екіжақты ынтымақтастық жөніндегі басқа серіктестер қатысады.

Баланы жан-жақты дамыту бағдарламасы

| | | |
|---|---|---|
| Оқыту ортасын қалыптастыру жөніндегі жоба | Айрықша қорғау шараларын қажет ететін балалар жөніндегі жоба | Саясат пен өзара байланысты әзірлеу жөніндегі жоба |
| Мектепте оқыту ортасы | Залалдың келтірілуі мен балалардың пайдаланылуын азайту | Саясат пен өзара байланыстарды әзірлеу, және төтенше жағдайларға дайындалу |
| Оқуға қол жеткізуі мен азаматтық қоғамдастыққа тарту | Мекемелерде ұстауға баламалы көзқарастар | Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба |
| Өмірлік машықтарды тәрбиелеу | | |

Қысқаша шолу

Баланы жан-жақты дамыту бағдарламасы балалардың 6-дан 12-жасқа дейін өсуі мен дамуының қажеттіліктері мен талаптарына жауап беретін болады. Бағдарлама мектепті

тастап кеткен балалардың санын азайтуға, және білімнің сапасын жақсартуға бағытталған. Бағдарлама денсаулық, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық, тәртіптілік пен шыдамдылық саласындағы өмірлік машықтарға оқытуды енгізуді ұсынады. Сонымен бірге бағдарлама әсіресе қорғалмаған, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік өзгерістер ықпалына мейлінше ұшыраған балалардың проблемаларына өз назарын шоғырландырады. Осы мақсаттар үшін ЮНИСЕФ негізгі ресурстардан бесжылдық кезеңде 1 млн. 171 мың АҚШ долларына жуық, және донорларды іздестіру жөніндегі қызметтің сәттілігі жағдайында қосымша қорлардан 1 млн. 950 мың АҚШ долларына жуық қаржыны пайдаланады.

### Жағдайды талдау

Қазақстан Республикасының Конституциясына K951000_ сәйкес алты немесе жеті жастан бастап 11-12 жастағы балаларды оқыту, орта білім беру тегін болып табылады. Мемлекеттік оқу мекемелері республикалық (орталық) және жергілікті (облыстық) бюджеттерден қаржыландырылады, бір оқушыға кететін шығындар нормасы негізге алынады. Жеке орта мектептер ашуға, егер олар мемлекеттік нормаларды сақтайтын және лицензиялары бар болса, рұқсат беріледі.

### Мектепке алу және қатысушылық

Орта мектептерге жатқызылған мектептердің, алынған мұғалімдер мен оқушылардың саны сәл ғана төмен түсу деңгейімен 1990-1991 жылдардағы нақ сол деңгейде қалып отыр, бұл тұтастай тұрғындар санының қысқаруына байланысты. Соңғы бірнеше жылдарда селолық жерлерде бірқатар мектептердің жабылуы салдарынан бұл көрсеткіштің ұлғайғанына қарамастан (1997 жылдың өзінде 335 мектеп жабылған болатын), Мұғалімдер мен оқушылар санының арақатынасы төмен. Орта мектептерді бітірушілердің 60% дерлігін қыздар құрайды. Мектепті тастап кеткендерді шығарып тастау мен қатыспаушылық деңгейі өсіп келе жатқан алаңдаушылық сезімін тудырады.

### Білім беруді қаржыландыру

Білім беру жүйесін мемлекеттік қаржыландыру 1996 жыл кезеңінде өсті, бірақ 1998 жылы азайды. 1996 ж. білім беруге шығындар НВП-дан 4,3%, мемлекеттік бюджеттен 14,3% құрады. 1998 жылы білім беру жүйесі НВП-дан 3,7 % немесе мемлекеттік бюджеттен 11.2% баламалы қаржы алды (Қазақстанның Үкіметі, Білім баршаңыз үшін 2000, 1999). 1998 жылы республикалық бюджет жоғары оқу мекемелерін толығымен қаржыландырды және орта, орта арнаулы және кәсіптік білімге жұмсалатын шығындардың бір бөлігін жапты. Жергілікті бюджет кәсіптік білім берудің барлық мекемелерін және мектеп жасына дейінгі жалпыға ортақ орта және кәсіптік білім беру мекемелерінің басым көпшілігінің шығындарын жауып отыр. Білім беруге мемлекеттік бюджет қаражаттарының үлкен бөлігі (58%) жалпы орта білім беруге бөлінеді, мұнан

кейінгі орында жоғары білім беру (16,1%) және, ең соңында орта арнаулы және мектеп жасына дейінгі білім беру (7,5%) орын алады. 1999 жылғы білім беру жөнінде жоспарланған бюджетті Парламент екі есе қысқартты.

### Бюджет шиеленісуінің салдарлары

Бюджеттің шиеленісулері орта білім беру сапасының төмендеуіне алып келді. Әсіресе табыстары төмен селолық жерлер мен аудандарда қиын жағдай қалыптасты, бұларда ата-аналар мектепке қосымша қаржылық қолдау көрсете алмайды. Мектеп оқулықтарының жетіспеуі (оларды пайдалану ушін төлем жасау немесе оларды сатып алу керек) және мектеп ғимараттарының қайғылы жағдайларының салдарынан оқытудың бара-бар емес жағдайлары нағыз елеулі проблемалар тудырып отыр. Осы оқушыларды мектеп оқулықтарымен қамтамасыз етумен бірге этникалық азшылыққа білім беру міндетті түрде заңмен көзделген, мұның өзі бюджетке қосымша салмақ түсіреді. Қазір жаңа оқу жылының жоспары мен мектеп оқулықтарын дайындау жөніндегі (қазіргі сәтте 3-ші сыныптық деңгейге дейінгісі аяқталған, 2000 жылы 4-ші сыныпты қамту жоспарланып отыр) жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Азия Даму Банкі ( АДБ) қарыз бере отырып жаңа оқулықтар шығаруға ықпал жасады, алайда, қаржы мен адам ресурстарының барлығының күш-жігері жаңа оқу жоспарлары мен оқыту материалдарын дайындауға бағытталған. Сонымен бірге АДБ мектептердегі компьютерлік сыныптарды жабдықтауға өз үлесін қосты (980 мектепті қамтамасыз ету жоспарланып отыр), алайда бәрібір мемлекеттік бағдарлама міндеттері орындалмаған күйінде қалып келеді. Көмекші оқыту материалдары мен жабдықтары ескірген, сондай-ақ олардың жетіспеушілігі сезіледі.

Сумен жабдықтауды және санитарлық жағдайларды қоса алғандағы мектептердегі жағдайлар әсіресе селолық аудандарда айрықша қайғылы жағдайларда болып отыр. Сыныптар барлық жерлерде артығымен лық толған. 1996/97 жылдарда 3,123 селолық мектептер 1 479 қалалық мектептермен салыстырғанда екі ауысымда жұмыс істеді. Алпыс жеті мектеп үш ауысымда жұмыс істеді. Алайда басқа селолық мектептерде оқушылар санының аздығы соншалық, мұғалімдер оқушылардың әртүрлі деңгейлеріне арналған оқытудың осы заманғы әдістерін қолданбастан-ақ, бір мезгілде үш немесе төрт сыныптарда сабақтарды жүргізе береді.

Негізінен алғанда, оқытушылар құрамының даярлық деңгейі жоғары, бірақ әлі де көптеген олқылықтар бар. Мектеп жасына дейінгі мекемелердің жабылуына байланысты балалар бақшаларының кейбір тәрбиешілері бастауыш сыныптарға жұмыс істеуге көшірілген болатын; оларға біліктілік деңгейлерін арттыру үшін қайта даярлықтан өту қажет. Мұғалімдердің оқыту мен сыныптық басқарудың жаңа әдістеріне қол жеткізуі мейлінше шектеулі. Сондай-ақ мектепті басқарудың машықтарына мектеп директорларының кәсіптік даярлануын өткізу қажет.

### Арнайы қорғау шараларын қажет ететін балалар

Бақытсыздыққа ұшыраған балалар - әсіресе жетім балалар мен мүгедектер - заң

бойынша тегін білім алуға тиіс. Көзделіп отырған 84,000 жетім балалардың шамамен 63,000 мектептерге, не мектеп-интернаттарға (10,060) немесе әдеттегі мектептерге ( 53,420) барады. Мүгедек балалар (1996 жылы олар 120,000 болатын) тегінде жалпы деңгейлік білім алмайды. Мүгедек балалардың саны әсіресе экологиялық апатты аймақтарда - Семейге және Арал теңізіне жақын орналасқан жерлерде өсіп келеді. Балалар үйлеріндегі жағдай туралы тек шектеулі ғана ақпараттың болуына қарамастан, бақытсыздыққа ұшыраған және тастанды балалардың мамандандырылған мекемелерге түсуі жалғасып келеді, сондай-ақ бюджеттің қысқартылуы мемлекеттің бұрынғыдай деңгейде қамқорлық жасау мүмкіндігін азайта түскені де түсінікті. Осындай жағдайда оларды психологиялық кедергілерден өтуде өздерін жеке қалдыра отырып, балалардың ең аз деген қажеттіліктерін қанағаттандырудың өзі қызметкерлерге қиынға түседі.

Н е г і з д е м е

Қазақстан Үкіметі білім сапасын жақсарту жолын қууда. ЮНИСЕФ оқытудың тиімділігі мен сапасын жақсартуға, және білім берудің әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың қанағаттанарлықтай деңгейде білім алуына қол жеткізуге барынша көңіл бөле, қоғамның нашар қорғалған топтарының қажеттіліктерін ескере отырып, базалық/ бастауыш білім беру саласында ілгерілеушілікті жеделдетуге ұмтылуда.

Қазіргі уақытта Қазақстанда баланың оқуға құқығы толығымен берілген - міндетті бастауыш оқуға кепілдік 6-дан 16-жасқа дейінгі балаларға тегін берілген. Проблеманың мәнісі мынада, өткенмен салыстырғанда олар алатын оқыту сапасының деңгейі төмендеп кетті. Қазақстанның педагогтары оқыту мен мектептерді басқару машықтарын жақсартуда қажетсінеді және тілейді. Балаға бағытталған оқыту әдістерін енгізу Білім беру туралы жаңа заң міндеттерінің бірі болып табылады. Бірақ бұл әдістер жаппай тарай алмайды, оларды тестілеу және Қазақстанның жағдайларына бейімдеу қажет. Сондай-ақ денсаулық пен гигиена, тәртіптілік пен төзімділік, қоршаған орта мен салауатты өмір салты жөніндегі ақпаратты пысықтауды жалғастыру және оқу бағдарламасына енгізу қажет.

Арнайы қорғау шараларын қажет ететін балалар, көше балалары туралы; мамандандырылған мекемелерде (балалар үйлерінде, сәбилер үйлерінде, мектеп-интернаттарда және т.с.с.) ұсталатын балалар; мүгедек балалар; жұмыс істейтін балалар; сондай-ақ қаражаттың жоқтығынан тұрақты негізде мектепке бармайтын немесе отбасының бюджетін толықтыруға көмек көрсету мақсатымен жұмыс істеуге мәжбүр балалар туралы ақпаратқа мұқият айқындалған қажеттілік бар. Мамандандырылған мекемелерде ұсталатын балаларға қатысты қызметтің басыңқы бағыттары мекемелердің өздерінің жағдайларын жақсарту, сондай-ақ осындай балаларды емдеу мен күтуге баламалы көзқарастарды іздестіру болып табылады. Отбасы жағдайларында балаларға күтім жасау - бұл баланың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең үздік әдісі; тисінше отбасылардың балаларды асырауына көмектесу, мемлекеттің тәрбиесіне берілген балаларды олардың отбасыларымен

біріктіру, ұл ғып/қыз ғып асырап алу, сондай-ақ отбасылық балалар үйлерін құру және тастанды балаларды тәрбиелеуге алу, міне, проблеманы шешудің ең ықтимал әдістері осылар, мұның өзі одан әрі зерттеу мен қолдауды қажет етеді. Қалай қосымша ақпарат жиналысымен, проблеманы толық ауқымында талдауға және тиісті стратегияны әзірлеуге болады.

Бағдарламаның мақсаттары

Балаға бағдарша сай, арнайы қажеттіліктері бар балаларға айрықша көңіл бөле отырып, оқыту ортасына қол жеткізу құқығын арттыру. Балалардың үй күтімі жағдайларында даму құқығын қорғау.

Бағдарламаның міндеттері

1. Оқыту ортасын анағұрлым балаға бағытталғандай етіп қалыптастыру.
2. Барлық бабалардың құқықтарын қолдайтын және олардың қол жеткізу құқығын қамтамасыз ететін білім беру саясатын талқылауға және қалыптастыруға өз үлесін қосу .
3. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкес келетін оқытумен мектептік басқарудың әдістерін әзірлеуді, бейімдеу мен таратуды қолдау.
4. Мектептерге барудың кепілді деңгейінің сақталуы мен балалардың орта мектепті тастап кетуі деңгейінің қысқаруын қамтамасыз етеді.
5. Мектепті оқыту бағдарламасына білім берудің дүниежүзілік стандарттарын интеграциялайды.
6. Білім сапасы мониторингі ұлттық мүмкіндіктерін құру мен күшейтуді және оқытуда жетістіктерге жетуі Үкіметке көмек көрсету.
7. Жергілікті жерлердегі мектептердегі оқыту сапасын жақсартудағы жұртшылыққа көмек көрсету.
8. Отбасылық кіріс деңгейінің қысқартылуынан, жұмыссыздықтан және әлеуметтік кепілдіктер жүйесінің бейинтеграциялануынан бәрінен көп зардап шеккен отбасылар мен балаларға әлеуметтік көмекті шоғырландыру механизмін әзірлеуде Үкіметке көмек көрсету.
9. Мамандандырылған мекемелерге балаларды орналастыруды болдырмайтын, сондай-ақ әлеуметтік қорғау шараларын қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялауға септігін тигізетін балаларды қорғау жүйесін дамытуды ынталандыру.
10. Әйтсе де мамандандырылған мекемелерде тіршілік етуге тура келетін балалардың психоәлеуметтік күтімі мен қамтамасыз етілу сапасын жақсарту.

Бағдарламаның стратегиялары

Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қолдау

Шектелген санаулы жағдайларда ЮНИСЕФ қажет ететін аудандарға оқулықтармен және басқа мектептердегі оқыту материалдарымен көмек көрсетеді.

Мемлекеттің мүмкіндіктерін жақсарту

ЮНИСЕФ білім беру саласында саяси шешімдер қабылдайтын және оларды

практикада қолданатын адамдардың сондай-ақ әлеуметтік сала мамандарының мүмкіндіктерін, саясат саласында оқыту және жалғасып отырған талқылаулар арқылы балалардың денсаулығының қорғалуы, олардың дамытылуы, қорғалуы мен қатыстырылуы жөнінде тиімді қолдау көрсету үшін күшейту жөнінде көмек көрсететін болады. ЮНИСЕФ бірнеше ҮЕҰ-мен олардың қызмет көрсету жөніндегі мүмкіндіктерін күшейту жөнінде бақытсыздыққа ұшыраған балаларды қорғаушылар ролін атқара отырып жұмыс істейтін болады.

Мақсатты көмек топтарының ролін күшейту

Азаматтық қоғамдастықпен отбасының ролін олардың өз балаларының тәрбиесімен оқытылуына қатысу белсенділігін арттыруға қатыстыру мақсатымен күшейту. Балалардың білім алудағы қажеттіліктерінің орындалуы кепілдігін қамтамасыз ету үшін ата-аналармен тығыз ынтымақтастық мектептерде ынталандырылатын болады. Азаматтық қоғамдастықты, мұғалімдер мен балаларды бала құқықтары бойынша оқытылуын жүргізу жоспарланады.

Балалардың мүдделерін насихаттау

ЮНИСЕФ баланың құқықтарын, атап-айтқанда білім алу және үй жағдайында күтімге ие болу құқықтары, сондай-ақ айрықша қорғау шараларын қажет ететін балалардың құқықтарын тану үшін күресетін болады.

Бағдарламаны қамту және көмекті алушылар (мақсатты топтар)

Бағдарлама бойынша қызметтің түрлері, негізінен алғанда, ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын болады, және қоғамның нашар қорғалған топтарының балаларына бағытталатын болады, ол бағдарламаны іске асырудың алғашқы жылында анықталады. Айрықша қолдау мен қызмет көрсету айрықша қажет ететін аудандарға шоғырландырылатын болады. Осындай облыстарды немесе аудандарды іріктеудің өлшемдері, отбасының орташа кірісі, жұмыссыздық деңгейі, тәуекел топтарының қатысуы, серіктестер мен донорларды тарту секілді осындай факторларды назарға ала отырып, әзірленетін болады. Оқыту ортасын жақсарту жөніндегі бағдарламаны іске асырудан ұтатын шәкірттерге қосымша көмек алушы арнайы топтарға айрықша қорғау шараларын қажет ететін мамандандырылған мекемелерге түсіп қалуы әбден ықтимал тәуекел топтарының, немесе қазірдің өзінде оларда ұсталатын балалар секілді; асыра пайдаланылатын немесе менсінілмейтін балалар; мүгедек балалар; көше балалары кіретін болады.

Оқытудың қолайлы ортасын жасау жөніндегі жоба

Жобаның мақсаттары мен міндеттері

1. Балалардың жеке қажеттіліктеріне жауап беретін анағұрлым жоғары бағдарға көшу кезінде балаға қолдау көрсету.

2. Балаларға, ата-аналар мен мұғалімдерге мектептермен, отбасылармен және азаматтық қоғамдастық өмірмен ынтымақтастық байланыстар орнатуда көмек көрсету.

3. Азаматтық қоғамдастықтың бейорталықтандырылған көзқарасына арқа сүйеу

арқылы мектепті басқару жөнінде қолдау көрсету.

4. Мектепті тастап кету қаупі төніп тұрған оқушыларды анықтау әдістерімен, сондай-ақ оқушылардың мектептен кетуіне және қатыспаушылығына қарсы әрекеттер жасау, қоғамдық қолдауды тарту мен ынтымақтастық арқылы мұғалімдердің оқытылуын жүргізуге көмек көрсетеді.

5. Қатыспаушылық схемасы мен мониторингтік жүйелердің дамытылуын қолдау.

6. Теңдікті, құрметтеушілікті, кемсітушіліктен бас тартушылықты және барлық балалардың қатысуға тартылуын ынталандыру.

7. Білім берудің аса құнды стандарттарының, мектептің оқу жоспарларына санитарлық-гигиеналық ағарту, бейбітсүйгіштік пен төзімділікке үйрету, қоршаған ортаны қорғау және салауатты өмір салты мәселелерін қоса отырып, интеграциялануын қолдау.

8. Білім беру сапасы мониторингін өткізудің ұлттық мүмкіндіктерін құру мен күшейтуді және тұрақты негізде оқыту жетістіктеріне жетуде Үкіметке көмек көрсету.

Жобаның стратегиялары

Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қолдау

Шектелген санаулы жағдайларда ЮНИСЕФ қажет ететін аудандарға оқулықтармен және басқа мектептердегі оқыту материалдарымен көмек көрсетеді. ЮНИСЕФ білім беру жүйесі ведомстволарының өкілдері мен оқу жоспарларын, оқыту ортасы мен мониторинг жүйелерін жетілдіру жөнінде бірлескен жұмыс жүргізетін болады.

Мемлекеттің мүмкіндіктерін жақсарту

Білім беру жүйесінің қызметкерлеріне, саяси шешімдер қабылдайтын адамдарға және жұртшылық өкілдеріне қолдау көрсетілетін болады, сондай-ақ басқару мен білім беру жүйесі мониторингін жетілдіру мақсатымен оқытылудан өту мүмкіндігі берілетін болады.

Мақсатты топтардың ролін күшейту

Жұртшылық пен отбасыларының ролін күшейтуге, олардың өз балаларына білім беруге белсене қатысуына мүмкіндік жасай отырып көңіл бөлінетін болады. Мектептердің ата-аналармен тығыз ынтымақтастығы олардың балаларының білім алудағы қажеттіліктерінің орындалу кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін ынталандырылатын болады. Мектеп жүйесіне бағытталған оқыту ортасы жөніндегі шағын жобаның қамқорлығымен мектеп жүйесін жетілдіру саласында консультациялар беру және қызмет мониторингін өткізу жөнінде қоғамдық топтар құрылатын болады. Өмірлік машықтар жөніндегі шағын жобаның қызметіне өз денсаулығын, сондай-ақ өзінің әлеуметтік және жеке ортасын қорғауға анағұрлым белсене қатысудағы балалардың ақпараттар алып тұруы және ролінің күшейтілуі қосылатын болады.

Негізгі серіктестер

Осы жобаны іске асыруда Білім және ғылым министрлігі, оның бөлімшелері мен институттар, сондай-ақ ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері

жөніндегі ұлттық комиссия мен Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары жөніндегі ұлттық орталық ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері болады. ҮЕҰ-мен бұқаралық ақпарат құралдарымен тұрғындардың хабардарлығын жақсарту жөніндегі шараларды өткізу кезінде байланыс орнатылатын болады. Жобаны іске асыру жөніндегі жұмысқа БҰҰ агенттіктері, донорлар мен басқа да мүдделі халықаралық және ұлттық ұйымдар тартылатын болады.

Бағдарламаның әкімшілігін жүргізу

Жобаларды іске асыру республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдерімен ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастықта жүзеге асырылатын болады. Жоба жөніндегі үйлестіру тобы жоспарлау, жобаның мониторингі мен бағалануы процесіне бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын болады. Топ ЮНИСЕФ Өкілеттігі мен ОАҚР, ЮНИСЕФ-тің Астана қ. Өкілеттігі қызметкерлерінен, Үкіметтің өкілдерінен, БҰҰ мүдделі агенттіктерінің өкілдерінен және қатысушы министрліктер сарапшыларынан тұратын болады.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Ықпал ету көрсеткіштері

- Мектептердің жұртшылықтың мақсатты топтарындағы "балаға достық ниетті қатынас" практикасын қалыптастыратын проценттік қатынасы, және соның негізінде құрылған оқу жоспарлары;
- Жүйелі қатысу (анда-санда қатысу) мүлдем қатыспақ жас айырмашылығы топтары және баланың жынысына байланысты параметрлерді қоса алғанда, балалардың мектептерге қатысу деңгейіндегі өзгерістердің проценттік қатынасы;
- Денсаулық, гигиена, бейбітсүйгіштік, төзімділік, қоршаған орта және салауатты өмір салты жөніндегі материалдардың барлығы/пайдаланылуы.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Мектеп жүйесіне бағытталған оқыту ортасын жақсарту жөніндегі шағын жоба

- Азаматтық қоғамдастықтың әлеуетті топтарын анықтау
- Азаматтық қоғамдастықтың арасында пікірталастарын өткізу
- Азаматтық қоғамдастықтың мақсатты топтарын іріктеу
- Олардың оқытылудан өтуі мен алған машықтарын практикада қолданатын мектептер директорлары мен мұғалімдерінің санын анықтау.

Білімге қол жеткізу және азаматтық қоғамдастыққа тарту

- Қатыспаушылық мониторингі жүйесін құру
- Мұғалімдердің, қоғамдық топтар мен ата-аналардың санын олардың бала құқықтары бойынша оқытылудан өтуі үшін анықтау
- Азаматтық қоғамдастық топтары мен мектептер үшін өткізілген семинарлардың саны.

Өмірлік машықтарды тәрбиелеу жөніндегі шағын жоба - Жұмыс топтарын қалыптастыру

- Өмірлік машықтарға оқыту пәніне оқыту материалдарының барлығы жөнінде елімізде арнайы бағалау өткізу

- Халықаралық тәжірибе саласында зерттеулер еткізу.

Бағалау мен мониторинг механизмі

Жобаны орындау мониторингі жергілікті жерлерге бару, сондай-ақ серіктестермен үйлестіру және стратегиялық сапарларға шығу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Мектеп жүйесіне бағытталған оқыту ортасын жақсарту жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Ұлттық білім беру реформасы шеңберінде Үкіметпен саяси шешімдер қабылдау.

2. Жүргізілген зерттеулердің қолданылып жүрген нәтижелеріне шолу жасау, сондай-ақ азаматтық қоғамдастықтың әлеуетті топтары мен мектептерді анықтау үшін қажетті қосымша зерттеулерді оларға көмек көрсету мақсатында жүргізу.

3. Азаматтық қоғамдастықтың қатысуымен қажетті көмектің түрі мен деңгейін, сондай-ақ назарды балаға аударатын оқыту ортасын құруға олардың тілегі мен әзірлігін талқылау үшін форум өткізу.

4. Азаматтық қоғамдастық топтары мен мектептерді оларға көмек көрсету мақсатында түпкілікті анықтау, іске асыру жоспарлары мен шағын жоба мониторингін дайындау.

5. Жекелеген мақсатты аудандарда мектептердің барлық мұғалімдері мен басшылығы үшін жергілікті жерлерде балаға бағыттау әдістерін анықтау, бейімдеу және оқытуға ықпал ету.

6. Жергілікті жерлерде мектептер әкімшіліктері мен мұғалімдерін мектеп пен сыныптарды жекелеген мақсатты аудандарда басқару әдістеріне оқытуды өткізу.

7. Мақсатты аудандарды оқулықтармен және оқыту материалдарымен қамтамасыз ету.

8. Жоғары тәуекелді жекелеген мектептерге білімге жалпыға ортақ қол жеткізуді ынталандыру мақсатында тиісті санитарлық жағдайлар жасау және сумен жабдықтау жөнінде қолдау көрсету.

9. Білімге жалпыға ортақ қол жеткізуді ынталандыру мақсатымен жоғары тәуекелді жекелеген мектептер ғимараттарының инфрақұрылымын қалпына келтіру жұмыстары жөнінде қолдау көрсету.

10. Қамтамасыз ету мониторингі мен көмекті пайдалану.

11. Оқыту сапасына ықпал ететін, көрсетілетін көмектің нәтижелілігін бағалау.

Білімге қол жеткізуді жақсарту және азаматтық қоғамдастықты тарту жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Мектепті тастап кеткендерді шығару және сабаққа қатыспау жөнінде қолда бар ақпараттар мен деректерге шолу.

2. Қатыспаушылықтың экспресс-бағалануын әзірлеу, сынап көру және өткізу.

3. Проблеманың таралу ауқымы, себептері мен оларды жоюдың ықтимал әрекеттері жөнінде есептер дайындау.

4. Шешімдер қабылдауға жауапты адамдардың қатысуымен есепке шолу, сондай-ақ осындай проблемаларды шешу үшін басқа елдерде қолданылатын көзқарастарды зерттеу.

5. Мектепті тастап кету қауіпі төнген, және қатысу жөнінен тұрақты түрде проблемалары бар оқушыларды анықтау және оларға көмек көрсету жөнінде мұғалімдер үшін әдістемелік материалдар әзірлеу жөнінде жұмыс топтарын ұйымдастыру.

6. Жұмыс тобымен ынтымақтастықта пилоттық облыстарда қатыспаушылықтың үздіксіз мониторингі жүйесін әзірлеу.

7. Қатыспаушылық мониторингі жүйесін енгізу.

8. Жүйенің қажетті мониторингін, бағалануы мен қайта қаралуын өткізу.

9. Қатыспаушылықтың себептерін анықтау.

10. Қатыспаушылықпен күрес стратегиясын анықтау.

11. Мұғалімдерді және басқа мүдделі адамдарды қатыспаушылықпен күрес әдістеріне оқытуды өткізу.

12. Мектептер мен азаматтық қоғамдастық арасында баланы қорғаудағы ынтымақтастық пен мектепті басқаруды жақсарту құралдары туралы диалогты ынталандыру мақсатымен азаматтық қоғамдастық деңгейінде өткізілетін семинарларға демеушілік көрсету.

Өмірлік машықтарды тәрбиелеу жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Үкіметтің мүдделі өкілдерінен, БҰҰ агенттіктерінен, мұғалімдерден, сарапшылар мен жұртшылық өкілдерінен тұратын жұмыс тобын қалыптастыру.

2. Санитарлық-гигиеналық ағарту, бейбітсүйгіштік пен төзімділік, қоршаған орта мен салауатты өмір салты жөніндегі материалдарды қоса алғанда, білім берудің халықаралық стандарттарын мектеп бағдарламасына енгізу жөніндегі Қазақстанның материалдары мен тәжірибесін бағалау.

3. Білім берудің халықаралық стандарттарын мектептерге енгізу жөніндегі халықаралық тәжірибені зерттеу.

4. Бағалаудың нәтижелерін және зерттеулерге негізделген осы тақырып пен материалдарды мектеп бағдарламасына енгізуді көтермелеу мен қолдау стратегиясын дайындау.

5. Тақырып пен материалдарды мақсатты мектептерге енгізу.

6. Ілгерілеушілік пен нәтижелілік мониторингі мен бағалау; қажет болған жағдайда стратегияны қайта қарау.

Арнайы қорғау шараларын қажет ететін балаларға көмек жобасы

Жобаның мақсаттары

1. Көшедегі, асырап алынған балалар және мамандандырылған мекемелерде ұсталатын балалар жөнінде зерттеулер жүргізу.

2. Отбасылардың қосылуы, балалардың тәрбиеге қабылдануы, дені сау балаларды ( мүгедектіктің қандай да болсын түрлерімен ауырмайтындарды) отбасылық балалар үйлері мен балалар орталықтары-жетімханаларына орналастыру сияқты шаралар арқылы мамандандырылған мекемелерде ұзақ уақыт бойы болған балалардың санын азайтуға алып келетін Үкіметтің және ҮЕҰ бастамаларын қолдау.

3. Тастанды жас балалардың санын азайту мақсатымен отбасылық құндылықтарды арттыруды, балалар үшін әлеуметтік қызметтер сапасын жақсартуды көтермелеу.

4. Балаларды тәрбиелеуге алуға өздерін әзір ретінде ұсынатын отбасылар мен топтарды ұлғайту жөнінде Үкіметпен бірлесе жұмыс жүргізу.

5. Мүгедек балаларды қоғамдық өмірге тартуды (олардың әдеттегі мектептерге қатысуы және т.с.с.) қолдау.

6. Мамандандырылған мекемелердегі балалардың күтім сапасын жақсарту жөнінде Үкіметпен бірлесіп жұмыс жүргізу.

7. Саяси шешімдер қабылдайтын Үкіметтің өкілдерімен, аймақтардағы өкімет органдарымен және министрліктермен өзара байланыс орнату мақсатында балаларды қорғау жөнінде ҮЕҰ арасында бірлескен қызмет пен ақпараттар алмасу мүмкіндіктерін күшейту.

Жобаның стратегиялары

Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ Үкіметке әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін жақсартуда, қажет ететін отбасыларды қоса алғанда, оларға балаларын отбасында сақтап қалуға, балаларды тәрбиелеуге алатын адамдарды қолдауға және мекемелерде күтім жасауға көмек көрсету үшін ықпал ететін болады.

Мемлекеттің мүмкіндіктерін жақсарту

Бағдарлама саяси шешімдер қабылдайтын Үкімет өкілдерінің мүмкіндіктерін жасауға, және арнайы қорғау шараларын қажет ететін балалар мен жұмыс істеудің жаңа әдістерін бейімдеу және сынақтан өткізу жөніндегі жоғары тұрған басшыларға бағытталатын болады. Отбасыларының оларға әлеуметтік қызметтер көрсету арқылы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауы жекелеген жоғары тәуекелді аудандар облыстарда әлеуметтік қызметкерлерді оқыту сапасын арттыру арқылы күшейтілетін болады.

Мақсатты топтардың күштерін күшейту

Осы жоба арнайы қажеттіліктері бар балаларға таңдаулы күтім жағдайларын

жасаудағы отбасылардың ролін күшейтуге, сондай-ақ олардың балаларының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызметтердің қолдануы мен көрсетілуін қорғауға ұмтылады.

Балалардың мүдделерін қорғау

ЮНИСЕФ мүгедек балаларға үй жағдайларындағы күтім, күндізгі мекемелердің күтім жөніндегі қызметтерін жақсарту сияқты баламалы көзқарастардың пайдаланылуын ынталандыратын болады. Ол кәмелетке толмаған заң бұзушылармен, көше балаларымен және мүгедек балалармен жұмыс істеудің және колонияларда ұстаудың әдістеріне өзгерістер енгізу үшін күресетін болады. ЮНИСЕФ балалардың мүдделерін қорғау жөніндегі заң шығару реформаларын жүргізуде Үкіметтің ҮЕҰ бастамаларына қолдау жасайды, мысалы, кәмелетке толмаған заң бұзушыларына қатысты сот төрелігін атқару жөніндегі заң жобасына, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарды басқару жөніндегі зерттеулерге өз үлесін қосады.

Негізгі серіктестер

ЮНИСЕФ осы жобаны іске асырудағы негізгі серіктестері Білім және ғылым министрлігі, оның бөлімшелері мен институттар, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттік, Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ұлттық орталық болады. Тұрғындардың хабардарлығын жақсарту жөнінде іс шаралар өткізу жөнінде ҮЕҰ, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатылатын болады. Жобаны іске асыру жөніндегі жұмысқа БҰҰ, донорлар және басқа мүдделі халықаралық және ұлттық ұйымдар тартылатын болады.

Жобаның әкімшілігін жүргізу

Жобаларды іске асыруды республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдері ЮНИСЕФ тығыз ынтымақтастықта жүзеге асыратын болады, жобаның жоспарлану, мониторингі мен бағалану процесін бақылау мақсатымен жоба бойынша Үйлестіру тобы құрылатын болады. Топ ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігінің, Астана қ., ЮНИСЕФ Өкілдігінің қызметкерлері мен үкімет өкілдерінен, БҰҰ мүдделі агенттіктерінің өкілдері мен қатысушы министрліктердің сарапшыларынан тұратын болады.

Көрсеткіштер

Ықпал ету көрсеткіштері

- Жасаралық топтар бойынша және баланың жынысына байланысты мемлекеттің қамқорлығында тұрған 6-12 жастағы балалардың саны
- 6-12 жастағы тастанды балалардың жыл сайынғы саны
- Жобамен қамтылған аудандардағы отбасылық балалар үйлеріне орналастырылған балалардың жыл сайынғы саны
- Әдеттегі мектептерге баратын мүгедек балалардың саны.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Балалардың пайдаланылуына залал келтіруді азайту жөніндегі шағын жоба

- Қолданылып жүрген заңдарды қайта қарау
- Қоғамдық сананың деңгейін арттыру жөнінде науқан жүргізу
- Заңдардың ережелері мен пайдалы практика мысалдарын қабылдау.

Мамандандырылған мекемелердегі күтімге баламалы көзқарастар жөніндегі шағын жоба

- Бастапқы зерттеулер жүргізу
- Мамандандырылған мекемеде ұстаумен салыстырғанда баланы отбасында сақтау үшін қажетті ресурстар бойынша зерттеулер жүргізу
- Өткізілген оқу семинарларының саны
- Қандай ұйымдардан оқытылған адамдардың саны, олардың деңгейі мен практикада алған машықтарының қолданылуы
- Заңдардың қабылдануы.

Мониторинг пен бағалауды жүргізу механизмі

Мониторинг пен бағалауды жүргізу механизмі негізгі серіктестермен бірлесіп әзірленетін болады. Жобаны орындау мониторингі жергілікті жерлерге бару арқылы, сондай-ақ үйлестіру және серіктестермен стратегиялық сапарларға шығу арқылы жүзеге асырылатын болады. Жобаны іске асырудың алғашқы сатысында назар деректерді жинауды жақсарту жөніндегі үкіметпен жұмысқа жұмылдырылатын болады .

Залал келтіруді және балалардың пайдаланылуын азайту жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Әртүрлі жасаралық топтардағы балалар мен үлгі ретінде ата-аналарды тарта отырып, жүйелі уақыт аралығында зерттеулер жүргізу арқылы денелік, моральдық немесе жыныстық зорлықтың барлық нысандарынан барлық балаларды қорғау мониторингін қолдау.

2. Өз үйіндегі сияқты, мамандандырылған мекеме жағдайларында да денелік немесе моральдық зорлықтың барлық нысандарынан балаларды қорғауға жауап беретін заңдардың шеңберін қайта қарау.

3. Статистикалық деректер жинау рәсімін орнату арқылы балаларға жасалатын зорлыққа қатысты саясатты дамытуды қолдау.

4. "Көрінбейтін жұмыс істеуші" балалардың жағдайларын құжаттамалық куәландыру: оларды ауылшаруашылық қызметкерлерді, үй жанындағы жұмыстар үшін пайдалану.

5. Көшеде тұратын, өздерінің есірткі құралдарын асыра пайдалануы, олардың жыныстық жолмен берілетін ауруларға, СПИД-ке және жыныстық жұқпалы ауруларға,

зорлыққа және психоәлеуметтік жолсыздықтарға ұшырауы салдарынан айрықша назарды қажет ететін балаларға алғашқы медициналық қызметтер көрсету жүйесін енгізу жөніндегі күш-жігерлерді қолдау.

6. Көшедегі сияқты, жұмыс орнында да балаларды пайдаланудың шындықтарына қатысты бұқаралық ақпарат құралдары мен басқа да құралдар арқылы қоғамдық сананы арттыру жөніндегі науқандарды қолдау.

7. Балалардың талдаулық және бағдарламалық процестердің барлық сатыларына қатысуы мен тартылуын қолдау.

Арнайы мекемелердегі күтімге баламалық көзқарастар жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Балалардың арнайы мекемелердегі жағдайы бойынша жағдайға талдау және алғашқы зерттеулер жасау.

2. Өз отбасында тұра алмайтын балалардың жағдайын және қолданылып жүрген отбасын қолдау деңгейін шолу жөніндегі үкіметтік семинарды қолдау.

3. Баланы өз отбасында ұстауға қажетті ресурстар және арнайы мекемелерге орналастыру деңгейлері жөніндегі салыстырмалы талдауды қолдау.

4. Балаларды деинституционалдауға бағытталған үкіметтің күш салуын және әрбір балалар үйіндегі/интернаттағы балалардың санын қысқартуды қолдау.

5. Саясат әзірлеу бойынша семинарлар өткізу және/немесе қызмет көрсету саласында, заңдарда, саясатта ұқсас өзгерістерден өткен елдерге жолсапармен бару және олардың келуі, сондай-ақ арнайы мекемелерде балаларды бағудың жекелеген мәселелері бойынша НПО форумдарын өткізу.

6. Мамандар, еріктілер, балаларды пайдалануды қысқарту мен алдын алу жөніндегі саясаткерлер үшін семинарлар өткізу.

7. Балалар үйлерінің қызметкерлерін оқыту арқылы балаларды психикалық-әлеуметтік дамытуды жақсарту бойынша шаралар мен қызметтер енгізуді қолдау.

8. Саясатты және интеграцияланған қызмет көрсетуді дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарларды әзірлеуде жергілікті өкіметке мүмкіндіктер беру мақсатымен мүгедек балалар құқықтары бойынша семинар ұйымдастыру.

9. Жекелеген аудандарда мүгедек балалардың дені сау балаларға арналған жай мектептерге қатысуы арқылы оларды қоғамдық өмірге тартуға қажетті көзқарастарға оқыту.

Саясат әзірлеу, өзара байланыс және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі жоба

Жобаның мақсаттары мен міндеттері

1. Жағдайға талдау және базалық зерттеулер өткізу.

2. Тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес есеп берушілік жөніндегі міндеттерді орындауды қолдау үшін техникалық кеңестер өткізу.

3. Саясатты талдау және дамытуды, сондай-ақ балаларға білім беру мен қорғау саласындағы коммуникациялық іс-шараларды қолдау.

4. Бала құқықтарына жауап беретін төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі бастамаларды дамытуды қолдау.

Жобаның стратегиялары

Осы жоба әр бағдарламада саясаттың түрлі салаларына назар аудара отырып, барлық үш бағдарламамен ұштасады. Баланы жан-жақты дамыту бағдарламасында балалардың білім алуы мен қорғалуына назар аударылатын болады.

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

Төтенше жағдай пайда болған жағдайда ЮНИСЕФ, ол әсер ететін оқу сабақтарын өткізуге көмектесетін болады.

Мемлекеттің мүмкіндіктерін күшейту

Бастапқы жетілдірілген ақпарат, басқа елдермен тәжірибе алмасу, саяси шешімдер арқылы білім беру қызметкерлері мен шешім қабылдаушы саясаткерлер балалардың құқықтарын іске асыруды одан жақсы ұйымдастыра алады.

Балалардың мүдделерін қорғау

ЮНИСЕФ ерекше қорғау шараларын қажет ететін балалардың барлық мұқтаждары мен құқықтарын қорғайтын және балаға бейімделген оқыту ортасын құратын болады.

Негізгі серіктестер

Осы жобаны іске асыруда ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері Білім және ғылым министрлігі, оның бөлімшелері мен институттар, Төтенше жағдайлар жөніндегі ұлттық агенттік, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия және Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары жөніндегі ұлттық орталық болады. Халықтың хабардар болуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде НПО-мен, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасалатын болады. Жобаны іске асыру жөніндегі жұмысқа БҰҰ агенттіктері, донорлар және басқа да мүдделі халықаралық және ұлттық ұйымдар тартылатын болады.

Жобаны басқару

Жобаларды іске асыруды ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастықта республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдері жүзеге асыратын болады, Жоба жөніндегі үйлестіру тобы жобаны жоспарлау, мониторингі және бағалау процесін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Топ ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдерінен, Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдерінен, үкімет өкілдерінен, БҰҰ-ның мүдделі агенттіктері өкілдерінен және қатысушы министрліктердің сарапшыларынан тұрады.

Көрсеткіштер

Нәтижелілік көрсеткіштері

- Жағдайды талдау мен басқа да зерттеулерді орындау
- ОАҚР-ғы білім беру Форумын құру
- Шығарылған байланыс материалдарының саны мен түрі
- Баланың құқықтарын ескеретін, төтенше жағдайларға дайындық жоспарларын құру
- Қажет болған жағдайда байланыс іс-шараларына ықпал ету жөніндегі зерттеулер.

Саясат, өзара байланыс және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Жағдайға талдау жүргізу және ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды оқыту мен қорғау ортасы жөніндегі жобаларда көрсетілгендей, саясатты дамытуды қолдап дем беру.

2. ОАҚР-дың Білім беру Форумына қатысу және оның жұмысына мүдделілік деңгейін белгілеу. Егер жүзеге асырылатындай болса, мұндай форумды құру.

3. Бағдарламалық материалдармен қамтылған тақырыптық бағыттары бойынша жалпы сипаттағы байланыстық іс-шараларды қолдау.

4. Елдегі жағдайға сәйкес төтенше жағдайға қажетті дайындықты қолдау.

Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба

Осы шағын жоба барлық ынтымақтастық бағдарламалардан болады және оның негізгі мақсаты ЮНИСЕФ қызметкерлеріне жалақы, іскерлік жолсапарларды және бағдарламаны іске асыруға байланысты басқа да шығындарды қаржыландыруда болады.

Іс-шаралар

1. ЮНИСЕФ қызметкерлерінің посттары.
2. ОАҚР ішіндегі іскерлік жолсапарлар.
3. Шетелге іскерлік жолсапарлар.
4. Оқыту.
5. Операциялық шығындар.

Бағдарламаның бюджеті

Мың АҚШ долларында

| Жоба | | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқыту ортасын жақсарту | НР | 83.0 | 83.0 | 125.0 | 125.0 | 125.0 | 541.0 |
| | ҚР | 300.0 | 300.0 | 300.0 | 300.0 | 300.0 | 1500.0 |
| Ерекше қорғау шараларын қажет ететін балалар | НР | 55.0 | 55.0 | 75.0 | 75.0 | 75.0 | 335.0 |
| | ҚР | 150.0 | 150.0 | 150.0 | 150.0 | 150.0 | 750.0 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саясатты әзірлеу, өзара байланыс және төтенше жағдайларға дайындық | НР | 55.0 | 55.0 | 61.0 | 61.0 | 63.0 | 295.0 |
| | ҚР | .0 | .0 | .0 | .0 | .0 | .0 |
| Барлығы | НР | 193.0 | 193.0 | 261.0 | 261.0 | 263.0 | 1171.0 |
| | ҚР | 300.0 | 300.0 | 450.0 | 450.0 | 450.0 | 1950.0 |

НР - Негізгі ресурстар
ҚР - Қосымша ресурстар

Қазақстан Үкіметінің және басқа да ұйымдардың үлесі

Баланы жан-жақты дамыту мәселелері үкімет жұмысының артықшылықтарына кіреді. Үкімет Білім жөніндегі комитетке осы мәселелерді шешуге үлкен ресурстар береді. Қызметкерлердің жалақысына, бағдарламаны жергілікті жерлерде мониторингтеуге барлық шығындарды мемлекет төлейтін болады.

Бағдарламаға басқа да халықаралық ұйымдар, ұлттық институттар, сондай-ақ көпжақты және екіжақты ынтымақтастық жөніндегі серіктестер қатысады.

Жастардың әл-ауқаты жөніндегі бағдарлама

| Жасөспірімдердің өмір салты жөніндегі жоба | Балаларды қорғау және ювенальдық әділ сотты реформалау жөніндегі жоба | Саясатты әзірлеу, өзара байланыс және төтенше жағдайлар жөніндегі жоба |
|---|---|---|
| Өмірлік дағдыларды тәрбиелеу | Ювенальдық әділ сот | Саясат пен мониторингті әзірлеу, және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі жоба |
| Байланыс және жастардың БАҚ жұмысына қатысу | Мекемелерде ұстауға балама көзқарастар | |
| | | Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба |

Қысқаша шолу

Жастардың әл-ауқаты жөніндегі бағдарлама жасөспірімдерді қолдау, денсаулығын жақсарту, олардың ересек өмірге енуі мен азаматтық қалыптасуына қажет өмірлік дағдыларын дамытуға және өсіруге, 13 пен 18 жас аралығындағы балаларды қамти отырып, бағытталған. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі бағдарлама

шеңберінде ЮНИСЕФ қажетті медициналық қызметтерді жасөспірімдерге ұсынатын, өмірлік дағдыларды дамыту шараларын қамтыған жасөспірімдердің өмір қалпы жөніндегі жобалардың дамуын көтермелейтін болады. ЮНИСЕФ жасөспірімдердің өздерінің даму мәселелерін шешуге қатыса алатын механизмдерді жасауды қолдайтын болады. Сондай-ақ бұл Бағдарлама салауатты өмір салты жөніндегі мәліметтерді жариялауға және жасөспірімдердің кәсіби кеңесшілермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, ҮЕҰ-мен байланыс жасауға бағытталатын болады.

Осы мақсаттар үшін ЮНИСЕФ 985 мыңға жуық АҚШ долларын бес жылдық мерзім ішінде негізгі ресурстан және 2 млн 250 мыңға жуық АҚШ долларын, егер донор таба алса, қосымша ресурстан жұмсайды.

Ж а ғ д а й д ы т а л д а у

Қазақстанда 18 жасқа дейінгі 5 миллионнан астам балалар өмір сүруде, бұл республиканың барлық тұрғындарының 1/3 құрайды. Жас әлеуетпен жиналған бүгінгі тәжірибе өңірдің болашағын елеулі мөлшерде анықтайды, сондықтан да өтпелі кезеңнің жастарға ықпал етуін түсіну өте маңызды.

Бұрынғы Кеңес Одағының жаңа тәуелсіз мемлекеттерінде, оның ішінде Қазақстан да бар, тұратын жастардың проблемалары алуан түрлі. Олардың өмірлері үшінші мыңжылдық қарсаңында, олардың жасында өмір сүрген ата-аналарының және қазіргі таңда жастарға қатысты саясатты анықтайтын басқа да қоғамның ересек мүшелерінің өмірлерінен бөлек. Жастар отбасы өміріне қатты ықпал етіп, айлық мәселесінде қорғаусыз қалдыратын және де отбасында түңіліске сәйкес келетін экономикалық қиыншылықтармен иықтасуда. Олардың болашағы да қауіп туғызады, жұмысқа орналасуға деген сенімділік жоқ, университеттерде оқу енді жұмыс табуға кепіл болмайды және балалардың қазіргі тұрақсыз экономикалық жағдайда өз білгенінше өмір сүруі мүмкін деген ой да алаңдатады.

Экономикалық қиындықтар және либералдық реформаларды жақтаушылар тарапынан жасалатын қысым тұрғысында Қазақстанның Үкіметі кеңес уақытында болған: білімге, медициналық көмекке, демалысқа қол жеткізу, үй, жұмыс, әлеуметтік қорғалу кепілі және т.с.с. әлеуметтік игіліктер мен кепілдіктерден алыстап барады. Мұндай жағдай Қазақстанда кеңестен кейінгі қоғамды құруға қатысатын болатын жасөспірімдерге тікелей әсер етеді.

Үкімет қарауға белгілеген, төменде көрсетілген факторлар өтпелі кезеңнің жаңа, қиындатылған феномендерін көрсетеді.

Қауіп шекарасында мінез-құлық тұрғысынан әсер ету

Жыныс жолымен таратылатын аурулар (ЖЖТА) санының, ВИЧ/СПИД жағдайларының, жоспарланбаған екіқабаттылықтардың өсуі ішімдікке және токсикалық-есірткелік құралдарына құмарлық жасөспірімдердің дамуына тікелей әсер етпесе де, осы жаста соған себепкер болатын факторлар болуы және кейіннен үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Бұл ең қорғалмаған жастағы топ және мұндай мәселелерге дұрыс

көзқарас бұл проблемалар кейіннен тереңдетуін белгілеуге тиіс. Тек 1997 жылы Қазақстанда есірткілерді пайдаланатын 26 мың адам ресми тіркелген, алайда тіркелмеген есірткі пайдаланушылар көп. Есірткіні күре тамырына салу ВИЧ-инфекциясын жұқтырған адамдардың өсуіне ықпал етеді. Барлық ВИЧ-инфекцияланғандардың 71.2% 15 пен 30 аралығындағы жастар құрайды. 1997 жылы ЖЖТА ауруының деңгейі 1994 жылмен салыстырғанда 135 есеге өсті. Жастардың әл-ауқаты ерекше алаңдатушылық тудырады. Ішімдік пен есірткіні пайдалану жағдайының өсуіне байланысты өзіне қол салу жағдайлары өсті.

Заңмен конфликттегі жастар

Кәмелетке толмаған заң бұзушыларының саны - ерекше қам істеушілік болады және мұндай жастар тобына, сондай-ақ ата-анасынан айырылған балалар үшін үкімет еңбек және кәсіби дағдылар дамыту бойынша оқыту бағдарламаларын ұсынғысы келеді. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстардың өсуі байқалады. Кәмелетке толмаған заң бұзушыларына қатысты әділ сотты атқару және жасөспірімдерді түзеу мекемелерінде ұстау жүйесі туындаған реалийлерге нашар бейімделген. Жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сотты атқару жастар заңмен конфликтке түскен барлық жағдайлар ескерілмей ересек адамдарға қатысты жағдайларда жүргізіледі. Қолданылып жүрген әділ сот жүйесі негізінен жас заң бұзушысын ақтау мен оның істерінің жеке жағдайына әсер етудің орнына жазалау мен түзеу принципіне негізделген. Қамау орындарынан босап шыққан жасөспірімдер арасындағы қылмысты бірнеше рет қайталап жасау туралы мәселені қарау қажет.

Арнайы мекемелердегі жасөспірімдер

Ата-аналарының болмауына немесе қандай да бір басқа себептермен арнайы мекемелерге орналастырылған жасөспірімдер мен жастар жаңа ересек өмірін бастау үшін осы мекемелерден шығатын таң туып келеді. Қажетті қолдау мен өсиет айтусыз олар қылмыс топтарына, ішімдік пен есірткі пайдалануға оңай қосылып кетуі мүмкін.

Қазіргі кезде осы проблема бойынша ақпараттың жетіспеушілігі байқалады және мұндай мағлұматтарды жинау осы бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жасөспірімдердің проблемаларын шешуге арналған мекемелер

Қазіргі кезде жасөспірімдердің дамуына бағытталған және олардың қазіргі қажеттіліктеріне бейімделген әртүрлі іс-шаралар өткізуге арналған қауіпсіз орындардың жетіспеушілігі сезіледі. Кейбір ҮЕҰ-дар осы бағытта жұмыс істегісі келсе де, бұл әсіресе ауылдық жерлерде проблема болып қалып отыр.

1995-1999 жылғы ынтымақтастық

ЮНИСЕФ пен Қазақстан Үкіметі арасындағы 1995-1999 жылдар мерзіміндегі ынтымақтастық бағдарламасында бюджеттің тапшылығына байланысты кішігірім көлемде болса да ана мен баланың денсаулығын қорғауға, сумен қамтамасыз ету және санитарияға, Арал аймағындағы мектептерге оқулық құралдарын жеткізуге және баланың мүдделерін қорғауға қатысты мәселелер қаралған.

Қазақстан парламентарийлерінің Парламент аралық және ЮНИСЕФ 1997 жылы ұйымдастырған, Бала құқықтары жөніндегі конвенция (БҚК) мәселелері жөніндегі Ашгабат конференциясына қатысу балалардың мүдделерін қорғаудағы жұмыстың нәтижелілігіне әкелді. Заңдардағы қолданылып жүрген ережелер Конвенцияның ережелеріне сәйкес келтірілді.

Негіздеме

Ұсынылып отырған 2000-2004 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы жасөспірімдердің әл-ауқатына, оның дамуы мен қорғалуына байланысты негізгі проблемаларға бағытталған. Жастарға өтпелі кезең арқылы ересек өмірге жетуге көмектесе алатын бағдарламада нақты қажеттілік бар. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан балалар жаңа проблемаларға кездеседі, және оларға ата-аналарына қарағанда қолдау аз көрсетіледі. Жасөспірімдер - Қазақстанның болашақтағы ата-аналары, мұғалімдері мен саясаткерлері және олардың дағдылары мен білімдері сақталып дамығаны маңызды. Сонымен қатар, жасөспірімдердің осы бағдарламаның оны жоспарлау да және жобаларды іске асыру мәселелерінде де белсенді қатысушылары болғандары маңызды болып табылады.

Жасөспірімдердің денсаулығы мен дамуы

Жасөспірімдердің құқықтарына қысым жасамайтын жағдайларда олардың медициналық көмекке шектеулі түрде қол жеткізуі (жасөспірімдер мен жастарға жылы ықыласпен қарайтын медициналық мекемелер). Толық құпиялылық жағдайында жастарға арнайы қызмет көрсететін орталықтар құруда Денсаулық сақтау жөніндегі агенттік, Білім және ғылым министрлігі және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) арасындағы ынтымақтастық қажеттігі бар. Бүкіл халықтың, атап айтқанда жастардың арасында білімнің болмау нәтижесі ретінде ВИЧ/СПИД/ЖЖТА кең тарауының, есірткілер мен токсиндік құралдарды пайдаланудың айтарлықтай қаупі бар. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі қолданылып жүрген үкіметтік бағдарлама көбінен қауіп үстінде тұрған жасөспірімдер мен жастарға қатысты кеңейтілуге және бағытталуға тиіс.

Кәмелетке толмаған заң бұзушыларына қатысты әділ сотты атқару жүйесі

Қазіргі кезде осы проблема туралы мағлұматтар аз және мұндай ақпаратты жинау осы бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Үкімет үшін жүйенің өзін түсінуге жүйелі түрде көзқарас арқылы жасөспірімдер мен жастарды қорғауға әлеуметтік саясатты, заңдар мен бағдарламаларды жақсарту немесе әзірлеу бойынша шаралар қолдану үшін негіз құрылатын болады.

Әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайды өзгерту контекстінде жастардың әл-ауқаты мен дамуы мәселелеріне қатысты заң актілері мен заңға тәуелді құжаттарды жетілдіру қажет. Кезіндегі кеңес дәуірінде қабылданған, кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сотты атқару жүйесінің ережесіне сәйкес келмейтін кейбір заңдар мен

заңға тәуелді актілер осы уақытқа дейін қолданылып жүр.

Жасөспірімдер мен жастарға психологиялық және отбасылық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін балалар үйлерінде, түзеу және басқа да мекемелерде жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің біліктілігін көтеру қажет. Сонымен қатар, жастарға мінез-құлық сипатындағы проблемаларында көмек көрсету және оларды арнайы мекемелерде болудан аман алып қалу үшін психологиялық-әлеуметтік дамыту, бала құқықтары, алдын алу және ақтау шаралары мәселелері бойынша әлеуметтік қызметкерлерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, заңгерлерді және басқа да мамандарды оқыту қажеттілігі бар.

### Арнайы қорғау шараларын қажет ететін балалар

Қауіп үстінде жүрген (яғни көшедегі балалар; заңмен конфликтте болатын; қамаудағы; сексуалдық жағынан пайдаланылып жүрген; күштеп жұмыс істеп жүрген; есірткі және басқа да токсиндік құралдарды пайдаланып жүрген және т.с.с. балалар) балалар туралы мағлұматтар немесе өзге де ақпарат жоқ. Проблеманың маңыздылығы мен оның көлемін түсінуге, сондай-ақ оны шешуге көзқарастар әзірлеуге негіз жастармен жұмыс жасайтын ұйымдардың қатысуымен мағлұматтар жинау мен оларды талдау болып табылады.

### Жастардың қатысуы

Қазіргі кезде жастардың форумы немесе баланың құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселелер бойынша жастар арасында тәжірибе және пікір алмасудың басқа да тәсілдері жоқ. Бұл модель олардың потенциалдарын толық дамытуға жемісті негізді қамтамасыз ететін ересектердің қатысуымен жастар форумы ретінде болады.

### Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның мақсаты ересек өмірге және өз балаларын нәтижелі тәрбиелеуге қауіпсіз өтуі туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызатын ақпарат пен қызметтерге жастардың қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, білім алуы және қорғалуы мәселелері жөніндегі жастардың өз көзқарастары мен пікірлерін білдіру құқығын қамтамасыз ету. Заңмен конфликтте түсетін жастардың көмекке құқығын қамтамасыз ету.

### Бағдарламаның міндеттері

1. Ювенальдық әділ соттың формалдық жүйесінен өтетін жастардың санын қысқарту және заңмен конфликтте болатын және бас бостандығынан айырылған балалар туралы ережелерге қажетті өзгерістер енгізуді қолдау.
2. Балаларды арнайы мекемелерге орналастыруға жол бермеуге жәрдемдесетін және ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды әлеуметтік интеграциялауды қолдайтын балаларды қорғау жүйесін қолдап дем беру.
3. Жастардың денсаулығын, дамуын, қорғалуы мен қатысуын көтермелеудегі үкіметтің, ҮЕҰ-дың, жергілікті өкіметтің және азаматтық қоғамның күш салуын қолдау
.

4. Жастардың салауатты өмір салты және СПИД/ВИЧ, күре тамырға есірткі салу мәселелеріндегі хабардарлылығының деңгейін көтеру.

5. Жастардың әлеуметтік, эстетикалық, спорттық және азаматтық қызметке қатысуын қолдау, бұл олардың моралдық, дене және интеллектуалдық мүмкіндіктерін толыққанды дамытуға, кейіннен толыққанды азаматтығына әкеледі.

Бағдарламаның стратегиясы

ЮНИСЕФ үкіметтің, ҮЕҰ-ның, жергілікті өкіметтің және азаматтық қауымдастықтың жастардың денсаулығына, дамуына қорғалуы мен қатысуына бағытталған күш салуын қолдайтын болады. Бала құқықтары жөніндегі конвенция жастардың мүдделерін қозғайтын проблемаларға уақытылы және дұрыс жауап беру үшін барлығын қамтитын, көптәртіптік стратегия әзірледі.

Жастардың қатысуы

Бұл бағдарлама бағдарламаны жоспарлау, іске асыру мен мониторингінің барлық сатыларында жасөспірімдер мен жастардың, ҮЕҰ-дың және халық топтарының қатысуына ерекше маңыз жүктейтін болады. Жастардың үлесі олардың қажеттіліктеріне қол жетерлік түрде жауап беретін бағдарлама қызметін дамыту мен қолдаудағы негізгі сәт болады.

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ арнайы мекемелерде ұстау, ювенальдық әділ сот, мемлекеттік қызметшілер мен ҮЕҰ қызметкерлерін оқыту мен тренинг сияқты әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсартуда қолдау көрсетеді.

Мүмкіндіктерді жақсарту

Бағдарлама балаларды қорғау, жастардың денсаулығы мен дамуы мәселелерінде профессионалдар мен басқа да қызметкерлерді оқытуға бағытталатын болады. Оқыту мен техникалық көмектесу жөніндегі іс-шараларды ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігі жоспарлап үйлестіретін болады. Қауіп тобы жастарымен жұмыс жасайтындар үшін " тең-теңге" (Peer Education) жүйесімен оқытуға артықшылық берілетін болады. Ұлттық серіктестердің де, техникалық институттардың да мүмкіндіктері күшейетін болады.

Мақсаттық топтардың ролін күшейту

Жастардың өз қажеттіліктерін шешуге белсенді қатысуы үшін ролін күшейту жастарға ересек өмірге өту кезінде көмектесетін негізгі сәт болады. Сонымен қатар, жастардың өз проблемаларына қатысты шешімдер қабылдау процесіне қатыса алатындығы да маңызды.

Балалар мен жасөспірімдердің мүдделерін қорғау

ЮНИСЕФ жастарды дамытуға қатысты мәселелерді шешуді қолдауда қолайлы жағдай жасауды насихаттайтын болады. Жасөспірімдер арасында білімдерін жақсарту жөніндегі кампаниялар ақпаратты жинау мен талдауды, байланыстық және білім

берушілік материалдарды әзірлеуді қамтитын болады. ЮНИСЕФ парламентарийлермен, жоғары деңгейдегі мемлекеттік қызметшілермен, ҮЕҰ және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас жасайтын болады.

Бағдарламаның ауқымы және көмек алушылар

Бағдарламаның негізгі іс-шаралары қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер енгізуге, жаңа көмек көрсету стандарттарын белгілеуге, отбасылық қолдау жүйесінің ролін күшейтуге және әлеуметтік саладағы қызметкерлерге оқытушы бағдарламалар дамытуға сәйкес ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын болады. Қосымша ұлттық деңгейде жұмыс істеу үшін (облыста немесе ауданда) жастар тобы іріктелетін болады. Отбасының орташа кірісі, жұмыссыздық деңгейі, қауіп тобының болуы, потенциалдық серіктестерді (әсіресе ҮЕҰ) және халықаралық агенттіктерді тарту сияқты факторларды назарға ала отырып, мұндай облыстар мен аудандарды іріктеу критерийлері әзірленеді. Ювенальдық әділ сот және балаларды қорғау жөніндегі жобалар заңмен конфликтте жүрген жасөспірімдермен, жас құқық бұзушылармен, қауіп тобының жасөспірімдерімен және мүмкіндіктері шектеулі балалармен жасалатын жұмысқа бағытталатын болады. Алматы, Астана, Теміртау (Қарағанды облысы) қалалық аудандарының жастарына ерекше назар аударылатын болады.

Жасөспірімдік өмір салты жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері:

1. Жыныстық жолмен таратылатын аурулар, соз аурулары/СПИД, күре тамырға есірткі салу, сондай-ақ басқа да психотроптық құралдарды пайдалану қаупінен өз-өзін қорғау шараларымен таныстыру мақсатымен жастардың салауатты өмір салты туралы хабардарлылығын көтеру.

2. Жастардың құқықтары туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және олардың осы құқықтарды іске асыру мен қорғауға толық қатысуын қамтамасыз ету.

3. Жастарды байланыста, өзінің жеке басының жағдайын бағалауды және проблемаларын шешуде негізгі дағдылармен қамтамасыз ету.

4. Балалар мен жастар өздерінің дамуы мен қорғалуына байланысты ақпараттық материалдарға қол жеткізе және оларды әзірлей алатын жастар ақпараттық орталықтарын құруды қолдау.

5. Денсаулыққа, дамуға, құқықтар мен болашаққа үмітпен қарауға қатысы бар мәселелермен қатар жастарды алаңдататын/қызығушылығын тудыратын мәселелерді талқылау үшін олардың кездесулерін еркін қауымдастық жағдайында өткізу мақсатында жастар тобына жағдай жасау.

6. Өз проблемаларына қатысты шешімдер қабылдауға қатысу дағдыларын дамытуда жастарға көмектесу.

Жобаның стратегиясы

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ негізгі қажетті заттар мен құралдар жеткізу арқылы жастарға орталықтар ұйымдастырудағы үкіметтің ниетін қолдайды.

Қ а т ы с у

Жоба жобаны дамыту мен басқару барысында жастардың құқықтарын қолдау мен қорғау үшін үкіметпен, ҮЕҰ-мен және жастар тобымен тығыз байланысты білдіреді. Салауатты өмір салты жөніндегі іс-шараларды көтермелеу бұқаралық ақпарат құралдарының алуан түрлі арналары, жастар ұйымдары мен азаматтық қоғамдастық арқылы ақпарат тарату жолымен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес өтетін болады.

М ү м к і н д і к т е р д і   к ү ш е й т у

Білім беру және денсаулық сақтау қызметкерлерінің салауатты өмір салты және жастардың өз проблемаларын өздері білдіру мәселелеріндегі мүмкіндіктерін күшейту.

М ү д д е л е р д і   қ о р ғ а у

ЮНИСЕФ жастардың проблемаларына қатысты шешімдер қабылдаған кезде ескеру үшін жастардың көзқарастары мен пікірлерін назарға алуды насихаттайтын болады. Салауатты өмір салты жөніндегі іс-шараларды көтермелеу бұқаралық ақпарат құралдарының алуан түрлі арналары, жастар ұйымдары мен азаматтық қоғамдастық арқылы ақпарат тарату жолымен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес өтетін болады.

С е р і к т е с т е р

Осы жобаны іске асырудағы ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері жастар топтары, жастармен жұмыс жасайтын ҮЕҰ, Қазақстан республикасының Денсаулық сақтау жөніндегі агенттігі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ұлттық орталық, Білім және ғылым министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия болады. Жоспарлау , мониторинг және іске асыру барысында ЮНАЙДС, ЮНЕСКО және БҰҰ-ның басқа да агенттіктері, ҮЕҰ және донорлар тартылатын болады.

Жобаны басқару

Жобаларды іске асыруды ЮНИСЕФ-пен қарым-қатынаста республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдері, жастар топтары мен ҮЕҰ жүзеге асыратын болады. Жоба жөніндегі үйлестіру тобы жобаны жоспарлау, мониторингтеу және бағалау барысына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын болады. Топ ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігі, Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, үкімет өкілдерінен, БҰҰ-дың мүдделі агенттіктері өкілдерінен және қатысушы министрліктердің сарапшыларынан тұратын болады.

Көрсеткіштер

Ықпал ету көрсеткіштері

- ВИЧ/СПИД және басқа да ЖЖТА-мен инфекцияланған жастардың саны
- Есірткі пайдаланатын жастардың саны

- Жастардың, репродуктивтік денсаулық, ЖЖТА, есірткілік мәселелерін білу деңгейі

- Жастардың құқықтар мәселелеріндегі білім деңгейі.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Өмір дағдылары жөніндегі шағын жоба

- Базалық зерттеу жасалды
- Оқытушы материалдар әзірленді
- Оқытушы материалдар таратылды
- Үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданатын, оқытылған құрдас тренерлердің (peer edbcators) саны
- Жастар орталықтарының саны.

Байланыс және жастардың БАҚ жұмысына қатысуы

- БАҚ үшін өткізілген оқыту семинарларының саны
- Құрылған жастар форумдарының саны
- Жұмыс істеп жүрген жастар ұйымдарының саны
- Дайындалған материалдардың саны мен мазмұны
- Үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданып жүрген, оқытылған еріктілердің саны
- Бала құқықтары жөніндегі радио- және теледидар бағдарламаларының саны.

Мониторинг және бағалау өткізу механизмі

Мониторинг және бағалау өткізу механизмі әзірленеді. Жобаны орындау мониторингі жергілікті жерлерге бару арқылы, сондай-ақ серіктестермен үйлестіру және стратегиялық барулар арқылы жүзеге асырылатын болады. Қажеттіліктерді анықтау және іс-шаралар мониторингі үшін жастардың ҮЕҰ және жастар орталықтарының жұмысына қатысуы көтермеленетін болады.

Өмір дағдыларын тәрбиелеу және жастарды құрдастарының оқытуы жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Үкіметпен және БҰҰ агенттіктерімен (БҰҰ-ның СПИД/ЮНАЙДС, ПРООН және ЮНЕСКО жөніндегі бағдарламасы) үйлестіре отырып, қауіп топтарының жағдайын бағалау күре тамырға салынатын есірткі және көшедегі балалар жөнінде базалық зерттеулер (білім-қатыс-практика және тез бағалау процедуралары түріндегі зерттеулер) өткізу.

2. Жоғары қаупі бар жерлердегі жастармен жұмыс істейтін мамандардың, мәселен, оқытушылардың, жастар орталықтары қызметкерлерінің, еріктілердің ерекше топтары үшін оқытушы материалдар пакетін әзірлеу.

3. СПИД-ВИЧ, ЖЖТА, репродуктивтік денсаулық, тамақтану, есірткелік, ішімдікке жақындық, шылым шегушілік, гигиена және жоспарланбаған екіқабаттылық мәселелері жөнінде ақпараттық-білім берушілік пакет әзірлеу мен тарату (ЮНИСЕФ, ВОЗ,

ЮНФПА, ПРООН, СПИД жөніндегі БҰҰ Бағдарламасы/ЮНАЙДС).

4. Жұмыс істеп жүрген жастар және жастарға достықпен қарайтын басқа да орталықтарын/мекемелерін ашу және/немесе қолдау.

5. Жастар орталықтары, мектептер мен қосымша жастар жобалары сияқты әртүрлі мекемелерде жастарды өз құрдастарын оқыту үшін оқытушылар ретінде үйретуді өткізу.

6. Ұлттық Салауатты өмір салты жөніндегі бағдарлама контекстінде өмір дағдыларын мектеп бағдарламасына (бастапқы білім беру) және мектеп қабырғасынан тыс (жастар орталықтарында немесе ұйымдасқан жасөспірімдер топтарында) үйретуді енгізу.

7. Қауіп, репродуктивтік денсаулық мәселелері бойынша кеңес беру және соз аурулары/СПИД/ЖЖТА жөніндегі білім деңгейін көтеру жағдайларында өмір дағдыларын дамыту жөніндегі ҮЕҰ мен үкіметтің іс-шараларын қолдау, өз капиталын жинау дағдыларына үйрету.

8. Қауіп жағдайларында жастарға қоғам бағдарламаларын жүргізуде тәжірибе алмасу жөнінде ҮЕҰ жүйесі мен форумдардың іс-шараларын қолдау.

9. Өзін шығармашылық жағынан білдіру және қажеттіліктерді қанағаттандыруға қол жеткізу мен қатысуға кепіл беретін әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жасөспірімдерге орталықтар құруға ықпал ету.

Байланыс және жастардың БАҚ-мен жасалатын жұмысқа қатысуы жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. БАҚ журналистерін бала құқықтары және жастардың өмірлеріне әсер ететін мәселелер бойынша шешім қабылдау процестеріне қатысу мәселелерінде оқытуды қаржыландыру.

2. Тәуелсіз және формалды емес процесс ретінде Жастар форумын және жастардың бас қосуы және олардың өміріне тікелей әсер ететін мәселелерді талқылауы үшін орындар құру.

3. Жастар орталықтарын немесе ҮЕҰ басқаратын қолданылып жүрген бағдарламаларды тарту жолымен жастар ұйымдары мен клубтарын ұйымдастыруда көмектесу. Жастардың аудио-визуалдық бағдарламалар, баспа өнімдерін, шолулар және т.с.с. құруы көтермеленетін болады.

Ювенальдық әділ сот реформалары және балаларды қорғау жөніндегі жоба

Жобаның міндеттері

1. Қылмыстың алдын алуды қоса отырып, жасөспірімдер мен жастар арасында заң бұзудың алдын алуды қолдау.

2. Жас заң бұзушыларын қорғауға тартылған әртүрлі секторлар арасындағы диалогқа жәрдемдесу.

3. Түзеу юстициясы мен заң бұзушыларды әлеуметтік интеграциялауға назар аудару.

4. Күнделіктіге ұқсамайтын әділ сотты атқару жүйесін көтермелеу.
5. КПР-ді және ювенальдық әділ сот жөніндегі басқа да халықаралық актілерді іске асыру мәселелерінде заңды және құқық қорғау қызметтері профессионалдарының білімдерін күшейту.
6. Бас бостандығынан айыруды ең соңғы шара ретінде қолдануды көтермелеу.
7. Кәмелетке толмаған заң бұзушыларының санын азайту жөніндегі іс-шараларды қолдау.
8. Бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған заң бұзушыларын жазалаудың баламалық шараларын шығаруда қолдау.
9. Балалардың ұзақ мерзімді арнайы мекемелерде болу мерзімдерін төмендету мен оларды отбасы, приюттар, отбасылық үйлерге қайта интеграциялау практикасымен алмастырудағы үкімет пен ҮЕҰ-дың күш салуын қолдау.
10. Балалармен жұмыс істейтін ҮЕҰ-дың, үкіметтің, жергілікті билік органдары мен министрліктердің саясаткерлерімен байланыс құру жөніндегі жүйесін күшейту.

Жобаның стратегиясы

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

ЮНИСЕФ баланың құқықтары танылу және қорғалу үшін балалар мен жасөспірімдерді ұстау орталықтарындағы, сондай-ақ арнайы мемлекеттік ұйымдардағы жұмыстың деңгейі мен сапасын жақсарту мәселелері жөнінде үкіметпен және ҮЕҰ-мен жұмыс істейтін болады.

Мүмкіндіктерді күшейту

Бағдарлама шеңберінде кәмелетке толмаған заң бұзушыларымен жұмыс істеудің жаңа әдістерін қабылдау мен тестілеуде үкімет пен ҮЕҰ ролі мен мүмкіндіктері күшейтілетін болады. Қауіп аймағындағы жекелеген аудандардың/облыстардың әлеуметтік қызметін оқыту сапасын жақсарту арқылы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің отбасыларына қоғамдық қызмет көрсетуі түрінде қолдауды күшейту. Қамқоршылық және т.б. туралы істерде үкімдерді басқару бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде үкімет пен ҮЕҰ қолдау көрсету жоспарланып отыр.

Балалардың мүдделерін қорғау

ЮНИСЕФ балалардың құқықтарын насихаттау саласында заңдар мен практиканы жетілдіруді насихаттайтын болады. Пилоттық негізде үйсіз балалар мен жасөспірімдерге, әйелдер мен олардың балаларына қауіпсіз орындар ұйымдастыруға, " қызу желістер" мен дағдарыстық орталықтар құруға, сондай-ақ мүгедек балаларды үйлерде күтуді көтермелеуге қолдау көрсетілетін болады. ЮНИСЕФ кәмелетке толмаған сотталушыларды, көшедегі балалар мен мүгедек балаларды ұстау жағдайларын жақсарту және заңдар реформасы, ювенальдық әділ сот туралы заңдар жобаларын жазу мәселелерінде үкімет пен ҮЕҰ-дың, үкімдерді басқару жөніндегі

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде ҮЕҰ-дың күш салуларын қолдау саласында жұмыс істейтін болады.

С е р і к т е с т е р

Осы жобаны іске асыруда ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері жастар топтары, ҮЕҰ, Парламент, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жөніндегі агенттігі, Білім және ғылым министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы мен әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия болады. ЮНИСЕФ БҰҰ-дың мүдделі агенттіктерімен және басқа да донорлармен қарым-қатынас жасайтын болады.

Ж о б а н ы     б а с қ а р у

Жобаларды іске асыруды ЮНИСЕФ-пен қарым-қатынас жасап республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдері, Жоба жөніндегі үйлестіру тобы жобаны жоспарлау, мониторингтеу және бағалау процесін бақылауды қамтамасыз ету мақсатымен құрылатын болады. Топ ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігі, Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, үкімет өкілдерінен, БҰҰ мүдделі агенттіктерінің өкілдерінен және қатысушы министрліктердің сарапшыларынан тұратын болады.

Көрсеткіштер

Ықпал ету көрсеткіштері

- Жынысы мен жасы бойынша арнайы мекемелердегі 13-18 жас аралығындағы жастардың сан көрсеткіші
- Бір жылда тасталған балалардың саны
- Бір жылда пилоттық облыстарда приюттерге орналастырылған балалардың саны
- Жай мектептерге баратын мүгедек балалардың саны
- Заңды бұзған балалардың саны
- Заңды алғаш рет бұзған жасөспірімдер үшін соттың баламалық шешімдерінің саны.

Нәтижелілік көрсеткіштері

Ювенальдық әділ сот жөніндегі шағын жоба

- Заңмен конфликттегі кәмелетке толмағандар туралы базалық зерттеулер өткізілді
- Өткізілген семинарлардың саны
- Үйренген дағдыларды іс жүзінде қолданатын, оқытылған мамандардың саны
- Оқытушы материалдар әзірленді
- Әзірленген және берілген материалдардың саны
- Кәсіби оқытумен қамту
- Кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың маңыздылығын шолу және қайта бағалау.

Мекемелерге ұстауға баламалық көзқарастар

- Базалық зерттеулер өткізілген
- Балаларды отбасында ұстауға қажетті ресурстар және арнайы

мекемелерде ұстау өзгешелігі туралы зерттеулер жүргізілді

- Өткізілген оқытушы семинарлардың саны

- Үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданатын, оқытылған мамандардың саны, олар қандай ұйымдардан, деңгейі.

Мониторинг пен бағалау механизмі

Мониторинг пен бағалау механизмін жүзеге асыру аймақтық деңгейде үйлестірілетін болады. Жобаны орындау мониторингі жергілікті жерлерге бару, сондай-ақ стратегиялық барып-келулерді серіктестермен үйлестіру арқылы жүзеге асырылатын болады. Жобаны іске асырудың алғашқы кезеңдері мағлұматтарды жинауды жақсарту жөніндегі үкіметтің жұмысына бағытталатын болады.

Ювенальдық әділ сот жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Заңмен конфликттегі кәмелетке толмағандар бойынша зерттеулер мен талдау жүргізу.

2. Ювенальдық әділ сот процесінің шектеулерін және халықаралық пакеттердің негізгі ережелері кіретін, түгел қамтитын көзқарастарын анықтау үшін мульти-тәртіптік дөңгелек столдар ұйымдастыру (Эр-Рияд, Пекин және ЖДЛ).

3. КПР ережелері және ювенальдық әділ сот стандарттары бойынша үкіметпен ақпарат алмасуға жәрдемдесу.

4. Жасөспірімдер қылмыстарын жазалау түрлеріне баламалық көзқарастар тиімділігін көрнекілік түрде көрсету мақсатымен шетелдік сот және заңдардың сақталуын бақылаушы мамандармен практикалық тәжірибемен алмасу.

5. Кәмелетке толмағандарды және ерекше қорғау шараларын қажет ететін балаларды құқықтық қорғау жүйесінде мағлұматтар жинау мен мониторинг жүйесін жақсарту.

6. Заң бұзу қауіптілігін және соған сәйкес жазалаудың қаттылығын қайта қарау процесін көтермелеу.

7. Балалар құқықтары, баламалық жазалау шаралары, қылмыстың алдын алу, ақтау бойынша, сондай-ақ жастардың қылмыстары туралы мәселеге мульти-тәртіптік көзқарас бойынша жастармен жұмыс істейтін милиция қызметкерлері, заңгерлер, айыптау және қорғау өкілдері тарапынан сот қызметкерлері, судьялар, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау орталықтарының әкімшілік персоналы үшін оқытушы бағдарламалар әзірлеу.

8. Стандарттарды сақтау мен алға қойылған мақсаттарға жету тұрғысында проблемаларды талқылау үшін үкіметтің қатысушы департаменттері мен ҮЕҰ арасындағы ұлттық және жергілікті деңгейлерде мезгілді кездесулер өткізу.

9. Мекемелерде ұстауды жақсарту және босағаннан/шыққаннан кейін өмірге дайын болу мақсатында әзірленген ҮЕҰ-дың бастамаларын қолдау.

10. Пилоттық облыстарда алғаш рет заң бұзған кәмелетке толмағандарды және

мекемелерде ұсталғаннан кейін шыққан жасөспірімдерді оқыту өткізуде үкіметті көтермелеу.

11. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау сияқты салаларда халықаралық стандарттар мен халықаралық тәжірибенің мысалдарын қазақ және орыс тілдерінде жариялау.

Арнайы мекемелерде ұстаудың баламалық әдістері жөніндегі шағын жоба

1. Арнайы мекемелерге орналастырылу қаупі бар кәмелетке толмағандар бойынша зерттеулер мен талдаулар өткізу.

2. Бұдан әрі өз отбасында тұра алмайтын балалардың жағдайын және отбасылық күтім деңгейін талқылау бойынша кездесулер өткізуде үкіметті қолдау.

3. Балаларды отбасында ұстауға қажетті ресурстар және арнайы мекемелерде ұстау құнының айырмашылығы туралы зерттеулер өткізуді қолдау.

4. Арнайы мекемелерде ұзақ уақыт ұсталатын балалардың санын төмендетуге және әрбір интернаттағы балалар үйлеріндегі балалалардың санын азайтуға әкелетін Үкімет пен ҮЕҰ бастамаларын қолдау.

5. Заң актілерін әзірлеушілер үшін семинарлар өткізу және заңдарға тиісті өзгерістер енгізген елдерге тәжірибе алмасу үшін сапар шегу, сондай-ақ арнайы мекемелерде ұстаудың жекелеген мәселелері бойынша ҮЕҰ форумын қолдау.

6. Балалар үйлері қызметкерлерін оқыту арқылы балалардың психикалық-әлеуметтік дамуын жақсарту бойынша шаралар енгізуді қолдау.

7. Масштабтарды қысқарту және балаларды пайдаланудың алдын алу бойынша шешім қабылдайтын мамандар, еріктілер мен саясаткерлер үшін семинарлар өткізу ( баланың құқықтарын қорғау мәселелері).

8. Жергілікті билік органдарына интеграцияланған қызметтер әзірлеу бойынша стратегиялық жоспар әзірлеуге мүмкіндік беру үшін мүгедек балалар құқықтары бойынша семинар ұйымдастыру.

9. Жай мектептерде мүгедек балаларды оқыту мәселелер бойынша мектеп директорларын оқыту.

Саясатты әзірлеу, өзара байланыс және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі жоба

Жобаның мақсаттары мен міндеттері

1. Жағдайға талдау және базалық зерттеулер жүргізу.

2. Тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес есеп берушілік бойынша міндеттерді орындауды қолдау үшін техникалық консультациялар өткізу.

3. Саясатты, сондай-ақ салауатты өмір салты ювенальдық әділ сот реформасын және баланың құқықтарын қорғау саласындағы коммуникациялық іс-шараларды

талдауды және дамытуды қолдау.

4. Жастардың құқықтарына жауап беретін төтенше жағдайларға дайындық бойынша бастамаларды дайындауды қолдау.

Жобаның стратегиялары

Осы жоба әр бағдарламада саясаттың әртүрлі салаларына ерекше назар аудара отырып, барлық үш бағдарламамен үндеседі. Жастардың әл-ауқаты жөніндегі бағдарламаға келетін болсақ, салауатты өмір салтын және ювенальдық әділ сотты қалыптастыру мәселелерін басшылыққа алатын болады.

Ерекше әлеуметтік қызмет көрсетуді қолдау

Төтенше жағдай пайда болған кезде ЮНИСЕФ өзі әсер ететін денсаулық сақтау қызметтерін көрсетуді қолдайтын болады.

Мемлекеттің мүмкіндіктерін күшейту

Жетілдірілген бастапқы ақпарат, басқа елдер жинаған тәжірибемен алмасу, саяси шешімдер арқылы жүйе қызметкерлері мен шешім қабылдайтын саясаткерлер ювенальдық әділ сот пен балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін жақсы қарай алатын болады.

Балалардың құқықтарын қорғау

ЮНИСЕФ заңмен конфликттегі балалардың барлық қажеттіліктері мен құқықтарын қорғайтын және балаға бейімделген оқыту ортасын құратын болады.

Негізгі серіктестер

Осы жобаны іске асыруда ЮНИСЕФ-тің негізгі серіктестері Білім және ғылым министрлігі, оның құрылымдары мен институттар, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қолдау министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия және Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары жөніндегі ұлттық орталық болады. Жобаны жоспарлау, мониторингі және іске асыру процесіне ЮНАЙДС, ЮНЕСКО және БҰҰ-дың басқа да агенттіктері, жастармен жұмыс істейтін ҮЕҰ және донорлар тартылатын болады.

Жобаны басқару

Жобаларды іске асыруды ЮНИСЕФ-пен қарым-қатынас жасай отырып, республикалық және жергілікті басқару органдарының өкілдері жүзеге асырады, Жоба жөніндегі үйлестіру тобы жобаны жоспарлау, мониторингі және бағалау процесін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын болады. Топ ОАҚР-дағы ЮНИСЕФ Өкілдігі, Астанадағы ЮНИСЕФ Өкілдігі қызметкерлерінен, үкімет өкілдерінен, БҰҰ мүдделі агенттіктерінің өкілдерінен және қатысушы министрліктердің сарапшыларынан тұратын болады.

Көрсеткіштер

Нәтижелілік көрсеткіштері

- Жағдайға талдау және басқа да зерттеулер жүргізу
- ОАҚР-да Жастар форумын құру
- Балалардың құқықтарын қорғау форумын құру
- Шығарылған байланыс материалдардың саны мен түрі
- Қажет болған жағдайда байланыс іс-шараларының ықпал етуі жөніндегі зерттеулер

- Төтенше жағдайларға дайындық жоспарларын құру.

Саясатты дамыту, өзара байланыстар және төтенше жағдайларға дайындық жөніндегі шағын жоба

Іс-шаралар

1. Жағдайға талдау жасау және балаларды қорғау секторында саясатты дамытуды көтермелеу.

2. Білім беру реформасын іске асыруға қатысу.

3. ОАҚР-да Жастар және балалардың құқықтарын қорғау форумына қатысуда мүдделілік деңгейін зерттеу. Егер жүзеге асырылатын болса, осындай форум құру.

4. Бағдарламалық материалдармен қамтылатын тақырыптық облыстар шеңберіндегі мейлінше жалпы сипаттағы байланыс іс-шараларын қолдау.

5. Елдегі жағдайға сәйкес төтенше жағдайларға қажетті дайындықты қолдау.

Бағдарламаны қолдау жөніндегі шағын жоба

Осы шағын жоба ынтымақтастықтың барлық үш бағдарламасында болады және оның негізгі мақсаты ЮНИСЕФ қызметкерлеріне жалақыларын, іскерлік жолсапарларды және бағдарламаны іске асыруға байланысты басқа да шығындарды қаржыландыруда.

Іс-шаралар

1. ЮНИСЕФ қызметкерлерінің посттары.
2. ОАҚР арасындағы іскерлік жол жүрулер.
3. Шетелге іскерлік жол жүрулер.
4. Оқыту.
5. Операциялық шығындар.

Бағдарламаның бюджеті

Мың АҚШ долларында

| Жоба | | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жасөспірімдік өмір салты | НР | 60.0 | 60.0 | 60.0 | 60.0 | 60.0 | 300.0 |
| | ҚР | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 1000.0 |
| Балаларды қорғау және ювенальдық | НР | 52.0 | 52.0 | 52.0 | 52.0 | 52.0 | 260.0 |
| | ҚР | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 200.0 | 1000.0 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| әділ сотты реформалау | | | | | | | |
| Саясатты әзірлеу, өзара байланыс және төтенше жағдайларға дайындық | НР | 85.0 | 85.0 | 85.0 | 85.0 | 85.0 | 425.0 |
| | ҚР | 50.0 | 50.0 | 50.0 | 50.0 | 50.0 | 250.0 |
| Барлығы | НР | 197.0 | 197.0 | 197.0 | 197.0 | 197.0 | 985.0 |
| | ҚР | 450.0 | 450.0 | 450.0 | 450.0 | 450.0 | 2250.0 |

---

НР - Негізгі ресурстар
ҚР - Қосымша ресурстар

Қазақстан Үкіметінің және басқа да ұйымдардың үлесі

Үкімет және үкіметтік емес ұйымдардан серіктестер қажетті серіктестердің болуын және оларға жалақы төлеп беруді, үй-жайларды, материалдарды/құралдарды, техникалық тәжірибені және бағдарламаны басқару мен орындауды қолдауда оларды операциялау мен қолдауға қорларды қамтамасыз етеді. Үкімет/ҮЕҰ-дан серіктестер жергілікті жерлерде бағдарламаны орындауға қажетті материалдар мен құралдарда ел ішінде тасымалдаудың, сақтау мен үлестірудің барлық түрлері үшін жауап береді. Бұл жауапкершілікке, егер жеткізілім жеткізу портында белгіленген уақытта кедендік тазартудан өтпесе, кедендік тазарту мен тоқтап тұру бойынша шығындар төлеу кіреді. Бағдарламаға көпжақты және екіжақты ынтымақтастық жөніндегі басқа да ұйымдар мен серіктестіктер қатысады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК